

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР МЕН СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА ӨТКЕН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ
АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАСТАУЫ»**



Алматы 2019

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі Басқарма
«Нұр Отан» партиясының Алматы қаласы Бостандық аудандық филиалы
Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы**

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ
АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАСТАУЫ»**

(Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы 21
қараша 2019 ж.)

**«ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ
ОСНОВА НАЧАЛ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ»**

(Сборник материалов республиканской научно-практической конференции 21
ноября 2019 г.)

**«SPIRITUAL MODERNIZATION: THE BEGINNING OF NATIONAL
VALUES FOR UNIVERSAL HUMAN VALUES»**

(A collection of materials republican scientific-practical conference
21 nov 2019)

Алматы 2019

УДК 378: 323/324(574)
ББК 74.58:66.3(5Каз)
Д85

Редакционная коллегия: Сарсенбекова Г.А., Абдисулейменова Р.Ш., Нуртазаева А.Б., Төленді О.М., Сәрсембекова М.М.,

Ответственный редактор
Г.А. Сарсенбекова

Ответственный секретарь
А.Б. Нуртазаева

**«ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ: НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ
ОСНОВА НАЧАЛ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ» :**

Сборник материалов республиканской научно-практической конференции 21 ноября 2019 г. – Алматы: ИП Жунусов, 2019. - ____ с.

ISBN 978-601-7068-83-7

Сборник содержит тексты выступлений докладчиков на республиканской научно-практической конференции. Материалы освещают приоритетные направления программы «Рухани жаңғыру», акцентируют внимание на актуальных проблемах изучения национальной истории и духовной культуры в русле современных парадигм гуманитарных наук.

Издание адресовано исследователям, преподавателям и студентам, а также всем, кто интересуется актуальными тенденциями модернизационного развития гуманитарных направлений.

УДК 378: 323/324(574)
ББК 74.58:66.3(5Каз)

ISBN 978-601-7068-83-7

© КазИТУ, 2019

«Ұлттық құндылықтар – өркениет кеңістігі»

Гүлнар Сәрсенбекова
қауымдастырылған профессор, ҚазИТУ

Бүгінгі қоғамда адамның басқалармен дұрыс қарым-қатынасы – жетістікке жетуде үлкен рөл атқарады. Ол үшін өзінің қандай адам екендігін білу үшін рухани этнографияны терең зерттеу керек екендігін көптеген ғалымдар айтып та жазып та жүр.

Мысалы, көрнекті жазушы тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәнік: қазақ қоғамының өзіндік өзгеше жүйелері бар, олар рулық жүйе, туыстық жүйе, отбасылық жүйе, т.б. болып бөлінетіндігін айтып «біздің халқымыз отбасы деген сөзді «семья, «түтін» деп әртүрлі атап келеді », дейді. Бұл арада ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов: «Отан отбасынан басталады. Отбасын ұйымдастырған және оған ие болған – әйелдер қауымы», деген тамаша тағылымын «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген даналық оймен тұжырымдайды.

Қазақ халқы: «Баланы бастан», «Бағуыңа қарай мал өсер, тәрбиеге қарай бала өсер», «Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз», - деп қарайды. Демек, баланы бастан тәрбиелеген абзал.

Өз халқының осы даналығын тұтынған Қорқыт ата:

Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе,

Ұл жарылқап, ас бермес, әке үлгісін көрмесе, - деп өсиет қалдырған (1, 12 б.).

Тұлғаның дамуына әсер ететін тұрақты да қалыптасқан құндылықтар жүйесі қоғамның қай бағытта дамып бара жатқанымен қатар, оның ертеңінен не күтуге болатындығын да болжауға мүмкіндік береді. Ғалымдар қоғамдық қатынастарды жүйелендіретін адамдар бірлестігінен құралатындығын айтады. Ал құндылықтар жүйесінің бағыты адам өмірінің негізін құрайтын басты үш компонентті қамтиды. Яғни, құндылықтар жүйесінің бағыты, біріншіден, шындықты танып-білуге негізделген танымдық-мазмұндық; екіншіден, тұлғаның құндылықтарға деген көзқарасына, қарым-қатынасына негізделген эмоциялық; үшіншіден, өмір бедерлерімен шындалып қалыптасқан құндылықтар жүйесіне негізделген іс-әрекеттік жағымен тығыз байланысты. Әл-Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» былай айтады: “Нәрсе біткеннің парқын түсініп, ұғынуға келгенде адам мейлінше зерек болуға тиіс, ол ол ма, ғылымды меңгеру ісінде адам шыдамды да табанды болуға тиіс, жаратылысы бойынша ақиқат пен оның күрескерлерін, әділеттілік пен оның жақтастарын сүйетін болуы керек. ... Жұрттың теріс деп білетін нәрселері жөнінде ол әдеп сақтап, инабатты болуға тиіс, жақсылық пен әділеттілікке оңай бағынып, жамандық пен әділетсіздікке көне бермеуі керек, мұнда мейлінше естиярлы болған жөн. Оның үстіне, адам өзінің табиғи бейімділігіне сәйкес келетін заңдар мен әдет-ғұрып негізінде тәрбиеленген болуы шарт, өзін аялап өсірген дін жайындағы көзқарастарында кәміл сенімді болуы, өзінің діні (парыз) еткен ізгі әрекеттерден айнымауы, бұларды түгелдей де, там-тұмдап та бұзбауы қажет, бұл ретте баршаға мәлім (пікір) бойынша дұрыс деп танылған ізгіліктерді берік сақтауы және баршаға мәлім (пікір) бойынша оңды деп танылған әрекеттерге қарсы шықпауы керек” (2, 366-367 бб.)

Адам болмысына әсер ететін факторлар өте көп. Адам туралы ілім - антропология қазіргі өркениеттегі өз орны бар білім саласы. Бүгінгі оның жетістіктеріне сүйене отырып адам табиғи, әлеуметтік, мәдени құрамдас үш бөліктің бірлігі деп айтуға болады. Осыған сәйкес әл-Фараби көрсеткендей, адамға үш фактордың: табиғи, әлеуметтік және мәдени әсері бар. Әр фактордың әсері өзінше, бөлек. Бірақ әрқайсысының өзіндік атқаратын рөлі бар. Адамды біртұтас дүние ретінде қарастырсақ, бұл факторларды біріктіретін дүние – мәдени негіз. Яғни мәдени негіздің арқасында факторлар адам бойына біртұтастыққа бірігеді. Ал осы мәдени негізді құрайтын, адамның адам болып қалыптасуындағы мәденилікті іске асыратын, адам бойына сіңіретін – тәрбие. Тәрбие арқылы мәдени негіз қаланып, адамның бойында табиғилықпен әлеуметтілік үйлесімділік табады. Адам бойында осы факторлардың тек біреуінің ғана басымдық табуы адам баласына қандай зиянды болғаны тарихтан белгілі. Мысалы, коммунистік идеологияның әлеуметтік жағы басым болды. Соның әсерінен сол қоғамда адамның әлеуметтік қасиеттері басымдық танытты. К. Маркс адам өмірі қоғамдық қатынастар жиынтығынан тұратындығын баса айтты. Сондықтан да тәрбие жүйесінде адамды алдымен қоғам мүшесі ретінде, белгілі қоғамдық идеологияны іске асырушы ретінде қалыптастыруға тырысты. Бұл тек әлеуметтік жағы. Ал табиғилығы қайда? Субъектік қасиеттері, рухани бай адамгершілікке негізделген төлтума мәдениетінен сусындаған, туылғаннан ана сүтімен, қасиетті жерімен берілетін құндылықтарды жинақтаған табиғи фактор орны мүлдем жоқтың қасы болып қалды.

Бүгінгі өзекті мәселе – табиғатынан нәр алатын ұлттық құндылықтар негізінде сананың оянуы, соның негізінде мәдени өзін-өзі дамыту, мәдени-адамгершілік тұрғысынан дамытуға ұмтылу, өркениет кеңістігінен орын алу, т.б.

Әрбір мәдениет – дара мәдениет. Мұсылман Ренессансының мәдениет мәселесіндегі негізгі ұғымы “маариф” (білімділік) және “адаб” (адамгершілік) өзара қосылып “маданият” (мәдениет) ұғымын құрады”. Дара мәдениеттер сұхбат арқылы бір-бірін түсінеді, бағалайды, қатар өмір сүреді, байытады. Сұхбаттасу үшін өз мәдениетінді біліп, танып қана қоймай жақсы көріп, ардақтауың керек. Ондай қошеметке мәдениетіңнің асыл қазыналары - құндылықтары: тілі, ділі, тарихы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әдебиеті, өнері, тәрбиесі, т.б. арқылы жетесің. Ұлттық мәдениетіміздің арқауы болған ойшыл, ғұламалар, ақын-жырауларымыз өз еңбектерінде, үгіт-насихаттарында адамзат мәдениетінің бірлігін насихаттай отырып, өркениеттік жетістіктерді мәдени сұхбатпен байланыстыра білген. Туған топырағыңның әрбір жері ыстық, суы шекер, ауасы рақат сезімге бөлейтіндігі де сол, өз мәдениетіңнің құдіретін сезінуден бастау алады. Өз мәдениетіңе деген ыстық сезім, үлкен құрмет басқа мәдениетті түсініп, қабылдаудың кепілі болмақ. Оның үстіне адам мен тәрбиенің қарым-қатынасы да мәдениет арқылы жалғасады. Бұл дегеніміз тәрбиенің мәдени ядросы жалпыадамзатқа қызмет ететін тұлғалық, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар болуы керек.

Сондықтан адам тәрбиесінің мәдени ортасы – оның адамгершілікке негізделген құндылықтар әлемі болмақ. Адамгершілік гумандылық, адамға деген сүйіспеншілік, алыс-жақын адамдарға деген көмекке жақын тұрушылық, басқаға түсінушілікпен қарау, адам өмірінің құндылығын бағалау, басқаны өзіндей көріп,

сыйлау, басқаның тұлғалық қасиеттерін дәріптеу, басқа құндылықтар арасындағы дәнекер, т.б.

Абай адам өмірін ізгіліктендіруде адамшылықты басты рөл атқарады деп тапқан. Адамның адами қасиеттері басты құндылығы болып отырған қазынамыздың негізі – адамгершілік негізінде жатыр. Адамгершілік адамның рухани жан дүниесіне бағынатын іс-әрекеті болып табылады. Олай болса, тәрбиені адам өміріндегі адамгершілікті іс-әрекеттерге баулу деп те түсінуге болады. Адамгершілік ережесінің, яғни адамның өзін-өзі ұстау ережесінің жиынтығын мораль құрайды. Моральдың қоғам мен адамдардың рухани өмірінде атқаратын рөлі орасан зор, ол – адамның іс-әрекетін реттеу арқылы әлеуметтік өмірдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Адамгершілік қасиеттің жоғары түріне ар-ұят, ождан сақтауды жатқызуға болады. Ұят адамның өмірде жақсы мен жаманды ажырата білуі, бірінен жиренсе, екіншісін бойына сіңіруге ұмтылуынан қалыптасады. Араб тілінде ұят - кішіпейілділік, ізеттілік деген сөздердің мағынасымен бір болып келеді. Ұят – адамның адамгершілік мұраттарын анықтайтын өлшем. Ұят адамның өзіне, әрбір ісіне, сөзіне деген жауапкершілігін арттырады. Ауыз әдебиетінде осы шынайы адамгершілік қасиеттер ерекше қастерленген. Мысалы: “Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде”, “Адамды алдау – арыңның алдында қылмыс”, “Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат – надандықтың белгісі”, “Өз ұятын білген кісі бір кісіге төрелік етеді”, т.б. мақал-мәтелдерде ар, ұятты қастерлеу адамгершіліктің белгісі ретінде көрінген.

Абай отыз алтыншы қара сөзінде былай деген:

«Пайғамбарымыз салалаһу һайлайһи уәсәләнің хадис шарифінде айтыпты:

-«Мен лә хаяһу уә лә иманун ләһу» кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ, деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда, білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе?

Бір ұят бар – надандықтың ұяты: жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдында жазықсыз – ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмаса нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе: шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абыройлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреу – ондай қылық өзіңнен шақпай – ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырмай, мына байғұсқа не болды. Бірнәрсе іштен рақым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызарып кетеді. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абыройлы бойға теріс я адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісіге бетіне қарамай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін - өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінің ішіңнен өз мойныға салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көзінің жасын

мұрнынның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, еш нәрсені көрмейді. Мұндай қылыққа жетіп, ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки, оның үстіне, тағы аямай, өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ, десе болар.

Осы күнге менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар? – дейді. Я болмаса, «жә, жә, оған мен – ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің?» - дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емеспе еді?» - деп ұялтамын десен, жап – жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хажис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!» (3, 216 б.). Абайдың осы қара сөзінде «ұят болса – иман сонда» деген мәселеге көңіл бөліп, «иман» сөзіне тоқталайық. Иман – араб тілінен шыққан сену деген сөз. Иман дегеніміз – иланған көңілімен ықтияр болушылық делінген ислам дінінде. Иман ол сенім, адам сенімсіз, үмітсіз, армансыз өмір сүре алмайды.

Сенім дегеніміз – адамның өмірде өзі ұстанатын принциптері мен мұраттарына терең негізделген наным. Имандылық бастаулары - әдептілік, кішіпейілділік пен қайырымдылық, жомарттық, ар – намыс, ұят – абырой тағы басқа әдеп, имандық.

Ар – ұят, иманды жан ешкімнің ақысын, жеп ала жібін аттамай, өз еңбегімен дүние жинап күн көріп жатқан, кісіге қиянат жасамайтын жан. Бұл адамның ең тамаша қасиеттерінің бірі. Өз бойына осы бір қасиеттерді дарыта білген адам иманды деп танылатыны сөзсіз.

Иман – деген қазақ даласында ар білімінің басты ұғымына айналған. Халқымыздың жақсы адамды иманжүзді дейтіні де содан.

Абай адамның адамгершілік, имандылық, ар - ұят сезімдеріне айрықша мән береді. Осындай сезімдерді бойға дарыту үшін адам жаман мінезден арылып, өзін - өзі тәрбиелеуі керек дегенді айтады.

Отыз сегізінші сөзінде былай дейді: «Тәлімі жақсы ана, жақсы ата, жақсы құрбы, - дейді Абай, - жақсы ұстаздан болады... Ғылым-білімді бала әуел бастан өзі іздеп таппайды. Басында зорлықпен, яғни алдаумен үйір қылу керек. Үйрене келе өзі іздегендей болғанша, қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның адам аты болады...» (3, 220 б.). Қай нәрсені болмасын жүректен өткізіп Абай ата-ананың ұстаздық роль атқаруын тұңғыш рет алға қойып, адам баласы адам баласынан «ақыл», «ғылым», «ар», «мінез» деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық болып есептеледі деді.

«Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз

Біте қалса қазаққа,

Алдың – жалын, артың – мұз,

Барар едің қай жаққа? – дейді ақын «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінде Абай әділеттілік, ар-ождан, ұят болмаған жерде білім, ғылым, ақыл мен қайраттың адамзатқа жақсылық әкелмейтіндігін айтады (3, 25 б.).

Абай «Интернатта оқып жүр» өлеңінде айтады: «интернатта оқып жүр талай қазақ баласы, балам закон білді деп, қуанар ата-анасы, ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы?», Иә, Өмірде алған білімді мінез жеген сауытқа салып, – ұят пен иманды қатар ұстау керек. Осы ойын жалғастырып: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деп адал жүріп-тұруға шақырады.

«Өзгеге, көңілім, тояарсың» атты өлеңінде білім- ғылымды жүрекпен тыңдамағанды даладағы аңға теңейді (3, 59 б.).

Қазақстан ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымының докторы Ғарифолла Есім:

Әр жас ұрпақ Абайды түсініп өмір сүруі керек. Тек өлеңін жаттап алу аздық етеді. Ең болмаса, Абайша әмір сүру қажет. Абайша әмір сүру деген не? Абай хакім айтып кеткен: «Өсек, әтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес дұшпаның, білсеңіз». Қазір осы формула жұмыс істеп тұр ма? Болашақ «Абай» академиясы осындайды айтуы керек. Ел, жұрт рухани тазаруы керек» (4).

Сонымен, құндылық адамның рухани әлемінің негізін құрайды. Олар адамның сезімін, ойын, еркін біртұтас бірлікке келтіреді және жаңа адамды қалыптастыруда шешуші роль атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Зейнолла Сәнік. Алматы, 2017. Қазақ этнографиясы. 8 том. - 326 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым. – 1975. – 420 б.
3. Абай. Қара сөздер. Жетінші сөз. Алматы. «Мектеп». 2003 ж. - 241 б.
4. Қазақ Абай жолымен жүрсе, адаспайды. «Түркістан» газеті. 2019 ж., 14 қараша, 1 бет.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

т.ғ.к. Жұман С.С.

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті

Қазақ әліпбиінің тарихы дегеніміз рухани жаңғыру идеясымен сабақтастығы ұлттық кодты ұлттық тарихымыз туралы қалыптасқан түсінігімізбен, ұлттық мәденеитіміз, салт-дәстүріміз және әдет-ғұрпымыз құрайды. Еліміз өзінің ұлттық болмысын сақтап, жедел дамып келе жатқан адамзат қоғамының көшінен қалып қоймай дамуы отандық тілдік саясатпен тығыз байланысты. Сондықтан да тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы жылынан бастап тіл мәселесі қазақ қоғамының жіті назарында болып келе жатыр. Кез келген ұлттық тіл өзіне ғана тән белгілерімен өзінің табиғи бітім-болмысына сәйкес келмейтін, шығу тегі басқа, түр-түрпаты өзгеше өзге тіл тұрмақ, өзіне етене жақын туыстас тілдерден де ерекшеленеді. Тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайды. Оны қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдай мен сол жағдайға сәйкес өмір сүріп жатқан тұтынушылардың түрлі қажеттілігі туғызады. Олардың түрлі

қоғамдық іс-әрекеті барысында тіл қызметінің шынайы сипаты көрінеді. Оған қоғамдағы тілдік жағдай және қоғам мүшелерінің оны қажет етіп, сан алуан іс-әрекетте пайдалануы, мемлекеттің ұстанған тілдік саясаты едәуір ықпал етеді.

Еліміздегі қазіргі тілдік жағдай мен саясат қазақ тілінің дамуына қолайлы секілді болып көрінгенімен, көп жағдайда олай болмай тұр. Оған еліміздің ресми тіл болып саналатын орыс тілінің бұрынғыша кең қолданыста болуы мен еліміздің түрлі басшылық орындарын басқарып отырған өз қандастарымыздың басым көпшілігінің орысша білім алып, өз ана тілінен алыстап немесе орыстанып кетуі себеп болуда. Демек, орысша білім беріп, орыстандыру саясатын жүзеге асыратын білім ошақтарының сол бұрынғыша елімізде аса көптігі тілдік жағдай мен саясаттың орыс тілінің дамып өркендеуіне қолайлы болып отыр.

Алғаш рет 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының (Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Мұхтар Саматұлы, Ишанғали Арабайұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Николай Бутовский т.б.) бірінші съезінде қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелерімен қатар жазу ережелері, әліпби мәселесі де қаралды [1].

Осы съезде А. Байтұрсынов бас баяндама жасап, онда араб әрпінің қай жағынан болса да ыңғайлы, қолайлы әріп екендігін дәлелдеп берген болатын. 1927 жылы латын әрібін алу жолындағы бұл білімпаздардың арасында болған айтыс-тартысын жинақ ретінде Кәрім Тоқтабаев пен Мұхтар Мұрзин Қазақстан жаңа әліппе комитетінің тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттік баспасынан «Жаңа әліппе жолында» деген кітап шығарып, онда латын әліпбиіне қатысты М. Мұрзин, Ә. Байділдин, Т. Шонанов, В. Бартольд, Н.А. Шмарин, Л. Жирков, Жозе және тағы басқа ғалымдар мен зиялылардың ой-пікірлері топтастырылды.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Т. Шонанұлы, Е. Омаров, Ш. Сарыбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Бегалиев, Қ. Басымов, С. Аманжолов, А. Садуақасов, С. Жиенбаев сияқты т.б. ғалымдардың ғылыми мақалалары мен еңбектерінде де әліпби мәселесі сөз болды. Қазақстандағы сауат ашу мен оның әдістемесі негіздерінің қалыптасуы, әр кезеңдердегі сауат ашуда қолданған араб, латын, кирилл әліпбилеріндегі әліппе оқулықтарындағы оқытудың тиімді әдістері анықталып, ұқсастықтары, айырмашылықтары А. Байтұрсыновтың сауат ашу оқулығымен сабақтастығы сараланды. Латын әліпбиінде сауат ашудың өзіндік тарихы бар. Латын әліпбиі сауат ашуда болсын, баспа ісінде болсын араб жазуы негізіндегі әліпбиге қарағанда, әлдеқайда тиімдірек болғандықтан 1929 жылы Қазақ Орталық атқару комитеті Президиумы Қазақ АССР Халық комиссарлары Советі латын графикасы негізінде жасалған қазақ әліпбиін бекітті. Осы жылдары еліміздегі түркі тілдерінде сөйлейтін басқа да халықтар латын графикасы негізінде қазақ әліпбиіне көшті. Латын әліпбиіндегі әрбір әріп өзінің жеке тұрғандағы қалпын сақтайды. Бұлар байырғы сөздерді дұрыс жазуға мүмкіндік берді. Латын графикасы негізіндегі әліпби сауатсыздықты қысқа мерзімде жоюға көмектесті. Латынға негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауға ат салысып, өз ойларын бөлісіп жүрген ғалымдар: Ә. Қайдар, М. Жұрын, Ә. Жүнісбеков, М. Өтелбаев, Ж.

Уэтай, Д. Әубәкір, Ж. Аймағанов, М. Алтай, М. Хасенов, Ж. Бапыш, И. Томай, К. Мұсаұлы, Д. Қамзабекұлы, С. Мәметов, Н. Уәли, К. Хұсайын, З. Базарбаева, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова т.б.

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Ақпараттық технологияда латын қарпінің атқаратын міндеті орасан. Бүгінгідей ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда латын қарпін енгізу қиындық туғыза қоймауы керек. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Латын әліпбиін әлемнің дамыған елдерінің біразы қолданады. Ағылшын, неміс, француз, түрік тілдері барлығының пайдаланып отырғаны – латын әліпбиіне негізделген жазу. Кеңестік бұғаудан босағаннан кейін түркі халықтарының біразы латын әліпбиіне көшіп кетті. Әуелгі көшті Өзбекстан бастап, Түркіменстан мен Әзірбайжан жалғастырды. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін айқындайды. Компьютердегі жазу графикасының негізгі драйвері латын тілі.

Латын әріптері графизация (әріп таңбалау) заңдылықтарына, яғни, «көру-қабылдау-тану» талаптарына да сай. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Латын әліпбиінде әртүрлі диакритикалық таңбалар (нүкте, қос нүкте, сызықша, айшық, дәйекші т.б.), яғни қосымша белгілер арқылы көптеген елдің барлық фонемалары латынның 28 таңбасымен ғана белгіленуі жазу үнемділігін танытатын тиімді әліпби дәрежесіне жеткізіп отыр. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) да сай болуы керек. Қазір латын әліпбиі осы талаптар биігінен де көрінеді, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, халық өз еркімен таңдауға мүмкіндігі болып тұрғанда әлемнің озық елдері игілігін көріп, көпшілігі қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп білеміз [2].

Әсіресе мәтін математикалық символдардан немесе арнайы таңбалардан құралса, онда қазақ тілінде ғылыми мәтіндерді теру мүлде бояу жүреді. Тіпті цифраның өзін теру үшін клавиатурада не орыс тіліне, не ағылшыншаға ауысып отыруға тура келеді. Бұл мәселенің бір жағы ғана. Екінші жағынан, дыбыстық фонемалары көп тілдер латын графикасын өте тиімді қолдануда, мысалы, ағылшын тілінде 44 дыбыс бар бірақта ағылшын тілінің барлық дыбыстық ерекшеліктері 28-әріппен жеткізіледі. Әрине мұндай салыстыру 29 дыбыстық қазақ тіліне латын графикасы негізіндегі 28 әріп жеткілікті деген ойға жетелейді. Оның үстіне қазақ тілінің ішкі заңдары бұл мәселені анағұрлым жеңілдетеді [3].

Компьютерде кез келген бас әріп, кіші әріп (символдар) код арқылы ажыратылады. Компьютердегі бағдарламалардың күрделілігі, оларды жасауға өте көп қаржы жұмсалатыны, төл әріптердің кодтау кестесінде жоқтығы көптеген

қиындықтар туғызады. Білім беруді әлемдік электрондық жүйеге қосуға байланысты латын әліпбиіне көшудің қажеттіліктері анықталды.

1. Лингвистикалық қажеттілік: Қазақ әліпбиіндегі дыбыстар құрамын қайта қарап, оның табиғи заңдылықтарын сақтау. Бұған латын әліпбиіне көшу арқылы жетуге болады.

2. Техникалық қажеттілік: жүздеген бағдарламалау тілдерін, деректер базасын басқару жүйесі, мәтін редакторлары, тоғыз төл әрпіміздің кодтау кестесінде жоқтығы компьютерде жұмыс істеуде қиындықтар туғызады. Бұл мәселені латынға көшу арқылы реттеуге болады.

3. Саяси қажеттілік: Латынға көшсек, батыс елдеріндегі қазақтардың елге келуге деген ниеттері пайда болып, сәл де болса қазақ ұлтының санын көбейтуге септігі болады және түркі тілдес елдермен белгілі бір дәрежеде қарым-қатынас жасалады.

4. Жаһандану тұрғысындағы қажеттілік: ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, өркениетті ел қатарына қосылуда тілді сақтап, дамыту, кез келген ел мамандарымен бәсекеге қабілетті, әлемдік білім, ғылым, техниканы меңгеруіне жол ашуға мүмкіндік жасайды. Интернетке латын әліпбиімен еңсек, әлем қазақтарымен байланыса аламыз.

5. Экономикалық қажеттілік: Қазіргі кирилл-қазақ әліпбиіне қарағанда, жаңа әліпби жобасы қай жағынан болса да тиімді болмақ, біріншіден, таңба саны аз болғандықтан, оқу-жазуда уақыт үнемделеді; екіншіден, бастыруға материал аз шығындалады; үшіншіден, қаржы жағынан әлдеқайда тиімді.

Ноутбукте қазақ әріптері түгілі, кириллицаның 33 әріпі жоқ. Әріптерді баспаға жапсыруға болады, ал сандарды басу үшін қайта-қайта бір тілден екіншіге ауысып отыру керек. Оған шыдамның да шыдамы керек. Бұл мәселенің бер жағы ғана. Ал қазақша іс жүргізу дегеніміз— бүкіл Microsoft Office және онымен тіл табысатын бағдарламалардың қазақша кирилл әріптерімен жұмыс істеу. Ал, латын әліппесіне көшкенімізше деп жеңіл-желпі қозғалыс жасайтын шығар, есесіне бүкіл IT (ай-ти) технологияларға, электрондық үкіметке бөлініп жатқан қаражат орыс тілін күшейтіп, мемлекеттік тілді тірідей өз жерінде жерге көміп жатыр. Міне, бүгінгі жағдайды ескерсек, онда біз тәуелсіздікті алмай тұрып, латын әліппесіне көшкеніміз дұрыс еді. Бізді енді бір-екі жылда не күтіп тұр екен? Соған көз жіберсек:

- SMS мәліметтер орыс тілінде латын әріптерімен басылып жатыр және оның конверторы серверлерде орнатылып қойған. Ұялы телефондардың менюларының неге қазақшасы жоқ екендігін есепке алмай-ақ, осы SMS мәліметтер неге мемлекеттік тілде жіберілмейді? SMS мәліметтер экономика саласына жедел кіріп жатыр ғой. Бұл неге бізді алаңдатпайды?

- Бүкіл сауда мекемелерінде штрих код деген пайда болып жатыр, бүгін ол штрихымыз матрицаға айналып барады, оған ешкім назар аударар емес. Ал бұл деген деректер банкісі!!!

- Қазақстан транзиттік мемлекетке айналуға, сондықтан үш тілді қуамыз деп шығынға батып, тіпті күлкілі жағдайға қаламыз, егер латын әліппесіне көшсек, жолдағы жазбалар, қала, аудан, ауыл аттары, көлікке т.б. байланысты жазулар тек мемлекеттік тілде жазылар еді. Пайдадан басқа ештеңе емес!

- Жаңа технологиялар ол бизнес, ал бизнес дегеніміз ол жаңа технологиялар. Бұрынғыдай, «ойбай, ол технологиялар Қазақстанға жеткенше қашан» деп қол жайып отыруға болмайды. Ертең- ақ кез келген технология Қазақстанға шауып келеді, солардың бірі ол GPS (global position system) Кез келген адам бүгін Интернетке шығып өз үйін, қаласың, кез келген өзіне керек орынды ғарыш арқылы көре алады және қажет объектінің координаттарын, қалалардың қашықтығына дейін хабарлар ала алады. Еуропадан әкелінетін көліктерде GPS машинаның құралы боп саналады. Бұл қондырғыны пайдалану үшін латын әліппесін білу қажет екені сөзсіз!

- Латын әліппесіне көшу қаулы шығара салу емес, біз қандай істер жасауымыз керектігін жақсылап ойлауымыз қажет. Неден бастаймыз, уақыт күттірмейтіні қайсы?! Ең бірінші қатарда жедел түрде код парағын алу, оны Қазақстандағы әрбір компьютерге кіргізу тұруы керек!! Орфографиялық көмекшілерді де жүйеге кіргізу, тағысын тағы!

Латын әліпбиіне көшуде ең бірінші, қазақ тіліне лайықты және компьютерлерге жеңіл енгізілетін әліпби таңдауымыз керек. Басты талабы, әліппе тек 28 латын әріптерінен тұруы керек. Қазақ тілі спецификасын көп жылдар бойы зерттей келе, біз ABCnet деп атаған әліппе құрастырдық.

Латын әліпбиіне көшу – еліміздің стратегиялық жоспарына енді. Осы күнге дейін латын қарпіне көшу дегенге үрке қарап, қызу талқылап келдік, енді шешім шыққаннан кейін де, қалай болады екен?»,- деген ой көпшілікті мазалай бастады. Десек те, болашақ үшін жасалып отырған бұл шараны жеделдетіп іске асыруды ойлағанымыз жөн. Жаңалықты бастысы жастар қауымы қызу қолдауда. Олар, латын алфавитін тез меңгеріп, оны үйретуге де ат салысамыз,- деп отыр. Қазақстанда 30 жылдары 10 жылдай латын графикасы қолданыста болды. Сол кездегі Алаш арыстарының, ақын-жазушылардың еңбектері жарық көрген кітаптардың бірсыпырасы бүгінде Семейдегі Абай мұражайының қорында сақтаулы. Латын қарпін қолдануда сол нұсқаларға жүгінсек те болады. Сондықтан, тәжірибеде болған, таңсық емес бұл әліпбиге көшу қиынға соқпайды. Жаңа алфавитке көшуде басты жүк педагогтар қауымына артылмақ. Өйткені, қазақшаны жаңаша, сауатты жазып оқуымызды үйрететін солар.

Қазақстан мемлекетінде ресми түрде мойындалатын және енген номері екінші алфавит. Бұған дәлел ретінде мына фактілерді келтірсек болады:

- Қазақстан Республикасындағы барлық мектептерде латын әліпбиі бірінші сыныптан бастап «кириллица» әліпбиімен қоса оқытылады. Біздің Республикамызда латын әліпбиін білмейтін, оны оқи алмайтын адам жоқ десе де болады. Себебі бізде барлық мектептерде бастауыш сыныптан бастап еуропалық бір тілді /ағылшын, неміс, итальян, француз т.б. үйрету міндеттелген. Ал, бұл тілдерді ресми түрде мектептерде үйрету деген сөз - латын алфавиті ресми түрде біздің елге енгізілді деген сөз. Тек, латын әліпбиінің Қазақстанға енгізілу тәсілі ғана ерекше - латын әліпбиі біздің мемлекетке еуропа елдерінің тілдерін үйрету құралы ретінде пайдаланылады.

Компьютерлік техниканың негізінде латын алфавиті жатқанын ескерсек, компьютердің елімізге жаппай енуі – латын алфавитінің бүкіл әлемге жаппай енуінің бір көрінісі.

Латын қаріпіне көшу арқылы ғылым мен техниканы дамытамыз, мемлекеттік тіл - қазақ тілінің мәртебесін биікке көтеретін де дәл осы латын әліпбиі болады. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз өзіміздің қазақ тілді кеңістігімізді кеңейтеміз. Латын жазуы жер шарының кез келген шалғай түкпірінде жүрген қазақтардың бір-бірімен қазақ тілінде тікелей байланыс жасауына, ақпарат алмасуына, ата жұрттың жаңалықтарынан күн сайын хабардар болып, ана тілін меңгеруіне, қазақтық қалпын сақтап, дамыта беруіне үлкен ықпал жасайды.

Латын әліпбиі – бар қазақтың басын қосатын жазу. Егер латын әліпбиіне көшсек мына төмендегідей жетістіктерге жетеміз:

- ақпараттарды игеру және алмасу мақсаттарда компьютерлік технологияларды қолдануы латын графикасындағы қазақ тіліне үлкен жеңілдік пен дамуына әсерін тигізеді;

- қазіргі латын графикасында қаріп қоры жаңа әліпби арқылы қолымызға жетіп полиграфияға, электронды баспаға зор пайдасын әкеледі, дизайнерлерге, жалпыға шығармашылық леп береді;

- Қазақстанды дүниежүзілік бірегей ақпараттық кеңістікке ену мәселелері шапшаң түрде шешіледі.

Біздің көптеген тарихи мұраларымыз латын әліпбиінде жазылған. Егер латынға көшсек, онда баға жетпес сол мұраларды халыққа қайтару мәселесі әлдеқайда жеңілдей түспек, латын қаріпіне көшсек осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе аламыз.

Латын әліпбиіне көшсек, болашақ жастар терең инженерлік, техникалық бағдарламаларды қиындықсыз игере алады. Қазіргі ғ, ә, ң, ү, ұ, қ, т, ө, і секілді таңбаларымыз компьютерде толыққанды жұмыс жасауға кедергі келтіріп жүр. Сканерлесек әр түрлі басқа таңбаларға ауысып кетеді немесе бос төртбұрыш болып шығады. Осыдан келіп, неге біз секілді болашақ қазақ тілді жастар ақпараттық жаһандану заманында үнемі осындай қиындықтарға кездесіп жүре бермек пе?! - деген ойға қаласың.... Олар да басқа шетел балалары сияқты компьютерді қиындықсыз қолдануы қажет. Олар да әлемдік деңгейде білім алсын, еңбек етсін болашақта осы латын әліпбиі арқылы.

Латын әліпбиіне көшу арқылы жастардың еркін, қиындықсыз білім алып, ғаламтор желісіндегі түрлі бағдарламаларды қолдануларына айқара жол ашамыз. Латын әліпбиіне негізінде біз қазақ тілінің кеңістігін кеңейтеміз. Егер латын графикасына өтетін болсақ, қазақтың табиғатына тән төл дыбыстары нақты айтылып, қазақтың табиғатына төл сөздер бұрмаланбай өз ережесімен, өз дәрежесімен ұғынықты айтылады ғой деп ойлаймын. Латынға көшу технология мен инновацияны тез меңгерудің кілті де болып табылады.

Қазақ жазу графикасы әрдайым динамикалық даму сатысынан өтіп отырған. Соған сәйкес халықты сауаттандыру, емле ережелерін біріздендіру мақсатында орфографиялық даму деңгейі де жиі реформалану процесіне ұшыраған. Қазақ жазу тарихындағы жалпыхалықтық сауаттандыру, тұрақты біркелкі жазу нормасын қалыптастыруға бағытталған кезеңдердің ішіндегі қиындығы мен тәжірибесі мол байқалғаны 1929-40 жылдардағы латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу кезеңі деп атауға болады.

Әріптерді белгілеудегі жеке-дара пікір қайшылықтары болғанымен, қазақ халқы үшін латын графикасына өту заман талабына сәйкес өте қажетті де маңызды болып саналады. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпби жүйесін таңбалауда барлығы шамамен 28 таңба жұмсалуды тиіс деп ойлаймын. Зерттеу барысында в, ф, ч әріптері өзге тілдерден енген сөздерді жазуда ғана белсенді көрініс табатыны анықталды. Ал қазақтың төл фонемаларын (дыбыстарын) 29 латын әрпімен еркін таңбалауға болады. Латын әліпбиі болашақ ұрпақтың бәсекеге қабілетті бола алуына жол ашады. Болашақта еліміз көптеген жетістіктерге жетеді. Соның ішінде ақпараттық технологияда латын қарпінің атқаратын міндеті орасан. Бағдарламалардың тілі, бағдарламалардың жасалуы, жүргізу жолы барлығы латын графикасында жүзеге асырылады. Егер біз латын графикасына көшкен болсақ, қазіргі қолданып жүрген технологияларды, қолданып жүрген құрал-жабдықтарды, компьютердегі жаңа бағдарламалардың озық үлгілеріне қол жеткіземіз. Дыбыстық жүйемізге сәйкес келмейтін әліпби мен өзгетілдік сөздерді еш өзгеріссіз жазып-айтуға мәжбүрлейтін емле ережеміз тіліміздің табиғи бітім-болмысына жат, бөгде тілдік дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерінен тұратын сөздерге қазақша қосымша жалғауды қиындатумен қатар төл сөздеріміздің дәстүрлі жазылып-айтылуына да ықпал ете бастады. Бұдан шығудың бір жолы өзгетілдік сөздерді, әсіресе өзгеріссіз қолданыста болып келе жатқан қоғамдық-саяси лексиканы қазақшалау мәселесі болып отыр. Ол үшін тілдің табиғатына сәйкес келмейтін дыбыстарды әліпби құрамынан шығарып тастау керек. Алайда қазіргі кирилше әліпбиді пайдаланып отырғанда олай істеу мүмкін емес. Себебі оған көзі де, өзі де үйреніп, әбден бауыр басып қалған қазіргі қазақ қоғамы – өзгетілдік сөздерді, ендігі уақытта тіліміздің төл дыбыстарымен қазақша жазып-айтуды бірден қабылдай алмайды. Ол үшін әліпби ауыстыру қажет. Ал әліпби ауыстыру, шындығына келгенде, орыс жазуына немесе оның тіліне деген қарсылық емес. Ол – ұлттық-танымдық, ұлттық-тарихи танымдық мәселені шешіп, рухани тәуелсіздік алуға бағытталған аса маңызды қадам. Тіліміздің дыбыстық жүйесіне негізделген төл әліпбиін құрастырып, емле мәселелесін оңтайлы шешіп алған соң ғана жазуымыз өзінің төл табиғатымен табыса алады. Ғылымы, мәдениеті дамыған еуропа елдері латын әліпбиін қолданады. Қазіргі ақпараттық-қатыстық электронды құрал-жабдықтардың тілі де латын қарпіне негізделген. Латын әліпбиінің осындай артықшылығын ескерген қазақ қоғамы осы әліпбиге көшуге басымдық беріп отыр. Жаңа әліпби, жаңа жазу, жаңа ереже арқылы ғана кирилл әліпбиінен, сол арқылы күштеп ендірілген ережелерден, айналып келгенде, орыс тіліне тәуелділіктен құтылуға болады. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің табиғатына тән емес дыбыстарды әліпбиге кіргізбеу арқылы қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, табиғи бітім-болмысын сақтап қала аламыз. Тіліміздің дыбыстық жүйесіне негізделген әліпбиін құрастырып, төл дыбыстарымыздың тіркесім заңдылығын сақтай алсақ, емле ережемізді дұрыс түзуге де, жалпы халықтың сауатты жазуына да зор мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Алматы. 2005.–144 б.
2. Сәдуақас Н.Ә. Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің болашағы. Index.php.

3. Молжігітов С. Латын графикасының кейбір ерекшеліктері және оның тиімді қолдану жолдары. files/publicate/2015-01-18-1042

РАССВЕТ И УПАДОК АРАБО-МУСУЛЬМАНСКОЙ НАУКИ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

к. ф.н., доцент **А.Сарымсаков**
КазИТУ

Как известно, 600 лет (VIII-XIV в.н.э.) был Золотым Веком арабо-мусульманской цивилизации Средневековья. Исламская культура сохранила античное научное наследие Платона, Аристотеля и других греческих ученых от суда инквизиции. Арабо-мусульманские ученые не только переводили и комментировали античное культурное наследие (как обычно считают), но они также участвовали в постановке новых фундаментальных проблем и идей классического естествознания. Это видно из научного наследия аль-Фараби.

В средневековой культуре Абсолютная субстанция как причина самой себя – это Бог, порождающий посредством эманационного механизма формообразования все иерархические ступени Природы и социума, т.е. каждое бытие в мире находится в «естественном месте» по творению (судьба). Итак, средневековая картина Природы и социума – это картина неоднородного космоса. Основным понятием в этой картине мира является «естественное место», а движение есть стремление к «естественному месту».

Понимание Абсолютной субстанции как субъекта, т.е. как деятельности порождения Первосущего – это, конечно, новая идея формировавшая арабо-мусульманскую Средневековую культуру. Неизменность, консерватизм ортодоксальной исламской религии – ядро арабо-мусульманской культуры вначале дал колоссальный рассвет этой цивилизации. Ибо научное познание и художественное изображение красоты Природы понималось как путь к Богу как Творцу этой красоты, абсолютно совершенной сущности и смысла существования каждого мусулманина. Но парадоксально, что такое ортодоксальное понимание религии явилась причиной дальнейшего упадка этой цивилизации; ибо закрыла дорогу к новой социальной общности – капитализму, естественным наукам и технологиям.

По аль-Фараби в мире кроме многообразия единичных субстанции и акциденции и творца этих субстанции и акциденции нет ничего. В онтологической картине мира аль-Фараби абсолютный дух и материя занимают взаимно – противоположные полюса мироздания; положительный полюс – это Первосущее: абсолютно совершенное, актуальное, порождающая Первопричина, т.е. – это бесконечно-активный дух; отрицательный полюс – это первичная материя как, потенциальный, безформенный, пассивный субстрат. Все конечные формы бытия мироздания, которые формируются в результате эманационного механизма порождения из Первосущего является опосредствующими звеньями этих

взаимно-противоположных полюсов [1]. Первичная материя-это возможно-сущее совечная с Первосущим, обладает способностью воспринимать формы.

В монистической натурфилософии аль-Фараби всё многообразие единичных субстанции Природы рассматриваются как эволюционный процесс порождения из высшей реальности-Первосущего (Абсолютной субстанции), которая находится в центре Вселенной. Эволюционный процесс (стрела времени) в небесной сфере идет в нисходящем направлении от максимально упорядоченного состояния к менее упорядоченному состоянию, а в подлунном мире наоборот-от менее совершенной формы к более совершенной форме.

В начале эманационно порождаются духи Вторичных Причин, которые актуализируются, субстантивируются в форме девяти небесных сфер: Первого Неба, Неподвижных Звезд, Сатурна, Юпитера, Марса, Солнца, Венеры, Меркурия, Луны. Затем идет эманация ступени Деятельного Разума, который не субстантивируется. Деятельный Разум постигает самого себя, Первосущее и каждую из Вторых Причин и все существующее в подлунном мире. Подлунный мир расположен ниже сферы Луны. В подлунном мире вначале порождаются первоэлементы: огонь, воздух, вода и земля как носители естественных субстанциальных форм: жаркости, легкости и тяжести. Любое материальное тело в мире Бытия и Уничтожения есть комбинация этих первоэлементов (как субстрат) и субстанциальных форм [2]. Итак, согласно аль-Фараби, все многообразие форм бытия в Небесной и Земной сферах Вселенной двойственны: и «дух» и «тело»; которые лежат в двух противоположных измерениях(идеальном и материальном). Натурфилософии Декарта и Лейбница лежат в русле этих идей. Далее остается только один шаг до пантеистической натурфилософии Спинозы, когда «дух» и «тело» рассматриваются как универсальные атрибуты Природы (Бога), т.е.Порождающее (Бог), отождествляется с категорией Взаимодействия (“causa sui”). Но это было реализовано в результате процесса секуляризации и становления капиталистической формации в обобщенно- философской форме Спинозой, а в конкретно-научной форме как теория гравитационного взаимодействия Ньютоном.

Согласно современной космологии точка порождения Вселенной именуется сингулярной точкой «Большого взрыва», где все физические параметры: температура, давление, плотность материи бесконечны. Меру бытия всех форм материи в Универсуме определяет физическая форма материи.Ибо физическая форма материи-это субстанция порождающая все многообразие форм бытия материального мира.

Идея эволюции Вселенной фундаментальная парадоксальная идея натурфилософии аль-Фараби. Действительно, согласно аль-Фараби, «существование всех вещей проистекает от него (Первосущего) и все сущее образовалось в определенном порядке», т.е. последовательно; ибо «существование последующего без предшествующего невозможно» [3]. Поэтому мир в динамическом понимании-это эволюционный процесс(тезис); но далее аль-Фараби констатирует(антитезис), что вместе с тем вещи не происходят от него естественным путем, постепенно; а «становление мира произошло сразу, вневременно. Так же вневременно происходит и исчезновение» . Решение аль-

Фараби этой эволюционной антиномии: Первосущее и Мир в целом неподвижен, только «части мира возникают и исчезают так, что их возникновение и исчезновение происходит во времени». Это решение вполне согласуется с современными космологическими моделями Мира: теории множественных Вселенных и «мира и антимира» в каждом из которых материя эволюционирует, но в целом происходит взаимная компенсация и аннигиляция с последующим порождением новых Вселенных.

В физике Аль-Фараби рассматривается прежде всего естественное место, которое есть состояние динамической устойчивости (покоя). Тело есть то нечто, что движется и покоится. Далее рассматривается отношение тела к пространству и времени. Пустое пространство Аль-Фараби категорически отрицает. Пространство есть нечто аналогичное мировому эфиру. Время он рассматривает как одну из акциденций движения. Относительно времени возникают вопросы: является ли оно конечным или нет; обрывается ли оно или нет; если обрывается, то какова природа [его] начала. Далее исследуются акциденции движения и ее видовые различия, а именно: единство и противоположность, принужденность и естественность, вечность и невечность. В натурфилософии Аль-Фараби исследуются физические, химические и биологические виды движения. А что касается рассмотрения того является ли тело, состоящим из неделимых частиц, конечно ли оно или бесконечно и должны ли быть у каждой части [свои] части, форма строения или нет, то оно по Аль-Фараби связано с метафизикой.

Понятие «естественного места» центральная категория в понимании проблемы движения у Аль-Фараби. У каждого тела есть особое место, к которому оно влечется. Всякое природное тело, достигнув естественного для него места, приводится в движение лишь по принуждению. Когда же это тело разлучено со своим местом, то оно естественно движется к нему. Под движением Аль-Фараби понимает как изменение места, так и превращение при становлении и исчезновении, однако его также можно понимать как переход от потенциального к актуальному.

В трактате «Об органах человеческого тела» аль-Фараби раскрывает специфическую природу биологических субстанций и их акциденций. Искусство естествознания — это теоретическое искусство, с помощью которого достигается достоверное знание природных тел и присущих им акциденций. Знание, которое называют достоверным,— это знание того, что есть вещь и какова причина ее существования. Это — цель исследования природных тел, которая состоит в том, чтобы познать акциденцию каждого природного тела и его субстанцию. Причина вещи — это либо то, благодаря чему она существует, либо то, в силу чего она существует, либо наконец, то, ради чего она существует. Причины существования вещи — это ее материя, ее форма, образующие начало вещи, а также цель, ради которой вещь существует. Одна из этих причин — это то, в силу чего вещь существует, т. е. материя; та причина, благодаря чему вещь существует, — это ее форма; а то, ради чего существует вещь, — это ее цель.

Всякий орган живого использует теплоту как источник своих действий. Имеющаяся в нем теплота есть его сущностная форма. Таким образом, в каждом органе помимо силы, исходящей из сердца, имеется свойственная ему сила, а именно его природа, посредством которой он актуально субстанциализируется.

Сила, благодаря которой возможна пульсация вен, есть главная питающая сила в субстанции тела. Поэтому сердце по своей субстанции в той мере, в какой оно питает, является главенствующим органом.

Согласно универсальному закону сохранения энергии (первый закон термодинамики) всякий орган живого использует теплоту как источник своих действий. Поэтому имеющаяся в нем теплота есть его сущностная форма, а израсходанная теплота непрерывно пополняется от естественного источника теплоты – Сердца, полагает аль-Фараби. Согласно современному естествознанию, источником тепла являются пища состоящая из углеводов, жиров и белков, а сердце является только органом, качающим кровь, обогащенный кислородом, во все клетки организма тела для воспроизводства живой клетки по генетической программе ДНК. Пищеварение есть процесс разложения пищи до структурных единиц живого: аминокислот, глюкоз и жирных кислот (катаболизм), а обратный процесс: преобразование аминокислот в белки, жирных кислот в жиры, глюкоз в гликоген-это анаболический процесс. Метаболизм – это биохимическая цепочка циклических колебаний противоположных процессов: катаболизма и анаболизма, управляемые механизмом обратных связей на различных уровнях: от бессознательных, инстинктивных, эмоциональных до сознательно контролируемых разумом.

Органические системы есть интегрированные целые, чьи свойства не могут быть сведены к свойствам составляющих частей. Каждый организм – от мельчайших бактерий через весь спектр растений и животных до человека – является интегрированным целым и, следовательно, живой системой. Наблюдаемые – это полный набор взаимосвязанных переменных, описывающих состояние системы, каждая из которых может варьироваться в определенном диапазоне между верхним и нижним пределами. Значения всех переменных колеблются между этими пределами, так что система непрерывно находится под воздействием флуктуаций даже в отсутствии каких-либо возмущений. Состояние динамического равновесия органической системы, воспроизводится механизмом гомеостазиса т.е. при появлении какого-либо возмущения организм стремится возвратиться к первоначальному состоянию равновесия; и делает это, адаптируясь различными способами к изменениям среды. В дело включаются механизмы обратной связи, стремящиеся уменьшить любое отклонение от состояния равновесия (принцип Ле-Шателье). Благодаря этим регулирующим механизмам, известным также как отрицательные обратные связи, температура тела, давление крови и много других важных характеристик высших организмов остаются относительно постоянными даже при значительных изменениях окружающей среды. Однако, отрицательные обратные связи – только одна сторона использования флуктуаций в самоорганизации. Другая возможность – положительные обратные связи, которые состоят не в ослаблении, а в усилении некоторых отклонений. Аналогично и биосфера Земли регулирует химический состав воздуха, температуру поверхности земли и многие другие параметры планетарной оболочки механизмом гомеостазиса, что позволяет рассматривать планету в целом как один живой организм.

Натурфилософия аль-Фараби осмыслена на языке категорий субстанции и акциденции. Но этот язык одновременно порождает парадокс размножения субстанции, т.е. процесс субстанциализации акциденции без достаточного их обоснования. Логической основой появления таких парадоксов является самая элементарная форма человеческого мышления, протекаемая в форме простого атрибутивного суждения.

«Қазақстанның рухани жаңғыруы – білім, дәстүр және жаңашылдықтан тұратын ұлттық кодымыз. Сондықтан Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы – ұлттың ХХІ ғасырдағы рухани гүлденуінің ғаламдық стратегиясы». «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру» жөніндегі жобаларды іске асыруға барлық этномәдени бірлестіктердің атсалысуы қажет екенін атап өткен болатын. Осыған орай бүгінде еліміздегі этномәдени орталықтар бұл жобаларды жүзеге асыруға белсене кіріскен.

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаһандану дәуірінде рухани құндылықтарымызды түгелдейтін, халқымыздың санасын серпілтіп, өткенін жаңғыртатын дер кезінде қолға алынған бағдарлама болды. Ел дамуында ұлттық құндылықтардың, елдік ерекшеліктің, азаматтарымыздың санасын рухани тұрғыдан жаңғыртудың маңызы зор. Сондықтан бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енуге ұмтылып жатқан тұста, ел дамуын басты шарт етіп, мемлекетіміз дамыған елдердің қатарына ұмтылып жатқан тұста өткенімізге үңіліп, бар жоғымызды түгелдеп алу қажет. Осыны сезгендіктен Елбасымыз «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын халыққа бағыттады. Және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бірнеше бағытты айқындап берді. Яғни осынау бағыттар арқылы қолға алынған іс-шаралар, шын мәнінде рухымыздың жаңғырып, өткенімізге үңіліп, барымызды бағалап, жоғымызды түгендеп алуда негізгі бағыт бағдар, адастырмайтын шамшырақ болмақ. Бүгінгі күні ұлтымыздың

ұлттық құндылықтарын дәріптеу арқылы, ұлттың жанына жақын, қанына сіңген қасиеттерді жаңғырту арқылы дамудың дұрыс, даңғыл жолында келе жатқанымызды аңғарып отырмыз. Өткенімізге үңіліп, қазақтың тарихында бұрыннан бар құндылықтарымызды жаңғырта білсек, рухани жаңғыру өз мақсатына жетіп, санамызда да серпіліс орын алады. Ұлттық құндылықтарымыз қайта оралу арқылы, ұлт ретінде бағамыз да арта түседі. Шын мәнінде рухани жаңғыру тұтас қоғамның барлық саласына қатысты.

Рухани жаңғыру аясында бүгінде қыруар жұмыстар атқарылуда. Ең қуаныштысы талай жылдар бойы атауы да, идеясы да ұғымымызға сай емес, атаулардан арыла бастадық. Әсіресе Солтүстік облыстағы, Шығыс Қазақстан аумағындағы қалалар мен елдімекен атауларының қазақылануы талай мамандарымыздың арманы болатын. Демек алдағы уақытта «Рухани жаңғыру» аясында мұндай шаралар жалғасын таба бермек. Қазақстан Халқы Ассамблеясы жанындағы этномәдени орталықтар да "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында іс-шаралардың ұйымдастырылуына өз үлесін қоса бермек.

Осы орайда біздің Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі «Достық» студенттік ассамблеясы да ел игілігіне өзінің кішігірім үлесін қосып келеді. «Достық» студенттік ассамблеясы «Қазақстан тарихы және Қазақстан халқының мәдениеті» кафедрасының жанында жұмыс жасауда. «Достық» студенттік ассамблеясының мүшелері «ІТ технология, автоматтандыру және агроөнеркәсіп кешенін механизациялау» мен «Агробиология» факультетінің бірінші курстарына «Достық» және «Елбасы» мұражайына экскурсия жүргізді. Экскурсия мақсаты – жастар арасында азаматтықты, басқа ұлттардың мәдениетіне деген төзімділікті қалыптастырып, танымдық қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін дамытуға тәрбиелеу болып табылады. Сонымен қатар «Достық» ассамблеясының мүшелері Қазақстан Халқы Ассамблеясының Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы ұсынысын қолдау акциясын өткізді. Игі бастамаға үн қосқан жиырма бір ұлттың өкілінен құралған университет жастары бас оқу ғимаратының алдына жиналып, студенттік «Достық» би ансамблімен бірге «Достық» биін билеп, ұлтаралық татулық пен бірліктің нышанын көрсетті. Ортақ іске жұмылуға шақырған шараға қатысушы жастар Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысын қолдай отыра, кезектен тыс президенттік сайлау өткізу бастамасын халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санайтындықтарын, бұл – тәуелсіз елдің болашағы үшін жасалатын маңызды қадам екенін атап өтті. Университет ректоры, академик Тілектес Есполовтың бастамасымен құрылып, былтыр өзінің 10 жылдығын атап өткен «Достық» студенттік ассамблеясы Алматы қаласындағы орыс, украин, күрт, ұйғыр, кәріс, шешен, түрік, поляк, беларусь т.б. халықтардың Кіші ассамблеяларымен, мәдени орталықтармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Университете Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының арасында бірінші болып Елбасы идеясынан туындаған «Қазақстан жолы» тәрбие-білім орталығы құрылған. Студенттік «Достық» ассамблеясының жұмысы да осы орталық аясында жүзеге асырылуға тиіс жаңа талаптарға негізделген. Басты ұстаным – қазақстандықтардың мемлекетшіл, патриот жаңа буынын қалыптастыру, жеке бастың табысқа жету жолдарын үйрету әдістемесін дамыту, еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмірлік ұстанымдары,

жасампаз қызметі мен болашаққа қызмет ететін идеяларын пайдалану арқылы студенттерді тың бастамаларға қанаттандыру.

Бүгінгі таңда бейтәбітшілік пен тұрақтылықты, ынтымақ пен бірлікті нығайтудың, қоғам мен мемлекеттің, еліміздің барша азаматтарының күш-жігерін жұмылдырудың маңызы зор. Осыған байланысты, Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысын қолдай отыра, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің жастары кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу бастамасын халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санайды. Бұл – тәуелсіз елдің болашағы үшін жасалатын маңызды қадам.

Қазақ халқының баяғыдан келе жатқан жақсы бір «Кең болсаң, кем болмайсың» деген сөзі қазіргі толеранттылық ғылыми атауын бір мақалға сыйғызық отыр. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті, Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының 22 сессиясында былай деген еді: « Ол кезде ең далада қазақтардан басқа ешкім тұрмайтын. Оларды топ-тобымен вагондардан түсіріп жатты. Оларды тек қана қазақтар қарсы алды. Қолындағы бір үзім нанымен бөлісті. Сондықтан осынау даланың дархан халқы басқа халықтар тарапынан алғыс айтуға лайық. Осыған орай Қазақ Халық Ассамблеясының құрылған күнін «Алғыс айту» күні деп жарияласақ өте орынды болар еді.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы.

Қорыта айтқанда, бұл елбасымыздың ұтымды қағидасы, халқына деген үндеу өсиеті деп білемін. Ішкі руханиятымыз арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдап, жаңғырудың даңғыл жолына түсуге көшбасшымыз ел болашағы жастар, мына бізге дара жол көрсетті. Ол соқпақтардан қалай өту керектігін айтып, бағыт бағдар берді. Ендеше, көкжиектен ауытқымай, ұлт көшбасшысының өскелең ұрпаққа мензеген дара жолымен биік шыңдарды бағындырайық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан 2017.12-сәуір
2. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан 2017.12-сәуір

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ғылым-білім тақырыбы

Аннотация

В статье рассматриваются научно-образовательная тема в произведениях Машхур-Жусуп Копейулы

Annotation

The article deals with the scientific and educational theme in the works of Mashhur-Zhusup Kopeyuly

Ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (1858—1931, Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған) — ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Мәшһүр-Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама. Ол өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен де айналысты. Шежірелер мен айтыстарды, көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттады. Сонымен бірге, ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады десек те болады. 10-15 жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысады. 1887 жылы 29 жасында Мәшһүр Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т.б. шаһарларға сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе мен ат болғанын ескерсек, бұл сапарының өзі 2-3 жыл уақытты қамтыса керек. Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік, және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады. Келесі жылы Бұхарадан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Йасауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыпыра уақыт болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған жұртты аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса, үшінші сапары 49 жасына (1907) сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: “Сарыарқаның кімдікі екендігі”, “Хал-ахуал”, “Тіршілікте көп жазағандықтан көрген бір тамашамыз” атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Мәшһүр Жүсіп жинаған фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыз бен

әңгімелер. Мұндағы аңыздар: жер-су аттары. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгілі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинаған фольклорлық үлгілерге жанрлық жағынан келетін болсақ, ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30-40 шақтысы топталған. Ол ел арасынан: “Қамбар батыр”, “Ер Тарғын”, “Ер Көкше”, “Ер Сайын”, “Нәрік ұлы Шора батыр”, т.б. тәрізді батырлар жырында, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Алтынбас-Күмісаяқ” т.т. лиро-эпостық жырларды да, сондай-ақ “Киік”, “Бозторғай”, “Дін үйренетұғын” тәрізді басқа шығармаларды да жинаған. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Ер Тарғын” жырларын Мәшһүр Жүсіп 1866 жылы 8 жасында-ақ Қамар хазіреттің қолжазбасынан көшіріп алғанын білеміз. Ал “Алтынбас-Күмісаяқ” – 200 жолдан тұрады дей отырып, бұл жыр үлгілерін жинаған В.Радлов екендігін Мәшһүр Жүсіп көрсетіп кеткендігінің де куәсі болдық. Бұл үлгілерді Мәшһүр Жүсіп В.Радлов жинағынан ала отырып, олардың бәрін қолжазбаның әр жеріне шашыратпай, бір жеріне ғана топтастыра орналастырған. Сондай-ақ, қолжазбалар ішінде “Сайын батыр” жырының көлемі 2000 жолдан тұрады деген де дерек бар. Зерттеуші ел арасынан түрлі ертегілер де жинаған – “Еділ-Жайық”, “Көр ақтарған Жаманбай”, “Баһырам патша туралы”, “Есен тентек туралы”, “Ертеде бір хан болыпты”, “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама”, “Еңсегей бойлы Ер Есім”, “Алаша хан”, “7 жасар Желкілдек”, “Ер Төстік”, “Өз Жәнібек және бір ұста”, “Екі патша”, “Әділ би”, “Сүйіндік: Олжабай батыр, Тама Сарыбас мерген”, т.б. Халық поэзиясы үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерінбей ұзақ жинағаны мәлім. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, мақал-мәтелдерді жинаумен айналысу фольклорист-ғалымнан ұзақ уақыт пен қажымас ізденуді, еңбектенуді қажет ететіні белгілі. Мәшһүр Жүсіп сондай-ақ ақындар айтысының не бір тың үлгілерін де жинаған. Мәселен, “Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы”, “Ұлбике қыз бен Қарақалпақ Жанкел ақын айтысы”, “Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсің қыз бен Заман қожа айтысы”, “Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы”, “Қалдыбай қожа мен Соқыр Шөже айтысы”, “Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сабырбай айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман-Түбек айтысы”, “Қаракесек Қамбар Жанақ пен Орманшы-Сақау ақын айтысы”, “Қуандық-Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы”, “Керей-Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы”, “Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман-Түбек айтысы”, “Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы”, “Қыз бен жігіт айтысы” тәрізді ақындардың сөз қағыстырулары Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында белгілі бір тәртіппен, реттілікпен берілген. Сондай-ақ қолжазба ішінде ақын айтыстың: “Қыпшақ Өске Тәтті қыз”, “Қолға түскен Алтай жігіт – Найман Опан қыз” айтысы 46 жолдан, “Шортанбай қожа мен Арыстанбай ақын” айтысы 100 жолдан, “Шал мен қыз”, “Шөже мен Қалдыбай”, “Жанақ пен Түбек”, “Ұлбике мен Күдері”

айтысы – 106 ауыз өлең, “Жанкел мен Ұлбике” айтысы – 100 ауыз өлең, “Заман қожа мен Осы қыз” айтысы – 50 ауыз өлең, “Тоғжан мен Сақау” айтысы – 78 ауыз өлең т.б. деген түрлерін қанша жолдан тұратынын дерегімен де бірге берген. Ақын қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлең мен қиссалары, дастандары т.б. бар: Бұхар жырау, Мәделі қожа, Сақау ақын, Ақан сері, Шернияз т.б. өлеңдері, Қоңырат Сапақ датқа ақын, Үйсін Үмсін қыз, Заман қожа, Тоғжан, Қалдыбай қожа, Шөже ақын, Арғын- Қамбар Жанақ, Найман Сабырбай, Найман Түбек, Найман-Опан қыз, Орынбай, Шортанбай қожа, Күлік-Жамшыбай, Қаракесек Балта, Көтеш, Ақмолла, т.б. ақындар туындыларын қағазға түсірген. Олар: тілдік ерекшеліктерді сақтау, дәлділік, айтушы аузынан сол қалпынан көшіру, арнайы бір тақырыпқа материал жинау, т.б. Сол тәрізді шығарманы кім, қашан, қайдан, кімнен естіп жаттап алды деген сауалдарға жауап жазу керектігі тәрізді талаптарды Мәшһүр Жүсіптің орындап отырғандығы бізге мәлім. Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан – 5-6; ғашықтық жырдан – 2-3; қисса-дастандардан – 11-12; тұрмыс-салт жырларынан – 30-40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200-300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100-150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30-40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған.. Мәселен, “Ғылым білімі” кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал “Әмір” әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, “бет”, “парақ”, “газет” деген мағынаны береді. Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: “Хазірет Юсуф пайғамбар”, “Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған”, “Сарыарқа тарихы”, “Шоң, Торайғыр билер”, “Абылай аспаған сары бел”, “Қоқан хандары тарихы”, “Кіші жүз ұрандары мен рулары”, “Шанышқылы Бердіқожа батыр тарихы”, “Едіге мен Төле би”, “Көлеби батыр”, “Олжабай батыр тарихы”, “Абылай хан”, “Махамбет деген батыр шығыпты деп барып тапқан 92 батыр” турасында, қазақ шежірелері (Орта жүз тарихы, Мейрам сопы тарихы, Қуандық, Қаракесек, Найман, Қыпшақ тарихтары), “Барпық әңгімелері”, күлдіргі сөздер, “Қаракесек пен төрелер ұраны” туралы, Мөңке би, Досбол би, Қожакент пен Өзкент, т.б. қалалары турасында, “Ошақты Қоңырбай қалпе” әңгімесі, “Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді”, діни нанымдар т.б., Сарман, Қиғара, Қосдәулет билер хақында, жыл басы туралы, Орманшы ақсары Шотана батыр жайындағы деректер орын алған. Бұл экспедиция сапарларында В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев т.б. сынды ғалымдар көптеген ауыз әдебиетін жинайтын тілшілер мен өз елінің мәдениеті мен фольклорына жанашыр көзқараспен қарайтын энтузиаст адамдардың да көмегіне сүйеніп отырғаны мәлім. Жинаушылықтың осы формасын “экспедициялық” әдісті Мәшһүр Жүсіп те көп қолданған. Бірақ жинаушылық барысында Мәшһүр Жүсіп жоғарыдағы фольклорист-ғалымдар тәрізді тілшілер, т.б. көмегіне сүйенбеген. Мәшһүр Жүсіптің қазақ тілін жете

меңгергендігі, бір жағынан, оның жинаушылық қызметінің тілдік қиындықтарға ұрынбауын негіздесе, оның жинау жұмыстарының тез қарқынды жүруіне де, фольклорлық үлгілерінің мол болуына да ықпал етті. В.Радлов, Г.Потанин тәрізді фольклорист-ғалымдар фольклорлық үлгіні жинағанда жанрдың көнелігіне баса назар аударып, көмекшілеріне көбінесе сол жағын көп тапсырғаны байқалады.. Сол арқылы бүкіл халықтың түсінігін, арман-ойын, салт-ғұрпын, мәдениетін, т.б. түсінеді. Мәшһүр Жүсіп болса, халыққа сол кезеңде “не керек” дегендерді аражігін ашпай жинай берген. Қазақ халық әдебиетінің жиналу тарихын сөз еткенде, өз әріптестеріне Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ә.Диваев, т.б. қарағанда, соларға үндес ететін ортақ сипаттарымен қатар Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшеліктері мол екеніне алдымен көңіл бөлу керектігін айтқымыз келеді. Шығыс, батыс мәдениетін, қазақ тілін жетік меңгерумен бірге араб, парсы, орыс, көне түркі тілін жете игеруі және ХІХ ғасырдың соңғы ширегі мен ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласын көп аралауы нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда, анағұрлым мол жинап, ол туралы кеңірек зерттеу жүргізу мүмкіндігі болды. Мәшһүр Жүсіп жазып қалдырған көп материалдарды шолып қарай отырып, оның жинаушылық еңбектерін саралауға бастайтын мынадай ерекшеліктерін жинақтап айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Көп томдық шығармалар жинағы- Алматы:Алаш,2003
2. Халық ауыз әдебиеті: ақындар туындылары-Алматы:2008
3. Қазақ фольклоры. Алматы:2006

Возрождение национальной культуры

Выполнила: Рахимжанова Д., ЕТУ, 1 курс, Спец. Юриспруденция

Научный руководитель: Ермаханова М. А.,к.и.н.

Культуру нельзя унаследовать,
Ее надо завоевать...
Андре Мальро.

Главной проблемой ХХІ века, является кризис духовности. А духовный опыт человечества - это и есть культура, все, что создано самим человеком на протяжении всей человеческой истории. Нам известно, что человеческое общество-это сложнейшая система, на ее развитие влияют как субъективные, так и объективные факторы. Если субъективная часть-это сфера сознания, духовная сфера, то объективная - это материальная сфера жизни общества.

Первый президент Казахстана Н.А. Назарбаев отмечал: «Идеология традиционализма логически связана с кризисом социалистической идеологии. Действительно, к чему можно обратиться, если прежние догмы оказались

несостоятельными? Наверное, к самому простому, понятному и в то же время глубоко нравственному в жизни каждого народа – к традициям. Их роль в жизни народа неоспорима. Культурные традиции всегда были источником социального возрождения. Возврат к своим истокам, культурным корням – это, конечно, позитивный процесс. К тому же необходимо отказаться от упрощенческой трактовки традиций и общественного прогресса. Опыт современного мира убедительно показывает, что некоторые традиционные структуры очень органично вплетаются в ткань нынешней цивилизации. Без опыта невозможно и новаторство. Именно традиции позволяют человеку не потеряться, а приспособить свой образ жизни к стремительным изменениям современного мира». [1]

Современный Казахстан переживает период национального возрождения; в докладе Первого президента Казахстана Н. А. Назарбаева перемены в стране характеризуются как возрождение национальной государственности. Также возрождаются и народные ремесла, народные обычаи, обряды и национальные виды спорта, религия титульной нации, национальное образование и казахский язык, песенный жанр и стихосложение на казахском языке.

На XIII сессии Ассамблеи народа Казахстана Н. А. Назарбаев подчеркнул: «мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития казахского языка, который является главным фактором объединения всех казахстанцев. В то же время создать благоприятные условия, чтобы представители всех проживающих в стране народностей могли свободно говорить, обучаться на родном языке, развивать его». [2]

Закон Республики Казахстан от 24 декабря 1996 года № 56-І «О культуре» регулирует общественные отношения в сфере создания, возрождения, сохранения, развития, использования и распространения казахской национальной культуры, культуры других народов Казахстана. Ранее имело место сознательное изживание и уничтожение традиций на протяжении всего двадцатого века. За семидесятилетний советский период в Казахстане боролись с традициями как с «пережитками прошлого».

Существует тесная взаимосвязь между культурой мира и толерантностью при использовании диалога для решения мирным путем общественных отношений.

Нужно обратить внимание на то, что воспитание молодежи занимает важное место в сохранении, возрождении и развитии духовно-культурных традиций. А воспитание толерантности в молодежной студенческой среде, т.е. формирование толерантной личности, сегодня становится как никогда актуальным.

А что, из себя представляет толерантная личность? Толерантная личность - это человек уверенный в себе, способный разобраться в своих достоинствах и недостатках, способный на разумное самоограничение, отвечающий за свои поступки и не перекладывающий ответственности на других, комфортно чувствующий себя в окружающей среде, понимающий других людей.

Воспитание толерантного отношения к «другим», безусловно, должно начинаться с самых юных лет, а введение аспектов толерантности в образовательные программы вузов продолжает традиции, заложенные в детстве, ведь результатом университетского образования является не только получение знаний в

определенной области, а инкультурация, социо-культурная идентификация личности, т.е. определение человеком своих возможностей, особенностей в социо-культурном пространстве, установление им своей общественной, этнической, политической, конфессиональной и т.п. идентичности.

Итак, если рассматривать толерантность в качестве активной нравственной позиции и психологической готовности к взаимодействию с людьми иной социальной, национальной, религиозной и культурной среды, то можно выделить следующие ее виды:

- межличностная - способность и практическое признание носителей иных ценностей, логики мышления, иных форм поведения;

- межсоциальная - направленная на обеспечение устойчивой гармонии между различными социальными группами;

- межконфессиональная – терпимость к чужим верованиям;

- межкультурная – уважение и правильное понимание богатого многообразия культур при сохранении позитивного образа своей собственной культуры.

- межэтническая или межнациональная – интерес и внимание к мыслям, мнениям, опыту, обычаям, поведению представителей других национальностей, этносов и культур.

Ярким примером межэтнической толерантности, являются межэтнические браки, число которых немалое в Казахстане. Образование этнически смешанной семьи открывает возможности передачи информации между контактирующими этносами в пределах поколения, так и между поколениями. В смешанных семьях воспитываются некоторые черты интернационализма, внутрисемейная атмосфера в подобных семьях больше способствует выработке толерантности в самосознании детей. В процессе общения на межличностном уровне передаются специфические для данного этноса элементы культуры, социо-нормативная культура; язык; отдельные элементы материальной культуры; отдельные элементы художественной культуры. Образование смешанных семей неизбежно влечет за собой появление в их быту многих качественно новых черт. Ситуация межэтнического общения дает человеку больше возможностей для приобретения знаний об особенностях своей культуры и других этнических групп, способствует развитию межэтнического понимания и формированию коммуникативных навыков. Роль этнически смешанных семей в этнокультурных процессах связана, прежде всего, с тем, что они действуют как канал взаимного обмена информацией о культурных особенностях контактирующих этносов. [3]

Все мы знаем, что Казахстан - республика многонациональная, и это наше богатство. Свидетельством этому послужили случаи, когда в годы ВОВ Республика приняла более 532 тыс. эвакуированных людей, в их числе были ингуши, калмыки, карачаевцы, чеченцы, балкары, крымские татары, турки – месхетинцы. Также накануне войны были депортированы 102 тыс. поляков, в административном порядке были перенесены более 360 тыс. немцев Поволжья. По сведениям III Управления Комитета государственной безопасности (КГБ) СССР, в октябре 1945 года число переселенных людей составило около 2 млн. 464 тыс. человек. В годы освоения целины приехали 640 тыс. человек. Все эти народы, которые по разным историческим причинам оказались на нашей земле,

гармонично влились в нашу общую семью - Казахстан. Обогатили и обогатились культурой, произошло формирование многонационального Казахстана. Значение культуры этих народов, делает нас сильнее и мудрее, терпимее друг к другу, укрепляет оптимизм, веру в будущее. [4]

Одной из основных задач государственной политики, является сохранение традиционного культурного наследия. Традиционная культура – важнейшая составляющая духовного и культурного пространства любого народа, основа формирования национального самосознания.

С наступлением эпохи глобализации культурному многообразию человечества брошен вызов со стороны массовой культуры, и ответом на него может быть последовательное и постоянное обращение, сохранение национальных культурных ценностей, способствующих позитивному решению стоящих перед обществом проблем. Становится крайне актуальным вопрос о сохранении языковой и культурной идентичности и самобытности традиционной культуры казахского и других народов Казахстана.

Речь идет о возрождении и развитии казахской культуры, чтобы она была конкурентоспособной по отношению к западной культуре. В условиях всевозрастающей глобализации необходим конструктивный диалог ценностей традиционной культуры народов Казахстана и либерально-демократического общества. Необходимы законы, регулирующие отношения в сфере культуры транзитного общества и обеспечивающие уникальность культуры народов. Не требует доказательств, тот факт, что полиэтничное общество Казахстана должно строиться на принципах интеграции, когда каждый гражданин, принадлежащий к той или иной национальности, тем не менее, будет осознавать себя казахстанцем, не испытывая неприязни и ненависти к другим народам, населяющим нашу многонациональную страну, и ущемления своего национального достоинства.

Исторический опыт доказал, что незнание культуры своего народа, его прошлого, настоящего ведет к разрушению связи между поколениями связи времен, что наносит непоправимый урон развитию человека и народа в целом. В этой связи я хотела бы отметить, что незнание основ национальной культуры, традиций, обычаев – затрудняет воспитательную работу в многонациональном коллективе, приводит к возникновению конфликта.

Такж отметим, что значение и роль традиционной культуры и родного языка в жизни народа – неопределимы. Они также являются посылами и стимулами к качественному обновлению нации, достижению высокого уровня гражданской и нравственной культуры общества, стандарта качества жизни. Самая главная, привлекательная особенность – это их удивительное разнообразие, самобытность и неповторимость. Развивая особенности своей культуры, нация избегает подражания и униженного копирования, создает свои формы организации и культурной жизни.

Культурное наследие нации – это наше общее достояние. А воспитание молодежи в духе уважения к традициям, культуре других народов, есть залог сохранения этого достояния. Ведь национальное достояние не только обогащает нас духовно, но и приучает к терпимости, уважению к культуре друг друга.

Один из фактов, подтверждающих о том, что передача культуры, ее сохранение является фундаментом, соединяющим горизонты прошлого, настоящего и будущего народа, это празднование Наурыза. В наши дни праздник Наурыз стал общенародным праздником весны, труда и единства. А сегодня он одинаково дорог всем народам, живущим в многонациональном Казахстане. Древний праздник Наурыз гармонично трансформировался в современную жизнь, сохранив преемственность традиций древности.

Важным аспектом модернизации общественного сознания является – культ знаний. Образованный человек – культурный человек. Программа «Рухани жанғыру» направлена на развитие казахстанской культуры в течение долгого времени. Таким образом, модернизация происходит не только внутри страны, но и за ее пределами. Также она является главным идеологическим документом в Казахстане. С оглядкой на него формируются практически все государственные инициативы. Правильное образование – одно из его направлений. Именно поэтому в стране действует подпрограмма «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке». 49 книг уже презентовано. Это мировые бестселлеры в оригинале на английском языке.

На фоне процессов глобализации, негативной реакции на распространение западного образа жизни, утраты индивидуальности необходимо возрождать национальную культуру, традиции народа, исконную духовность, уважение к национальному языку, словом, этнокультурную самобытность. Однако действия по сохранению и преумножению своей национальной культуры возможны лишь при условии одновременного формирования толерантного отношения к другим, в том числе иных цивилизованно-культурных общностей.

Глобальный уровень поликультурного образования предполагает развитие позитивного опыта общения с людьми разных наций.

Надо научиться ценить других людей за то, что они другие, совсем не требовать, чтобы они были похожи на нас. Ведь если бы мы все были одни и те же, мы бы просто не выжили как биологическая единица. Мы живем потому, что мы разные. Человеческое общество держится на различии между людьми. Надо научиться ценить в другом человеке другого человека и надо обеспечивать ему это право – быть другим. В статье «Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания» Н.А. Назарбаев отмечал: «Мы строим меритократическое общество, где каждый должен оцениваться по личному вкладу и по личным профессиональным качествам. Такая система не терпит кумовства. Это форма развития карьеры в отсталых обществах.

Задача не в том, чтобы заниматься перечислением положительного и отрицательного в накопленном опыте. Задача в том, чтобы понять два непреложных правила:

1. Никакая модернизация не может иметь место без сохранения национальной культуры.

2. Чтобы двигаться вперед, нужно отказаться от тех элементов прошлого, которые не дают развиваться нации». [5]

Таким образом, воспитание в многонациональной в студенческой среде должно представлять собой совокупность различных мероприятий: это и

включение аспектов толерантности в организацию учебного процесса, и формирование досуга молодежи, и знакомство с сокровищницей мировой культуры, и непосредственное общение представителей разных культур, недопущение пропаганды экстремистских и мигрантофобских настроений. Кроме того необходимо соблюдать права и законные интересы студентов разной этнической и религиозной принадлежности, не допускать дискриминации, способствовать формированию атмосферы взаимоуважения, взаимопонимания и единства.

Как говорил Аль-Фараби: «Если поколение растет только образованным, но не воспитанным, то у государства нет будущего». То есть культ знаний, стремление к образованности и правильное воспитание должны быть приоритетом в обществе, ведь это и есть залог развития самого общества.

И в заключении, хотелось бы отметить, что невозможно сохранить мир в наше время, если мы не научимся понимать друг друга, уважать культуру других народов окружающих нас, ведь наши национальные традиции и обычаи, язык, музыка, национальный дух, должны вечно оставаться с нами. Еще одна необходимая вещь – терпимость и уважение, причем не только к тем, кто прав, умен и образован. Ко всем. И к тем, кто думает иначе, даже если он не прав.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Назарбаев Н.А. Идеиная консолидация общества как условие прогресса Казахстана. – Алматы, 1993.
2. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996.
3. Мажитов С.Ф. Взаимодействие и взаимовлияние национальных культур: теория и проблемы преемственности. В кн. «Вопросы культуры и искусства Казахстана на пороге XXI века». (Сост. Мажитов С.Ф., Мурзаханова К.И., Еденбай А.). – Алматы: ЧП Алексеев, 1999.
4. Декларация о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики. Постановление Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики //Казахстанская правда. – 1998. – 28 октября.
5. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Рухани жаңғыру – маңызды бетбұрыс

Төленді О.М.

ҚазИТУ колледжінің оқытушысы

Барлық адам баласы, бүкіл халық тәуелсіздік пен бостандықты, теңдікті аңсайтыны анық. Сол жолдағы тынымсыз күрес әлемнің кей түкпірінде әлі де жалғасып жатыр. Тәуелсіздік ұғымының терең астарын тарих қойнауынан, ата-бабамыздың өткенінен, оның санғасырлық арманынан іздегеніміз абзал.

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның бүгіні мен болашағы – халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің

арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Жолдауда қозғалған бағыттарды кеңінен тарқатып, мемлекеттік идеологияны анықтайтын, көпке түсінікті, рухани жаңғыртуға бағытталған құжат деп білемін. Мақаланы оқи отырып, оның әрбір сөйлемінде бүгінгіміз бен болашағы жарқын Қазақстанға апаратын нақты жоспар, мақсат көрсетілгендігін түсіндім. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалар жақсы жүзеге асуда. Ал бұл мақаладағы рухани өрлеу, рухани жаңғыруды біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі деп есептеймін.

«Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, барлық мемлекеттің алдында заманға сәйкес жаңғыру міндеті тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», – деп Н.Ә.Назарбаев «Рухани жаңғыру» атты мақаласын қорытындылаған болатын. Америкалық саясаттанушы Карл Дойч өткен ғасырдың 60-шы жылдарында-ақ «жаңғырудың сыни мәселесі – бұл экономикадағы құрылымдық өзгерістер емес, құндылықтар жүйесіндегі өзгерістер» деген болатын. Қазақстанның үшінші жаңғыруы экономиканы инновациялыққа қарай реформалау бойынша ауқымды міндеттер қояды. Бұл көптеген жаңашылдықты талап етеді.

Қазіргі күнде баршамыз еліміздегі демократияландыруды жеделдету үшін тұрақтылықты, құқықтық мемлекетті және қоғамдық келісімді сақтаудың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз. Қоғамдық тұрақтылық, заңның үстемдігі, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, сондай-ақ, Қазақстанның жаңа геосаяси рөлі мен жауапкершілігі демократиялық өзгерістердің тиімділігінің кепіліне, оның басты өлшемдеріне айналмақ. Осы тұрғыдан келгенде, біздің мемлекет өскелең уақыт талабын тереңнен ұғынып, демократиялық кезеңдердің жана көкжиектеріне зерделі таныммен бет бұрды деуге негіз бар. Оның белгілі көрсеткіштерінің бірі – құқықтық мемлекет.

Құқықтық мемлекет құруда Қазақ тарихында ойып орын алған Тәуке ханды айтып кеткен парыз, себебі қазіргі Қазақстан сан ғасырлық тарихтың жемісі. Тәуке ханның билік құрған алғашқы жылдарында оның билігін қазақтың барлық рулары мойындамаған. Сондықтан Тәуке хан бытыраңқы қазақ қоғамының басын біріктіріп, бір орталыққа бағынған мемлекет құруды басты міндеті деп санады. Осы мақсатта әр түрлі әлеуметтік топтан шыққан дарынды, ақылды адамдарды мемлекетті басқару ісіне тартты. Бұған дейін мемлекетті басқару ісіне тек Шыңғыс ханның ұрпақтары мұрагерлік жолмен тартылатын еді. Тәуке хан мемлекетті басқару ісіне туа біткен данышпан, ел арасында асқан ерлігімен,

батырлығымен дараланған тұлғаларды, яғни билер мен батырларды тартты. Бұл шаралар нәтижелі болды. Мемлекетті басқару ісіне де үлкен өзгерістер енгізді. Билер кеңесін құрып, оның билік ауқымын кеңейтті. Билердің әлеуметтік тегі тек ақсүйек табынан болмағанын ескерсек, қарапайым халықты мемлекетті басқару жүйесіне тарту Тәуке хан енгізген үлкен өзгеріс болды. Билер кеңесі мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына қатысты мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. Билер шешіміне хан қарсылық көрсетпеді, яғни мемлекеттік биліктің басым бөлігі халықтың қолында болды. Тәуке ханның тұсында «Билер кеңесінің» құрамына атақты Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Досай, Едіге, Сырымбет, Қабек, Даба, Есейхан, Жалған, Ескелді, Сасық би, Байдалы, Тайкелтір, Қоқым сияқты дарынды қайраткерлер енді. Билер кеңесінің билік ауқымы зор болған. Бұл органның шешімі негізінде ғана Тәуке хан мемлекеттік мәселелерді шешуге құқықты болған және билер кеңесі қабылдаған заңдар мен шешімдерді жүзеге асырып отырған. Сонымен қатар «Билер кеңесі» хандық билікті шектеу құқығына ие болған. Билер кеңесі соттық билікті де атқарған. Халықтың дәстүрлі менталитетінде билердің қоғамдағы мәртебесін анықтайтын қағидалар көп сақталған.

Тәуке ханның аты тарихта «Жеті жарғы» заңдарымен де тығыз байланысты. Ол қазақтың атақты билерімен ақылдаса отырып, қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, билер сотының тәжірибелерін, аса дарындылықпен айтылған түйінді биліктерді жинақтап, өзінен бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты қазақ заңдарын жаңа жағдайға сай өзгертіп, толықтырып, дамыту негізінде «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын құрастырды. «Жеті жарғы» орыс деректерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған. Оларда орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық-феодалдық құқығының негізгі принциптері мен нормалары баянды етілген. Қазақша «жарғы» әділдік деген ұғымды білдіреді. «Жеті жарғы» – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың жиынтығы. Олар: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Егер ғылыми тілмен айтар болсақ, рухани немесе ұжымдық сана дегеніміз – бұл ақиқатқа негізделген және оған ықпал ететін идеялардың, көзқарастардың, әлеуметтік сезімдердің, адамдардың дағдылары мен мінезінің жиынтығы. Қоғам жеке тұлғалардан тұрады, әр адамның дербес сана-сезімі бар, осының негізінде қоғамдық сана қалыптастырылады. Президент сананы жаңғырту туралы айта отырып, әрбір қазақстандықты қазіргі жылдам өзгеріске ұшырап жатқан заманда өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге, өзін заманауи бәсекеге қабілетті адам ретінде қалыптастыруға шақырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан 2017.12-сәуір

2. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Егемен Қазақстан 2017.12-сәуір

Особенности гендерной фразеологии в изучении лингвострановедческого аспекта неродственных языков

Турдиева Д.А.

К.ф.н., ст. Преподаватель
Кафедры теории и практики
Межкультурной коммуникации
КазУМОиМЯ им.Абылай хана

Бусирова Н.С.

М.ф.н., ст.преподаватель
Кафедры теории и практики
Межкультурной коммуникации
КазУМОиМЯ им.Абылай хана

Аннотация: в данной статье предприняты предпосылки изучения лингвострановедческого аспекта неродственных языков через гендерные фразеологические единицы. На определенных примерах выявлены особенности гендерных отношений разных социокультур.

Ключевые слова: социокультура, лингвострановедение, фразеологические единицы, гендерные отношения, сопоставительный анализ.

На современном этапе развития науки все очевиднее становится необходимость комплексного изучения языковых и социокультурных процессов в их функциональном взаимодействии в ходе исторического развития общества. Важность подобного подхода обусловлена невозможностью рассмотрения целого ряда языковых явлений в отрыве от условий функционирования общества, развития его культуры. В данном случае учет языкового контекста имеет большое значение для адекватного освещения вопросов, находящихся в поле зрения таких научных дисциплин, как культурология, социология, история и т.д. Антропоцентрическая парадигма современного языкознания обусловила актуальность лингвистических исследований, посвященных национально-культурному своеобразию языка. Лингвистика обратилась к «человеческому фактору в языке». А это повлекло за собой исследование «языкового фактора в человеке» — того, как культурно-языковая картина мира воздействует на человека, формируя его языковое сознание, а вместе с ним и культурно-национальное самосознание, его мировоззрение и миропонимание. Такой подход к исследованию языка предполагает обращение к человеку как национальной языковой личности, несущей в себе национальные особенности культуры и ментальности. Он включает в сферу лингвистических интересов достижения философии, психологии, культурологии и других гуманитарных направлений, таких, например, как психолингвистика, социолингвистика, этнолингвистика.

Развитие фразеологии как самостоятельной лингвистической дисциплины характеризуется многообразием подходов и методик исследования, а также изучением все новых проблем и аспектов, которые опираются на теоретические основы фразеологии. В современной лингвистике очень часто рассматриваются вопросы сравнительного и сопоставительно-типологического исследования ФЕ родственных и не родственных языков. Это связано с тем, что сопоставительное исследование языков играет немало важную роль для создания общей теории языка, а также общей теории фразеологии. Типологическое и контрастивное изучение языковых подсистем способствует более глубокому проникновению в природу языка, его особенностям, наряду с другими языками мира. Сопоставление фактов различных языков позволяет лучше понять закономерности и особенности изучаемых языковых явлений, глубже проникнуть в структуру языка, полнее изучить и осмыслить своеобразие каждого из исследуемых языков.

Сопоставительный анализ фразеологических составов нескольких языков, которым занимается особый раздел фразеологической теории – сопоставительная фразеология, находится на стадии становления и тем самым вызывает все больший интерес исследователей. Взаимное соотнесение, сравнение и противопоставление единиц, категорий, разрядов и других языковых явлений выступает как обязательное условие характеристики каждого из них, установления существенных формальных и смысловых связей между ними и конституированы объединяющих их систем, субсистем и микросистем. Под системой мы понимаем общий фразеологический фонд языка, субсистему, как часть этого фонда, представляют в нашем понимании пословицы и поговорки, а микросистему – пословицы и поговорки с анимализмами.

Сопоставительные исследования языковых явлений в области фразеологии и лексикологии привлекают к себе внимание современных лингвистов в связи с важностью выявления общих и специфических черт на фразеологическом и лексическом уровне нескольких языков. Выявление сфер соприкосновения различных языков позволяет выделить общие характеристики быта, культуры, истории и психологии народов. Особый интерес представляют исследования в области фразеологии, так как именно в фразеологических единицах ярко проявляется своеобразие быта и культуры народа. Знание фразеологического состава языка позволяет глубже понять психологию и менталитет нации изучаемого языка. Изучение фразеологического и лексического состава иностранного языка в сопоставлении с родным повышает эффективность его изучения и способствует обогащению знаний в области культурологии и страноведения. Проблемы взаимосвязи языка и мышления, языка и культуры, языка и этноса активно обсуждаются ведущими лингвистами, которые отмечают тесную связь между жизнью языкового сообщества и лексикой языка, на котором они говорят.

Сопоставительный анализ единиц различных языковых систем играет большую роль при установлении межъязыковых параллелей и определении степени эквивалентности переводческих соответствий. Вопросы идентификации фразеологических единиц (далее ФЕ) и сложных слов, проблема разграничения

данных языковых единиц, сопоставительный анализ структурно-грамматической организации и семантики: ФЕ и сложных слов привлекают внимание как отечественных, так и зарубежных исследователей.

Как показывает аналитический обзор литературы по сопоставительной фразеологии и паремиологии, вне поля зрения ученых остался один из важных аспектов, который, может быть наиболее глубоко и объемно представлен в паремиологии практически всех языков – это, как правило бинарный аспект - «Мужчина» и «Женщина».

Само понятие, *гендер* пришло в лингвистику довольно своеобразным путем: английский термин *gender*, означающий грамматическую категорию рода, был изъят из лингвистического контекста и перенесен в исследовательское поле других наук — социальной философии, социологии, истории, а также в политический дискурс. Перенос был сделан, чтобы "уйти" от термина *sexus* (биологический пол), так как это понятие связывает с природной детерминированностью не только телесные различия мужчин и женщин, но и полоролевое разделение труда, неодинаковые требования и отношение общества к мужчинам и женщинам, разную общественную "ценность" лиц в зависимости от их пола. Термин *гендер* был призван подчеркнуть не природную, а социокультурную причину межполовых различий.

В языкознание же *гендер* пришел (вернее, вернулся в новом значении) несколько позднее из сферы социальных наук, когда гендерные исследования получили статус междисциплинарного направления. Наряду с этим понятие *гендер* функционирует в англоязычной лингвистической литературе, разумеется, и в своем старом значении. Кроме того, и до появления нового термина лингвистическая семантика не игнорировала отражение в языке понятия *пол* в значении *sexus*. Да это было бы и невозможно, так как семантический компонент *пол* входит в состав значения многих лексических единиц (*мужчина, женщина, мать, отец* и т.д.). И сегодня работы, посвященные рассмотрению этого вопроса, оперируют понятием *пол*. Таким образом, возникает необходимость выяснить, как соотносятся эти понятия именно в области языкознания, так как их функционирование здесь, как показано выше, отличается от ситуации в других общественных науках, занимающихся гендерными исследованиями.

Современная наука весьма продуктивно разрабатывает понятие «гендер» как одно из важнейших для анализа оснований социальности и ее форм. Смысл данного понятия заключен, прежде всего в идее социального моделирования или конструирования пола. Поскольку социальный пол формируется в процессе социальной практике. Следовательно, в обществе появляется система норм поведения, предписывающая выполнение определенных половых ролей. Отсюда появляется точное представление мужского и женского в обществе. Следовательно, гендер - это совокупность социальных представлений в рамках наших этнокультурологических представлений.

Язык не просто отображает гендер, он помогает конституировать его. Гендер - это набор действий, исполняемых людьми в разных ситуациях и на разных общественных уровнях.

Важную роль в развитии и поддержании гендерной системы играет сознание людей. Конструирование гендерного сознания индивидов происходит посредством распространения и поддержания социальных и культурных стереотипов, норм и предписаний.

Очевидно, что, пока не известно значение C_D , нельзя вычислить V , и наоборот. Заметим, однако, что в интервале чисел Рейнольдса, ожидаемых в этой задаче, значение C_D почти постоянно. Следовательно, можно принять некоторое значение C_D , вычислить V , а затем проверить значение C_D с помощью графика. Затем, если требуется, можно принять второе значение C_D . В данном случае, полагая $C_D = 0,50$, получаем $V = 77,7$ см/сек. При скорости $V = 77,7$ см/сек число Рейнольдса равно $0,96 \cdot 10^5$. Соответствующее значение C_D , взятое из графика, равно $0,50$. Следовательно решение получено.

При постоянной конечной скорости $77,7$ см/сек время, требуемое для всплытия яблока с глубины 30 см, равно $t = 0,386$ сек. Теперь необходимо проверить допущение о том, что временем движения с ускорением можно пренебречь. Начальная сила воздействующая, на яблоко, равна лишь разности между выталкивающей силой и весом яблока и составляет 74 Г. Когда яблоко начинает движение, направленная вверх результирующая сила, действующая на яблоко, уменьшается. Для оценки примем, что максимальная сила (равная 74 Г) действует и при движении с ускорением. Тогда время, необходимое для сообщения яблоку находившемуся в состоянии покоя, скорости $77,7$ см/сек, будет равно

$$a = \frac{F}{m} = \frac{74}{176} \cdot 980 = 411 = \frac{\Delta V}{\Delta t} = \frac{77,7}{t},$$

$$t = 0,189 \text{ сек.}$$

Это минимальное значение, и даже им вряд ли можно пренебречь, если его сравнить с полным временем движения, равным 0,386сек. Таким образом, временем движения с ускорением пренебречь нельзя, если нас не удовлетворяет с погрешностью около 50%.

Построение модели. Очевидно, что в данном случае не приемлемо ни одно из принимавшихся ранее упрощающих допущений. Необходимо вернуться к полному уравнению:

$$a = \left(\frac{\rho_w}{\rho_T} - 1\right)g - \frac{3}{4}C_D \frac{\rho_w}{\rho_T} \frac{1}{D} V^2$$

Подставляя имеющиеся численные значения, получаем

$$a = 411 - 0,136C_D V^2.$$

Поскольку в правой части встречается V , удобно записать a как dV/dt . Тогда получим дифференциальное уравнение, связывающее скорость и время

$$\frac{dV}{dt} = 411 - 0,136C_D V^2.$$

Если известна скорость как функция времени, то, поскольку $x = \int V dt$, можно найти также соотношение между расстоянием и временем; это и будет искомым решением.

Чтобы из записанного нами уравнения получить зависимость между скоростью и временем, необходимо построить график. Для этого заметим что

$$\int \frac{dt}{dV} dV = t.$$

Таким образом на графике для $dt/dV = 1/(dV/dt)$ как функции V площадь под кривой даст время. Порядок работы таков: 1) берем значения V через интервалы от нуля до конечного значения $V = 77,7$ см/сек; 2) для каждого значения V вычисляем число Рейнольдса и по графику определяем значения C_D ; 3) используя записанное выше уравнение, вычисляем dV/dt ; 4) строим график для dt/dV как функции V ; 5) вычисляем площадь под кривой, чтобы найти время как функцию V для различных скоростей (время, в течение которого яблоко имеет скорость V_1 , численно равна площади A под кривой между точками $V=0$, и $V=V_1$); 6) теперь, когда известна зависимость скорости V от времени t , строим график для V как функции t и находим $x = \int V dt$.

Таблица 1. Результаты расчётов

V , см/сек	$R \times 10^{-4}$	C_D	dV/dt	dt/dV
0	0	0	411	0,00243

6,0	0,523	0,425	409	0,00244
12,0	1,046	0,426	403	0,00248
18,0	1,569	0,462	391	0,00255
24,0	2,092	0,480	374	0,00267
30,0	2,615	0,490	351	0,00284
36,0	3,138	0,50	324	0,00308
42,0	3,661	0,50	292	0,00342
48,0	4,184	0,50	255	0,00392
54,0	4,707	0,50	214	0,00467
60,0	5,230	0,50	167	0,00598
66,0	5,753	0,50	117	0,00854
72,0	6,276	0,50	61	0,01639
78,0	6,800	0,50	0	∞

По этим данным построен график на рис.3. Здесь показаны также площади, соответствующие отдельным промежуткам времени. Получены следующие результаты:

$l,$ см	0	6	12	18	24	30	36	42	48	54	60	66	72	78
$t,$ сек	0	0,15	0,29	0,45	0,60	0,77	0,95	1,14	1,36	1,62	1,94	2,38	3,13	

По этим данным построен график, изображенный на рис.4. Вычисляем с его помощью расстояние, получаем

$t,$ сек	0	,03	,06	,09	,12	,15	,18	,21	,24	,27	,30	,33
$x,$ см	0	,18	,72	,62	,79	,23	,96	,85	,86	,93	4,6	5,79

Через 0,33сек скорость становится равной 73 см/сек и далее асимптотически приближается к значению 77,7см/сек. Таким образом, если допустить, что после этого момента скорость постоянна и равна, например, 73см/сек то погрешность будет не велика. Оставшееся расстояние равно $30 - 16,8 = 13,2$ см, на преодоление которого при скорости $V = 77,7$ см/сек потребуется 0,17 сек. Таким образом, при $x = 30$ см общее время составляет $0,17 + 0,33 = 0,50$ сек.




Рисунок 3. График времени от скорости




Рисунок 4. График пути от времени

Оценка и обобщение. Полученный результат имеет почти максимальную точность, которую можно получить при выборе коэффициента гидродинамического сопротивления, соответствующего шару. Очевидно, что яблоко не является шаром, и можно ожидать, что фактический коэффициент гидродинамического сопротивления будет несколько выше. Поэтому вычисленное время 0,50 сек, по видимому, будет минимальным.

Литература:

1. Диксон Дж. Проектирование систем: изобретательство, анализ и принятие решений пер. с англ. – М.: Мир, 1969. -440с.
2. Касымов Н.Ж. и другие. Авторское свидетельство СССР № 1644884 А 23 N 15/00, 1991 г.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Нартай
Жұлдызай

Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті 1-курс
студенті

Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И
профессор

Аннотация

В статье рассматриваются литературная поэзия великого мыслителя и поэта Абая Кунанбаева.

Annotation

The article discusses the literary poetry of the great thinker and poet Abay Kunanbaev.

"Атадан алтау, анадан төртеу" Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шыңғыс тауды жайлаған Тобықты руында дүниеге келді. Абайдың арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос пен Жігітек тарайды. Әрқайсысы бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібақ пен Топай туған. Олардың ішінде Ырғызбай оза шауып, ел басқару ісіне араласқан. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар мен Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болған деседі. Осы Өскенбайдың әйелі Зереден Абайдың әкесі Құнанбай туады. Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бәйбішесі – Күнке, одан бір ұл – Құдайберді. Ал Ұлжан – Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі қайтыс болғаннан кейін Құнанбай келінін әменгерлікпен алған. Ұлжаннан Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ пен Оспан, үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла мен Ысмағұл деген балалары туады. Абайдың "Атадан алтау, анадан төртеу" дейтіні содан. Құнанбайдың қартайған шағында үйленген төртінші әйелі – Нұрғанымнан бала болмаған.

Білімге кұштарлық Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің таусылмайтын аңыз-ертегілерін естіп, сөзге шебер Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті. Абай алдымен әкесінің өз туыстарының балаларын оқытамын деп, "Ескітам" деген қоныста салдыртқан медреседе сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Ғабитхан молдадан білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб пен парсы тілдерін меңгеріп шыққан. Абай дін оқуымен ғана шектелмей, білімін өз бетінше жетілдіруге тырысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламалардың шығармаларымен танысады. Орысша сауат ашады.

"Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға

алатындай зерек болады. Сонымен дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады", - деп жазды Мұхтар Әуезов.

Жазушының сөзіне қарағанда, Абай бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдерін кәрілікке жеткен уақытына шейін ұмытпаған.

Жастай ел басқару ісіне араласты Құнанбай баласының зеректігін бірден байқап, оған жан-жақты білім беруге тырысады. Ал 13 жасында оны оқудан алып кетіп, ел басқару жұмысына салады. Оған қоса, әкесі ел тартысында жалғыздық сезе бастайды. Басында "барып кел, шауып келмен" жүрген жас Абай аз уақыттың ішінде жуан би, ел тартысының атқа мінірі болып шыға келеді. 1885 жылы Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде 100-ден астам би-болыстың қатысуымен төтенше съезд өткізілді. Сонда төбе би болып сайланған Абайға "Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесін" әзірлеу тапсырылады. Абай бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күнде әзірлеп шығады. Бірақ оның беделін өсірген Қарамола съезінен кейін қарсыластары көбейіп кетеді. Абайдың кезінде Құнанбаймен алысқан туысқаннан 17 адам Сібірге де айдалады. Бір тартыстың бастықтары олардан жеңіледі. Бірақ сол жеңістің өзі де атадан балаға кететін үзілмес жаулыққа ұласады. Осылайша, Абай әкесі бастаған істі аяқтаймын деп, өзіне талас-тартыстың біраз бәлесін тілеп алады. Оған неше түрлі жала жабылады. Мысалы, 28 жасында бір қыстың ішінде 12 түрлі қылмыс бойынша тексерілген кезі де болды. Бірақ Абай ондай тартысқа әбден ысылып келген. Шешендік өнері де көп көмегін тигізді. 1898 жылы Көшбике деген жердегі Мұқыр болысын сайлауда Оразбай Аққұлы баласы Жігітек, Мырза-Жөкең ру басылары - Әзберген, Бейсенбі, Бұланбай мен Әбендерді ұйымдастырып, Абайдың өміріне қастық жасайды. Бірақ Кәкітай, Уәйіс, Аппас деген жақын достары ара түсіп, оны қорғап қалады. Осыдан соң ақын ел жұмысына араласпайды да бұрынғы араздықпен өзіне қастық істеткен адамдарымен татуласады. Өзі кітап оқуға ден қояды.

Абайдың шығармашылығы «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...» — дейді. «Адам өлмес» дегеннің мағынасы өзі өлсе де, кейінгіге сөзі, айтқан ойы қалады деген пікірге саяды. Абай «Өлең сөздің патшасы» өлеңінде «сөз түзелді, тыңцаушы сен де түзел!» -деп Ажұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп қарау-ын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап етті. Жаңа танымның баурап аларлық күшін, жаңа ақындық сөздің құнын әрбір адамның тани алатынына қазақ өмірінің сол кездегі жағдайында толық сенім арту қиын да еді. Абай оны жақсы түсінді, мұны оның «Мен жаз-баймын өлеңі ермек үшін» деген өлеңіндегі мына шумақ-тар толық дәлелдейді: ...» Шу дегенде құлаған тосаң-сиды, Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей». Бұдан біз ақын өлең-жырлар-ындағы жаңа, соны ойпікірлерді жұртшылықтың қалай қабылдайтынына ерекше мән бергенін айқын аңғарамыз. Өлең-жырға көңіл қоятын кәсіпкермен мән-жайын түсініп байыбына жетуді талап етті. «Сыртын танып іс бітпес, сы-рын көрмей». Абай ақын халықтың тағдыры мен қасіретін терең түсініп, оның жоғын жоқтаушы

болуға тиіс деп санаған. А-дың өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар мол. «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Калың елім, қазағым, кайран жұртым», «Жаз», (Жаз-дыгүн шілде болғанда) «Жел-сіз түнде жарық ай», «Болыс болдым, мінеки», «Қызарып, сұрланып», «Келдік талай жерге енді», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Көк тұман — алдындағы ке-лер заман» секілді өлеңдерінің кай-кайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығармашылық жаңалық. Бұларға қоса «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сағаттың шықыл-дағы емес ермек», «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Өлсе өлер та биғат, адам өлмес», аударма өлеңдерден «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жолғашықтым біржым-жырт түндежалғыз», «Қанжар», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» сияқты тағы сан алуан шығармалар-ды атауға болар еді. Абай өлеңдерінің көбі не тақырыбы, не стилі, жанрлық сипаты неме-се өлең өрнегі жағынан мүлде жаңа болып келетіндіктен осы топқа жатқызуға болады деген туындыларды түгел қамтып, бөліп алудың өзі өте қиын. Міне, осындай ондаған кемеліне келген өлең үлгілерін туғызған Абай соларға ұқсас, біртектес өлеңдер жазуға үмтыла бермейді. Әрине, қай ақында болсын бірнеше өлең-дер тақырыбы жағынан жалғас келіп отырады. Бұл сол тақырыпқа терендеп бару үппін қажет. Бірақ ол тақырып әр өлеңде әр қырынан ашылады. Абайдың сарқылмас шығармашылық тапқырлығы, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын, жаңаша сипатты дүние болып келетіні. Абайдың тіпті дылдың төрт мезгілін суреттейтін «Қыс», («Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»), «Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан»), «Жаз» («Жаздыгүн шілде болғанда»).»Жазғытұры» («Жазғытұры қалмайды қыстың сызы») секілді бір топқа, циклге жататын қлендерінің де әрқақайсы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. Сондай-ақ өлең, ән-күйдің мәнін ақындық өнердің қасиетін бағалайтын, тақырыбы жағынан бір-біріне жалғас «Өлең-сөздің патшасы, сөз с арасы», «Біреудің кісісі өлсе, каралы-ол». «Мен жазбаймын.өлеңді ермек үшін». «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа». Өзгеге көңілім тоярсың», «Адамнын кейбір кездері» деген шығармалары да ойды әр қырынан өрбітуі , бейнелеу, айту ерекшелігі бойынша бір бірінен өзгеше сипатталған. Осындай бір-бірінс ұқсамайтын әр өлеңінде акынның өнерпаздық тұлғасы әр қырынан көрініп, жаңаша сипат табады «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман алдындағы келер заман»,«Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген сияқты өлеңдерін оқысаңда Абай ойшыл акын екен деп танысақ, «Жүрегім, нені сезесің», «Не іздейсін, көңілім, не іздейсің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» секілді өлеңдерді оқығанда. Абай асқан сыршыл лирик акын-ау деп тамсанамыз. Ал «Қан сонарда бүркітші шығады аңға». Жаздыгүн шілде болғанда». «Желсіз түнде жарық, ай»,«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» сияқты өлеңдерге назар салсақ.Абайдың өмір құбылыстары сөзбен мүсіндеп, жанды бейнеге айналдырып сипаттауда алдына жан салмайтын суреткер акын екеніне ден қоямыз.. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», тағы сондай туындыларға карап нағыз сықақшыл өткір мысқылға шебер акын осындай-ақ болар десек. «Мәз

болады болысың» атты өлеңді еске түсіріп, әжуалап келемеждеудің мұндай да өте нәзік, өтімді түрі болатынына тәнті боламыз. Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдердің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені көңіл аударарды. Ал «Сен мені не етесің, 'Ем таба алмай», «Қор болды жаным» секілді нәзік лирикалық туындылар қазақ поэзиясында бұрын орын теппеген сыршыл лириканың жаңа үлгілеріне екені айқын аңғарылады. Абайдың әр өлеңінде оның осындай ақындық тұлғасына жаңа бір қырынан танытатын өзгешілігі болады десек, олар іштей астасып жатқан сипат, қасиеттер екенін де айтуымыз керек. «Сегіз аяқты» оқығанда мұнда терең сыршылдық ғиратты насихатшылық, бейнелеп суреттеуге, тіпті өлең өрнегін өзгеше өрнектеуге шеберлік те бәрі ұштасып келетіні анық көрінеді. Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, даралық стилі еркін. икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды, Осының өзі-ақ оның поэзиясына жаңашылдық, сипат дарытады. Ол қазақ поэзиясының мазмұндық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер туғызды. Халықтың сөйлеу тілі қазақтың ауызекі ақындық және ән өнерінің байлығын кең пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемін интонациялық -ритмикалық, байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдылық-бейнелеу, стилистикалық мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ақындық тілін әдеби тілін ұстартып жетілдірді, әдеби тілді биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіле қалыптастырды. А.С. Пушкин. М.Ю. Лермонтов. т.б. ақындардың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» бірнеше үзінді-нұсқаларды таңдап алып, «Татьянаның хаты», «Ленскийдің сөзі» атты өлеңдерін шығарды. Лермонтовтың «Ой», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр», «Жартас», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Альбомға» өлеңдерін қазақтың төл туындысынша сөйлетті. Бұл шығармалар Абайдың ой көрігінде қайта қорытылып жаңадан дүниеге келген туындылар еді. Мыс., Абайдың Лермонтов мәтінін қазақша жеткізу әдістері әр түрлі.

Ал қалған жартысы еркін аудармалар Мыс., «Ой», «Теректің сыйы» сияқты өлеңдер. Абай жеке сөздерді, сөйлемдерді аударғанда алшақ кеткен тұстары бар дегенде, көбірек айтылатыны өлеңнің алғашқы шумағындағы: «Арыстанның жалындай бұйра толқын, Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып», — деп келетін тармақтар. Бірақ осындағы «айдаһардай бүктеліп» дегенін еркіндікке жатқызсақ та, «арыстанның жалындай» дегені Лермонтовтың басқа бір шығармасындағы: «И Терек, прыгая как львица, Абайдың замандастары — Дүтбай Уандықұлы, Ысқақ. Солтабайұлы және інісі Оспан Құнанбайұлы аударманың түп нұсқаға жақындық дәрежесі ылғи бірдей емес. Бара-бар, дәлме-дәл аудармаларында Абай Лермонтов шығармасының ішкі әлемін, оның толқын лебізін, жаңа саласын қазақ тілінің суреттеу мүмкіншіліктерін пайдаланып, мол жеткізеді. Барлық жарастық сәнімен қазақ тілінде қайтадан туғызады. Солардың қатарына «Альбомға», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» сияқты өлеңдерін жатқызуға болады .«С

косматой гривой на хребте»- ,деп келетін сөздермен үндес екені байқалады. Жал арыстанда ғана болатынын Абай дұрыс ескерген («львица» деп жаңылыс айтылған ғой). Абайдың аударма жасауға тереңдікпен, шеберлікпен, жауапкершілікпен келгенін байқайсыз. Абай аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табысы болды. Абай — мысал өлеңдердің де шебері. Қазақ, халқының сол дәуірдегі өмірінің шыншылдықпен суреттеуге, әр түрлі топтар өкілдерінің мінезін, іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелер жасауға сөз өнерінде мысал жанрынан асқан көркемдік құрал жоқ, Абайдың мысал өлеңдері Крылов шығармаларынан аударма деп саналып жүр. Алайда осы өлеңдерді талдап танығанда мысалдың өзіндік жанрлық ерекшелігін ескеру қажет. Мысалдары толық мағанасындағы аударма емес, көбінесе, белгілі бір сюжет еркін баяндалады. Абай мысалдарының тағы бір дені ауыз әдебиетінен бастау алып, әлем халықтары әдебиетінде кеңінен тараған ежелгі танымал мотивтерден тұратындығы. Ортақ сюжетке жазыла берер мысал жанрының типологиялық дәстүрін сақтай отырып, сол сюжетке мысал жазған ақындармен жарысқа түскен: «Қарға мен түлкі» (Эзоп, Федр, Бабрий, Крылов, Абай, Ыбырай, Әлихан, Ахмет, т.б.), «Құмырсқа мен шегіртке» (Эзоп, Федр, А. Құрманбаев, Абай, Әлихан, т.б.). Бұдан, Аарне және Томпсонның дүние жүзілік ертегілер каталогындағы сюжеттердің (сюжет ауысу теориясы) мысал жанрында әлем жазушыларының шығармаларында көрініс тапқанын байқап отырмыз. Абай мысалдары Крыловтан аударма емес, ортақ сюжетке жазылған төл шығармалар. Абай «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» поэмаларын жазған. Олардың үшеуі де шығыс халқына ортақ сюжетке құрылған. Бұларға қоса, ол Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескерсек, поэма жанрындағы акынның шығармашылық ізденістері аз болмағанын көреміз. Бұл екі аудармасы мен «Әзім» поэмасы бізге толық жетпегендіктен, нақтылы байлам жасау қиын. Ал «Масғұт» пен «Ескендір» туралы айтсақ, олардың өзгешелігі, бұрынғы осы сюжетке жазылған поэма-дастандар ізін кумай, басқад калыпта жазылуы поэмаларға даралық сипат берген. Абай — әлемге көзқарасы калыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы терең мағыналы философиялық идеяларға толы. Ол күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынан жетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеуметтік рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді. Даналықтың өлшемі бола білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде, қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. Абайды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық хал-жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға болады.

Ақын шығармалары сусындаған негізгі үш қайнар көзді айтатын болсақ, ол ең алдымен Абай қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейтесті

арманы мен даналық ойларын абыздық көрегенділікпен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Сондай-ақ Абайдың жүйелі ойларының үлкен бір арнасының қалыптасуына Шығыстың рухани қазынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Өйткені ол күллі араб пен парсының батырлық дастаны мен жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындарын, Әбу Жафар Мұхаммед ат-Табари, Рабғузи, Рашид әд-Дин, Бабыр Захиреддин Мұхаммед, Әбілғазы Баһадүр ханның тарихи еңбектерін, сондай-ақ, логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық құқық, Шығыстың шарифат қағидаларын ұғындыратын ғұламалар еңбектерін жетік меңгерген. Сол еңбектерді түпнұсқасында оқитын жан-жақты білімдар, ғұлама болған. Араб, парсы, түркі тілдеріндегі білім көздеріне Абай ерекше көңіл аударады. Айрықша қабілетінің арқасында, араб, парсы тілдерін өз бетімен жүйелі түрде оқып, игереді. Сөйтіп ол Ә. Бөкейханов айтқандай, қасиетті кітаптардың білімпазы атанады. Отырардан шыққан және Шығыстың екінші ұстазы атанған ғұлама ғалым Әбу Наср әл-Фараби философиясы Абайдың дүниетанымын қалыптастырып дамытуда елеулі рөл атқарған.

Ақынның шұрайлы философиялық ойлары, негізінен, шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел пікірлерін айрықша шеберлікпен игергендігін көрсетеді. Орыстың қоғамдық-филос. ақыл-ойы ақынның эстетик. көзқарасының қалыптасуына елеулі әсер етті. Сондай-ақ басын сонау антикалық ежелгі заман мәдениетінен алатын Батыс Еуропа мәдениеті Абай дүниетанымының даму процесінде тарихи сабақтастық желісін атқарды. Қазақ кемеңгері Сократ, Платон, Аристотель еңбектерімен жақсы таныс болды. Сонымен қатар ол Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивтік фило-софиясын», Дрепердің «Еуропа ақыл-ойының даму тарихы» атты туындылары мен Милльдің, Бокльдің және тағы басқа көптеген авторлардың да шығармаларын оқыған. Батыстың өркениеті мен философиясы, қоғамдық ойдың даму тарихы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани есею жолында елеулі рөл атқарып, Батыс пен Шығыс мәдениеттерін оның өз дүниетанымында тамаша ұштастырды. Абайдың негізгі зерттеу объектісі - адам. Сол адамны эстетик., этик. талғамы, арман-мақсаты, өмірінің мәні, сезімі мен түйсігі, болмысы мен ұлттық ойлау ерекшелігі ұлы ойшылды терең тебіреніске түсірген. Шығыс ойшылы ретінде Абай адам проблемасын үлкен ауқымда, яки қоғамдық, руханилық, құндылық, этик., эстетик. тұрғыдан зерделеді. Ол адам табиғатын этик тұрғыда қарай отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адам, яки кемеліне жеткен, «толық адам» кейпінде алға тартады. «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні», — дейді Әуезов. Шындығында, Абайдың «жан сыры», «жан құмары», «жан қуаты», «жанжарығы», «хауас», «хауас сәлим», «хауаси хамса», «хауаси хамса заһири», «толық адам», т.б. филос. ұғымтанымдар жөніндегі көзқарасы Ислам филос-сын терең танығанын байкатады. «Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім — ғалым», «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса дүние ойран болар еді» — деген пікір — ғұламаның филос. көзқарасы. Жалпы, Абайдың . көркемдік, әлеум. гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі — қара сөздері . Абайдың қара сөздері (Ғақлия) — ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, филос-дағы

даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық алты бөлек шығармадан тұратын Абайдың кара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан.

Абайдың философиясы Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған. Ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысты. Мен осы кімін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Ол өзінің пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысын, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

"Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу", - дейді Абай.

Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.

Абайдың айтуынша, жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді. **Отбасы – ошақ қасы** Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия мен Райхан, екінші әйелі Әйгерімнен - Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл мен Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ. Абай ғылым іздеуді өз басына ғана алмай, балаларын да барынша оқытуға тырысқан. Ең көп оқыған офицер баласы – Әбдірахман. 90-шы жылдары ол құрт ауруынан қайтыс болды. Оның артынан сүйеніші болып жүрген мықты інісі Оспан өледі. Осы екі өлім Абайға бас қайғысының ішіндегі үлкен қаза болып тиеді. Сол жылдары бас қайғысымен қатар Абай өзінің дос деген адамдарының қиянатын, алдауын, өтірігін де көреді. Бір сайлауда өзінің інісін болыстыққа сайлаймын деп келгенде бұрын ешбір сыр бермейтін достары бір-ақ түнде жат болып шыға келеді. Оның інісін құлатып, өз кісілерін сайлап кетеді. Онымен қоймай, Тобықты ішінде бұрыннан онымен сілкісіп келген басшы жауы Оразбай бір сайлауда Абайды өз кісілеріне сабатып та алады. Осы іспетті соққылармен күресіп келе жатқанда ең жақсы көрген баласы Мағауия өледі. Абай ешкіммен сөйлеспей, үндемей қалады. Ал 1904 жылы 23 маусымда Мағауияның өлімінен кейін тура 40 күн өткен соң өзі де қайтыс болады. Бір жарым айдан кейін Абайдың ақын баласы Ақылбай Семейде дүние салады

Абай мұрасын кімдер зерттеді Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Абай — қазақтың бас ақыны" атты мақаласында "Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" — деп Абайды аса жоғары бағалады. 1909 жылы Санкт-Петербуркте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі, сондай-ақ, "Ескендір" мен "Масфұт" поэмалары енді. Бұл тұңғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын. Кәкітай Ысқақұлы бірінші болып ақынның өмірбаянын жазды. Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығармалары көп емес. Ақынның өз қолжазбалары сақталмады. Шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткен. Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, "Абай философиясын" діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Бірақ Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Абайдың ақындық мұрасын шабуылдан қорғап, мақалалар жазды.

"Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі", - деп жазды Мұқанов.

Ал Мұхтар Әуезов Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерді. Ол "Абай жолы" эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына танымал әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек атқарды. Әсіресе, Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы осы салаға қосқан елеулі үлесі болып саналады.

Абайды шетелде танытқандар Қытайда Абайдың шығармаларын танытуға Ха Хуан Жан (Хабай) көп еңбек етті. Ол Шыңжан өлкесінің Шәуешек қаласына жақын Қазақтар ауылында туған. Қытай тіліндегі мектептерде оқыса да, қазақ тілін жетік меңгерген. Абайды бала күнінен жаттап өскен екен. 1950 жылы Абайдың "Ескендір" поэмасын, ал 1958 жылы "Масфұт" поэмасын ханзу тіліне аударып, Пекинде арнайы кітап етіп бастырып шығарған. Жалпы, Хабай Абайдың 167 өлеңін, 3 поэмасын, 45 ғақлия сөзін түгел аударған. "Абай және Абай шығармалары" деген үш кітабын да Пекинде бастырған. Абайдың өлеңдері басқа тілдерге аударылды. Мәселен, Грузин тілінде - Ш.Мчедлишвили, қарақалпақ тілінде - Ш.Сеитова, қырғыз тілінде - А.Токомбаева, татар тілінде - М.Максуд және Н.Арсланов, француз тілінде - Ғалымжан Мұқанов, ағылшын тілінде - А.Самохмалов, түрікмен тілінде -

А.Хайидова, Т.Қасымова, П.Искакова және М.Хамраева Абайды ұйғыр тілінде сөйлеткен.

Абайдың өміріне қатысты қызықты деректер

- Абай Құнанбайұлының шын есімі - Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін "Абай" атанып кеткен;
- Құнанбайұлы көптеген өлеңіне өзі ән жазған. Олардың ішінде кеңінен тарағаны – "Көзімнің қарасы";
- Абай Құнанбайұлы алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген;
- Абай Құнанбайұлы 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан;
- Абай Құнанбайұлының алғашқы махаббаты – Тоғжан;
- Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Ділдәмен отау құрған. Ол кезде Абай 15 жаста болды;
- Абай Құнанбайұлы 16 жасында әке болды;
- Абай Құнанбайұлы 21 жасында болыс болып сайланды;
- Абай Құнанбайұлы екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген;
- Еркежан - Абайдың әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі. Ол Абайдың інісі Оспанның қалыңдығы болған. Еркежан Абайға өз қалауымен тұрмысқа шыққан;
- Абай Құнанбайұлының 36 жасында тұңғыш немересі Әубәкір дүниеге келді

Абайдың Қазақстан тарихында алатын орны ерекше. Абайдың өз өлеңдері мен қара сөзбен жазылған ғибраттарында қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын ашып көрсетті. Одан ақыл-кеңес сұраған дала тұрғындары ағылып келіп жатты. Атап айтқанда, оған Баянауыл өлкесіндегі белгілі шежіресі, әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келіп тұрды. Абаймен Семейге саяси жер аударылып келгендер де санасатын. Міне, мұның бәрі патша үкіметі шенеуніктері мен олардың жергілікті кейбір итаршыларының тарапынан қызғаныш пен көре алмаушылық, тіпті саяси күдік туғызды. Ақынның үстінен өсек айту мен жала жабу әрекеттерін күшейтті. Патша үкіметінің әкімшілігі Абайдың соңына шам алып түсіп, аңду орнатты. Тіпті 1903 жылы Семей полицмейстері ақынның және оның балаларының үйіне тінту жүргізді. Жақын туыстары мен балаларының бірінен соң бірінің қазаға ұшырауы, оның үстіне ізіне түсіп қудалауға душар болуы ақынның денсаулығына әсер етті. Абай 1891 жылы өзінің ең жақсы көретін інісі Оспаннан айырылды. 1895 жылы үлкен ұлы Әбдірахман қайтыс болды. 1904 жылғы

көктемде оның тағы бір ұлы Мағауия дүниеден өтті. Бұл қайғылы оқиғалар Абайға аса ауыр тиді. Мағауияның өлімінен кейін 40 күн өткенде Абайдың өзі де қайтыс болды. Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүние жүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады.

Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арналған жолдауында 2020 жылы Ұлы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекеленуі туралы хабарлаған болатын. Аталған құжатқа сәйкес, келесі жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы тойланады. Осыған орай, биыл 1 шілдеге дейін мемлекеттік комиссия құрылады. Ал 1 қазанға дейін мерейтойды дайындау және өткізуге арналған жалпыреспубликалық жоспар бекітілуі шарт. Бұдан бөлек, "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік қорық-музейінде жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ аясында атап өту жоспарланған.

Қорытындылай келсек, Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған, ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан. Мен осы кімін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Міне, Абай әркімді де толғандыратын терең сырлы сұрақтарға жауап іздейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Абайдың дүниетанымы мен философиясы»
2. «Абай» энциклопедиясы
3. «Абай жайлы сөз»

ТАҒАМДЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ САПАНЫ БАҚЫЛАУ – ӨНІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Капарова А.А. з.ғ.м., магистр Қазақстан инженерлік – технологиялық университеті (колледж)

Тоқтарғазина Г.Т. - 3 курс студенті

Аңдатпа

Тағамдық кәсіпорындарға HACCP жүйесін енгізу тиімділігі және өндірілу барысында өнім сапасының қауіпсіздігін бақылау. Жоғары сапалы, қауіпсіз, сұранысқа ие отандық өнім өндіру.

Аннотация

Контроль безопасности качества продукта во время производства и эффективности введения системы HACCP в пищевой промышленности. Производство высококачественной, безопасной, отечественной, продукции с высоким спросом.

Annotation

Monitoring the safety of product quality during production and effectiveness the introduction of the HACCP system in the food industry. Production of high quality, safe, domestic products in high demand.

Бүгінгі күні тұтынушылар үшін ең маңызыды мәселелер: өнім қауіпсіз бе, экологиялық таза ма, сонымен қатар өнім, еңбек нормасы және адам құқығы. Тұтынушылар өзі пайдаланған азық – түлік үшін өзіне жартылай жауапкершілік алады, себебі ол шығарылған өнім халықаралық норманы және адам құқығы бойынша конвенцияны бұзғандығының куәгері болуы мүмкін .

Кейде жағдай күрделене түседі тұтынушы дамыған елден болып, ал жабдықтаушы әлі жетілу үстіндегі елде болғандықтан, тұтынушылар қабылданған нормалардың бұзылуын бақылап отыруы қиындай түседі. Экономикалық дамудың белгілі бір кезеңінде өсу нүктесі болып табылатын салалардың бірі тағам өнеркәсібі. Азық-түлік дайындайтын өнеркәсіптердің дамуымен, нығаюының бірінші факторы - өзіміздің мемлекеттен шыққан өнімдер.

Іс – жүзінде стандарт талаптарының нормаларын қанағаттандырмайтын қауіпті өнімдердің алдын алу үшін Үкімет пен өндіруші, тұтынушы қауымы үш одақ күш қосып күресуіміз керек. Яғни ол егістік немесе мал өсіру пункттеріндегі тұтынушыға дейінгі барлық сатыларында жан-жақты бақылауды қамтамасыз ету. Осы уақытта халықты алаңдатқан ірі қара вирусты қышымасы, жылқылардың өздігінен шығындануы, құс тұмауы, жануарлар мен құс еттері, жұмыртқаларындағы сальмонелла бактерияларының пайда болуы, өнімнің экологиялық залалдануы сияқты адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін көптеген қауіпті факторлар пайда болуда. Сонымен қатар, тағамдық қоспалар, генетикалық өңдеу жолымен алынған белоктардың аллергиялық ауруларды қоздыру ықтималдығы басым болса, ауыл шаруашылығы саласында кеңінен қолданылатын химиялық заттар:пестицидтер, нитраттар, ауыр металдар, т.б. өсімдік пен малдан алынатын тамақ өнімдерінде сақталу арқылы нормадан тыс болғанда адам ағзасына тікелей қауіп төндіреді.

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заң актілерінде белгіленген талаптарды орындап, тамақ өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін әлемнің көптеген елдерінде HACCP (Hazard Analysis and Critical Control Points) жүйесі сәтті пайдаланылуда. Мағынасы қауіп-қатерді


талдау және сынамалық бақылау нүктелері немесе өнімнің қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етуші қауіпті факторларды жүйелі түрде бірдейлендіру, бағалау, басқару арқылы қалпына келтіру тұжырымдамасы.

ҚР НАССР принциптері негізінде тамақ өнімдерінің сапасын басқару бойынша сапа жүйесінің мемлекеттік стандарты ҚР СТ 1179-2003, ИСО 22000:2005 “Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну саласындағы барлық ұйымдарға қойылатын талаптар” халықаралық стандарты бекітіліп, қолданысқа енгізілген. Өндірілетін өнімдердің технологиялық үрдісінің барлық кезеңінде сапаны бақылауды қамтамасыз ететін жүйенің бірі, ол НАССР «Қауіпті факторларды талдау және ауыспалы бақылау нүктелері» болып ажыратылады.

Жүйе өндіріс үдірісінің әрбір нүктесінде бақылауды қамтамасыз етеді және қауіпті болуы мүмкін жағдайларды таратады. Осылай бақылау нүктелерінің тізбегі құралады, сапаны қамтамасыз етудің жүйесі де жасалынады. Енді құс етін өңдеу технологиясындағы қауіпті (қауіпті нүкте ерекше белгіленеді) деген нүктелеріне тоқталып өтейік.

Бройлерлерді сойып, өңдеудің қалыптасқан технологиясы.


Бройлерлерді сою, өңдеу құрылымы.



Салқындату + 1 С – 55 мин

Буып түю

Тоңдзыту



Бұл талдау, тағам өнімдерінің қауіпсіздігімен байланысты мәселелерді болдырмауға бағытталған. НАССР жүйесін нәтижелі енгізу үшін технологиялық үрдістерді жетілдіру, құрал – жабдықтарды техникалық жақсарту қажет болады. Адамның денсаулығына және қоршаған ортаға теріс әсер ететін қауіпті қасиетке ие болатын неғұрлым ықтимал қатерлерге мыналар жатады:

- фармакологиялық заттардың және химиялық ластағыштардың құрамы;
- улы элементтердің, антибиотиктердің, пестицидтердің, радионуклидтердің, т.б. зиянды заттардың және олардың қалдықтарының құрамы;
- микробиологиялық көрсеткіштер;
- тағамдық қоспалар және гендік инженерия өнімдері;
- жасалу технологиясындағы әрбір процестегі ұқыпсыздық (шикізатты дұрыс пайдаланбау, қоспаларды дұрыс қоспауы, температураны сақталмауы, уақытты есептемеуі және т.б.).

Тамақ өнімдерінің белгілі бір құрамдарын арзан да сапасыз қоспалармен алмастыру пайда табуды көздеу арқылы олардың санын немесе салмағын молайту. Кез-келген нарықта қауіпсіздік және стандарт талаптарының нормаларын қанағаттандырмайтын өнімдер бар. Жалпы тұтынушылар тауар сатып алғанда оның сапасы емес бағасына қарап, яғни бағасы қымбат болса немесе ірі сауда орталықтарынан алса, олар тауар белгісіне (бренд) ғана төлейді. Сол үшін сапалы орта қол жетімді бағада алған жөн. Өте арзан болса тауар сапасы төмен болады. Себебі ондағы шикізатты сатып алу бағасы да төмен деген сөз. Тауар алғанда сапасы мен бағасына, белгісіне де қараған жөн болады. Айта кетсек, санаулы ғана кәсіпорын өздеріне НАССР жүйесін енгізген. Кейбірі негізінен НАССР жүйесін енгізуге міндетті болып саналатын елдермен ынтымақтастық орнатқан отандық кәсіпорындар ғана деп те айтсақ болады.

Сонымен қорытындылай келе қауіпті жағдайларды талдау және сынамалық бақылау нүктелері арқылы тамақ өнімдері қауіпсіздігін, сапасын қамтамасыз ету талаптары арқылы таза, сапалы, тұтынушылар қызығушылығын арттыратын өнімдер алуға болатындығына көз жеткіздік. НАССР жүйесін кәсіпорынға енгізсек өндірілетін өнім сапасын өнім дайын болғанда емес, өнімнің өмірлік циклында қауіпті нүктелерінде анықталады, егер дер кезінде анықталмаса кәсіпорын көп шығынға ұшырайды 22-25%. Өнім өндірілу кезінде бақылау жұмыстарын жүргізсек: адам өмірінің қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, қауіпсіз таза өнім өндіріледі; кәсіпорынның тиімсіз шығыны болмайды; энергия қорын үнемдеп, жұмыс күшін жұмсау азаяды; өнім нарықта бәсекеге қабілетті, жоғары сұранысқа ие болады; кәсіпорын отандық және шет елдерге де танылып, ең таңдаулы тауар белгісіне ие болады.

Түйінді сөздер: тамақ өнімдері қауіпсіздігі, өнім сапасы, тұтынушы

Қолданылған әдебиеттер

1. Қаржаубаев К.Е, Стандарттау, сертификаттау және сапаны басқару:оқу құралы 2011ж-299бет
2. Қазақстан Республикасының “Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы” Заңы
3. <https://moluch.ru/archive/83/15384/>

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ШЕШІМДЕР

Байтілес Гүлсезім

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: Салқынбек Д.И. Профессор

Аннотация

В статье рассматриваются роль и значение переходов к латинскому алфавиту. А также способы, решения и трудности перехода на латинский алфавит.

Annotation

The article discusses the role and significance of transitions to the Latin alphabet. As well as ways, solutions and difficulties of the transition to the Latin alphabet.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» деген болатын [1]. Онда көптеген маңызды мәселелер көтерілген еді. Соның ішіндегі ең ауқымды, көкейтесті мәселелердің бірі – латын әліпбиіне көшу. Бұл – жарқын өмірге бастар жаңа баспалдақ, өскелең ұрпақтың ой-өрісі мен дүниетанымының тереңдей түсуіне септігін тигізер игі қадам. Ел басының бастамасымен қолға алынған латын әліпбиіне көшу – тіліміздің даму тұрғысынан да, төл әліпбиімізді құру жағынан да алға жетелейтін бастама. Елімізде 2025 жылға дейін латын графикасын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалып, дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқаны баршамызға аян. Латын графикасына көшу – тіліміздегі жат дабыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы оның табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік туғызады. Былайша айтқанда латын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға жаңа серпін бермек. Біз, әдетте, осы графикаға көшу мәселесі көтерілгеннен бері туыстас түркі халықтарының тәжірибесі туралы көп айтамыз, сонау 1929-1940 жылдары латынды қолданғанымызды тілге тиек етеміз.

Қазақ тілінің жетілуі заман талабына сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зиялылар, оның

ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін толық бере алатын жаңа әліпби қабылдауды не осы жазуды жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Қазақ жазуы – қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылып отыр. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген географиялық орындарын көрсетеді. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстанда араб әліпбиі қолданылды. 1929 ж 7-тамызда КСРО Орталық Атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы Латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. Яғни осы тұсқа дейін жазылған еңбектер араб жазуы негізінде хатқа түсті. Оны Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалар қолданды. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды. 1929-1940 жылдар аралығында халқымыз латын графикасы негізіндегі әліпбиді пайдаланды. 1940 жылғы 13-қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және тағы да басқа елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен.

Жалпы латын әліпбиіне көшу – заманамыздың заңдылығы. Өркениет көшіне ілесу, алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарынан табылу, экономикамыздың өркендеуі, ғылым-білім саласының прогрессивті -дамуы, өскелең ұрпағымыздың жарқын болашағы үшін бүгінгі таңда латын графикасын енгізу қоғамымыз үшін өмірлік маңызды істердің қатарында. Еліміз Тәуелсіздік алғалы жиырма сегіз жыл ішінде көптеген табысқа жеткені сөзсіз. Оның ішінде мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруда игі қадамдар жасалды. Соңғы жылдары іске асырылып жатқан – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы да рухани құндылықтарымызды түгендеуге, ғылыми тұрғыдан зерттеуге байланысты ауқымды жұмыстармен жалғасын тауып отыр. Бұл орайда қазақ тілі де рухани жаңғырудың өзегі ретінде қарастырылып, оның аясындағы құндылықтарға ерекше назар аударылуда. Елбасы «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп өз мақаласында айтып өткен еді [2].

Қазақ тілін латын қарпіне көшіру мәселесінің мәні тереңде жатыр. Халқымыздың басым көпшілігі қос тілді қолданады, ал соңғы кездегі ағылшын тіліне деген сұраныстың артқанын ескерер болсақ, латын әліпбиіне көшу қоғамда айтарлықтай проблема туындатпауы тиіс.

Латын қарпіне көшу арқылы көш ілгері жүретіні анық. Мәселен: тілдің табиғи тазалығы сақталып, қазақ тілін оқыту барысында артық таңба мен -емлеге қатысты ережелер қысқарып, қазақ қауымы дүниежүзілік ғаламтор желісіне еркін ене алады. Ең бастысы, латын қарпіне көшу арқылы қазақ тілінің мәртебесі артып, халықаралық деңгейге шығуына мүмкіндік туады. Сонымен қатар латын қарпін қолданатын түркі әлемімен рухани, мәдени байланыстың артуына да мүмкіндік зор болады деп күтілуде. Түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті латынша жазылғандықтан, оларды зерттеу де тиісінше оңайға түседі. Тарихқа көз жүгіртсек, аталған жазу жүйесін алғаш болып 1928 жылы Түркия қабылдаса, 1991 жылдан кейін бұл графикаға Түркіменстан, Әзербайжан және Өзбекстан мемлекеттері де өткен болатын. Сондықтан бұл түркітілдес елдерді жақындастыратын маңызды шешім.

Болашаққа осындай жарқын жол ашатын - латын қарпіне көшуде көптеген талқылаулар болып жатқанын біз де теледидардан көріп, басылым беттерінен оқып, хабардар болып жатырмыз. Латын қарпінің ұсынылған алғашқы нұсқасы халықтың көңілінен онша шыға қоймады. Неге десеңіз, әріптерге қосақталған қосымша таңбалары көп еді. Ертең осы бетінде қабылданып кетсе оқып, жазуымызға қиынырақ болатыны анық еді. Келешегімізді байланыстырып отырған әліпбиіміздің «айналасы жұп-жұмыр, кедір-бұдырсыз, теп-тегіс» болғанын бәріміз қалаймыз әрине. 2017 жылы 20 ақпанда Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген қазақ қарпін латынға көшіру турасындағы соңғы үлгісі халық көңілінен шықты. Бұл тіл білімі саласында жүрген ғалымдарымыз бен мамандарымыздың көпшіліктің пікірімен санаса отырып, кемшіліктерді ескеріп, елеп жасаған жаңа үлгісі біздің де болашақ ұрпағымыздың да кәдесіне жарайды деп ойлаймыз. Не нәрсені болса да мың рет өлшеп барып бір-ақ рет кескен жөн ғой. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген екен ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алынып жатқан дүниенің бәрі кемел келешек жолында жасалып жатқан ауқымды істердің бірегейі деп білеміз. Бүгінгі күннің басты тренді үздіксіз даму мен инновация болып табылады. Нарық заманының жастары осындай өзгермелі уақытта өмір сүруге қабілеттіліктерін көрсетіп, елдегі жанашылдықтарды қолдауда көш басынан көрінуі тиіс.

2017 жылдың 26 қазанында Президентіміз өзінің №569 Жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің 2-ші (апострофты) нұсқасын бекітіп берді.

Бірінші нұсқамен салыстырғанда мұнда төрт түрлі өзгерісті байқауға болады. Олар: 1) Бірінші нұсқадағы ұлттық дыбыстардың қасындағы е, ғ, һ қосарлы әріптер апострофпен (,) ауыстырылды. 2) Қазақ тіліндегі И және Й дыбыстары латынның бір ғана I, әрпімен таңбаланды. 3) Қазақ тіліндегі Х, һ дыбыстары латынның бір ғана H әрпімен белгіленді. 4) Ана тіліміздегі У дауыссызы латынның Y, таңбасымен берілетін болды. Әрине, бір дыбыс-ты екі әріппен таңбалауға болмайды.

Ғалымдар бұл 2-ші нұсқаға байланысты өз қарсылықтарын ауызша да, жазбаша түрде де жасырмай айтты. Сондықтан болар, 2018 жылдың 19 ақпанында бұрын қабылданған қазақ-латын әліпбиіне кейбір толықтырулар енгізіліп, атап айтқанда, бұрын әріптің қасында тұрған шартты таңба оның үстіне шығарылып, қазақ-латын әліпбиінің 3-ші нұсқасы бекітіліп берілді. Қалған дыбыстардың барлығының латынша таңбалары сол 2-ші нұсқадағы күйінен өзгеріссіз қалды. Бірден айталық, бұл нұсқаны да дәл осы күйінде қолдауға, қолдануға болмайтын еді. Оның себебі: мұнда екінші нұсқадағы кемшіліктер түгелімен қайталанған. Ол аз болғандай, соңғы нұсқада қазақтың Ш, Ч дыбыстарының латыншасы 2-нұсқаға қарағанда басқаша тұлғаланыпты. Мәселен, кириллицадағы Ш, Ч дыбыстары 2-нұсқада латынша S', C' түрінде тұлғаланса, 3-ші нұсқада олар Sh, Ch түрінде берілген.

2-нұсқадағыдай 3-нұсқада да қазақ тіліндегі екі дыбысты латынның бір-ақ әрпімен белгіленген. Мәселен, онда қазақтың И мен Й-ын латынша I таңбасымен, Х мен Һ-ны латынның H таңбасымен белгіленіпті.

Қазақ тілінде «ұзын» И деп аталынатын дыбыс жоқ болғандықтан жаңа қазақ-латын әліпбиінің құрамынан оны шығарып тастап, «қысқа» Й-дің латынша таңбасы ретінде I-ді белгілесек, ең дұрысы сол болған болар еді.

Рас, 3-ші нұсқада қазақтың Ж дыбысын латынның J әрпімен белгілеу ұсынылыпты. Біз мұны дұрыс шешім деп қабылдадық. Дәл осы сияқты біз өз мақалаларымызда ылғи сөз етіп жүргендей қазақ тіліндегі дауыссыз У-ға латынның W әрпін, қазақ тіліндегі Ш-ға латынның C әрпін балама еткенде әліпбиіміз әлдеқайда ықшамдала түскен болар еді. Бірақ олай істелмеген.

Кейбіреулер «қазақтың Ш дыбысының әрпі ретінде латынның [Sh] таңбасын алған жөн» дегенді айтады. Біздің ойымызша, бұлай етуге болмайды. Неге десеңіз, әліпбиімізде олсыз да қосарлы таңбалар жетерлік. Біз қазақтың Ш дыбысына таңба ретінде латынның [C] әрпін ұсынып отырмыз. Егер Ш дыбысының таңбасы ретінде латынның Sh-ын емес, C әрпін алатын болсақ, біріншіден, Sh сияқты қосымша таңбалы әріптердің саны азаяды. Екіншіден, ұқсас әріптерді (S және Sh) бір-бірімен шатастырып алудан құтыламыз. Егер жатжұрттық 14 дыбысты жаңа әліпби құрамынан түгел шығарып тастасақ, тілімізде небәрі 28-ақ дыбыс қалады. Қазақ тіліндегі бұл 28 дыбыстың 9-ы дауысты, 19-ы дауыссыз. 9 дауыстының 6-ауы (ә, ө, ұ, ү, ы, і) және 19 дауыссыздың 3-еуі (К, Ғ, Ң) – ұлттық төл дыбыс-тарымыз. Бұлардың жалпы саны – 9.

Қазақ тілі әліпбиінің қалған 17 дыбысы латын әліпбиінің 17 әрпіне сай келеді: а > a, д > d, е > e, г > g, з > z, қ > q, л > l, м > m, н > n, о > o, п > p, р > r, с > s, т > t, ұ > u, х > x, Һ > h. Сай келмейтін қазақ дыбыстарының саны – 5 ғана. Олар: б, ж, й, у, ш. Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаев өз сөзінде «Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек. Алдымызда ауқымды жұмыс тұр» деген еді [3].

Президент тапсырмасына орай тіл мамандары латын әліпбиінің әр түрлі нұсқаларын ұсынды. Оған қосымша Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл - Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының да ұсынар жобасы бар. Одан бөлек латын әліпбиінің жүздеген нұсқасы ұсынылды. Олардың арасында әуесқойлар, тіл

мамандары, Тіл білімі институты бар. Бұл бір жағынан жақсы тенденция. Әрі азаматтық қоғамның көрінісі. Бірақ мұндай жобаның көп болуы нақты сапаға әсер ете алды ма? Мәселе – осында.

Осыған байланысты Елбасымыз 2017ж қазан айында Ақордада өткізілген жиында «Мен бірден компьютерге енгізу үшін имектер болмасын деп айтқанмын. Өзге елдердікінде имектер, үтірлер, нүктелер бар. Бізде таза қазақ тіліне тән 9 әріп бар, соларды таңбалау керек. Басты мәселе осы» деп атап өткен болатын [4].

Кездесу барысында Қазақстан Президентіне атқарылған жұмыстардың нәтижелері жөнінде А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Е.Қажыбек және Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығының директоры Е.Тілешов баяндаған болатын.

31 қазан күні Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова латын әліпбиіне байланысты нақты жоба ұсынып жүрген мамандармен кездескен еді. Сансыз нұсқалардың ішінен сапалысын саралау кездесудің негізгі мақсаты болатын. Сонымен, Латынның соңғы нұсқасы қандай? Нақты шешім қабылданды ма? Министр екі тарапты да тыңдап, ұсыныстарын талқылады. Әрине жобаның көп болғаны дұрыс, көптің ішінен біреуінің жеке-дара шығары анық. Алайда ең өкініштісі бүгінгі латын әліпбиінің жағдайы шаян шөлге, шортан көлге, аққу көкке тартып тұр. Ортақ бір шешім жоқ. Әрқайсысы өз жобасын дұрыс деп санайды.

Қорыта айтқанда, кирилл әрпін латын әрпімен алмастыру – тек идеологиялық, саяси күрес қана емес, сонымен бірге, ол күнделікті тұрмысқа қажетті әліпбилік реформа. Өйткені әріп (графика) тіл дыбыстарының шартты таңбасы болумен бірге, ол елдің қай ел, қандай ел екендігінен де -хабар беретін ұлттық нышандық қызмет атқарады. Сондай-ақ, латын графикасына көшу – еліміздің алға қарай дамуындағы басты қадамдардың бірі. Оны дүниежүзілік прогреске қарай аяқ басу деп те ұққан жөн. Латын графикасына көшу – кейбіреулер айтып жүргендей, Ресейден алшақтау емес. Ол – шындығына келгенде, қазіргі заманғы өркениетті елдердің жетістіктерін меңгеру деген сөз.

Дұрысында латын графикасына көшу – заман талабы. Бұл қазіргі заманғы өркениетті елдердің жетістіктерін меңгеру деген сөз. Егер латын графикасына көшсек, ол бізді, әлемдік ақпараттық кеңістікке алып шығады. Қазіргі кезде кең етек алып отырған интернет, е-майл, электрондық пошта деген сияқты т.б. заманауи байланыс жүйелерін еркін пайдалана алатын боламыз.

Қазір латын әліпбиіне көшу мақсатында әр түрлі бағдарламалар жасалып, оның негізінде тіл мамандарының латын әліпбиінің әр түрлі нұсқаларын ұсынып жатқаны бәрімізге мәлім. Олардан әліпби нұсқасын әзірлеп, ұсынып отырған әр адамның тілге деген жанашырлығын байқауға болады. «Өз үлесімді қоссам екен, дұрыс нәрсе ұсынсам» деген жанашырлық сезімі бар.

Жалпы алғанда латын әліпбиіне көшуіміз дұрыс таңдау. Жастар жағы латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез меңгеріп алады. Мектепте ағылшын тілі оқытылатындықтан, олар латын әліпбиін тез әрі оңай қабылдайтындары сөзсіз. Латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы, әлемдік жаңа технологияларға бейімделген, қазақ тілінің сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлттың тілдік жағдайларын да қамтитын үздік алфавит болады деп ойлаймын.

Сөз соңында Н.Назарбаевтың «Әлемде ешбір ел өзінің жаңа әліпбиін бүкіл халық болып осылайша талқылаған емес. Біз үшін әрбір адамның пікірін білу маңызды. Латын қарпіне көшуге байланысты Президент әкімшілігіне 300-ден астам өтініш келіп түсті. Жастардың бұл үрдісті қолдағаны бізді қуантады» [5] деген сөзімен қорытындылай келе «Әліпби – бұл жай ғана қаріп емес, бұл – біздің ұлтымыздың болашағы, мәдени кодтың бөлшегі, коммуникация құралы. Сондықтан да бұл мәселеде ешқандай асығыстық танытпай, бәріміз бірге ат салысып, дұрыс шешімнің қабылдануына әрқайсысымыз өз үлесімізді қосуымыз керек» деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1- Qamshy.kz ақпараттық агенттігі;
- 2- Ana tili Ұлт газеті 2019ж, 7-14 қараша;
- 3- Айқын газеті 2019ж, 14-21 қыркүйек;
- 4- Akorda news.kz ақпараттық агенттігі;
- 5- <http://www.akorda.kz//> сайты.

ПРАВСТВЕННЫЕ И ЛИЧНОСТНЫЕ КАЧЕСТВА ЛИДЕРА

Мағаз Азамат

Научный руководитель – Г.Н Касымбаева
Казахский медицинский университет непрерывного образования
Казахстан, г. Алматы

Түйіндеме. Автор мақалада заманауи көшбасшы мәселесін қарастырған. Сонымен қатар, көшбасшының бойынан табылуы қажет тұлғалық және адамгершілік сапаларға талдау жасалған.

Abstract. The author considered the issue of modern leader in the article. He also analyzes personal and moral qualities that must found within the leader.

В настоящее время, люди открывают каждый день новые компании, новые организации и предприятия. И каждый руководитель пытается заработать, получить большой доход от своих проектов. Однако, не у всех получаются такие достижения, большинство таких проектов обанкрачиваются и руководителям не остаётся выбора, кроме как закрыть собственное предприятие. Такие явления происходят каждый день. К примеру, студенты 1 курса никого не знают, все вокруг новое, они пытаются адаптироваться. К сожалению, не у всех сразу все получается, ведь некоторые студенты стесняются общаться с другими или же им неловко от этого, следовательно, это вызывает определённые трудности. В такие моменты, мы должны спросить себя, как не допускать подобного в обществе?

Все мы знаем о понятии лидерства и руководства. Лидеры — это те люди, которые проявляют в определенных группах доминирующие качества. То есть, данный человек проявляет психологическое и неформальное лидерство. А

руководитель — это официальное лицо, облеченное полномочиями и связанное с организацией основной деятельности группы. Значит, лидер появляется в обществе благодаря своим лидерским качествам и группа его не выбирает, а руководителя выбирает либо общество, либо кто-либо назначает на эту должность.

Какие функции выполняют эти два типа людей? Главными функциями лидера являются:

- 1) Поддерживать моральный дух.
- 2) Помочь членам группы в достижении сложных целей.
- 3) Найти общий язык среди группы.

Таким образом, лидер помогает в адаптации новых членов группы, которые только приступили к своим обязанностям, а так же тем, кто давно работает, ведь работа сильно изматывают людей. Поэтому лидеры помогают оставаться в “тонусе”. Как было упомянуто ранее, первокурсники ещё никого не знают, большинство боятся самим подойти к другому человеку и начать общение. В этот момент появляются лидеры. Они устраивают мероприятия, общие собрания или же игры, дабы сплотить всех студентов. Например: недавно в стенах КАЗМУНО прошло мероприятие под названием “Halloween party”. Нашу девятую группу специальности «Общая медицина» объединили с восьмой группой. До этого мероприятия, я не знал никого из других групп. И на личном опыте могу сказать, это помогло нам начать общение со студентами из других групп. Или же посвящение первокурсников, университет таким образом помог студентам 1 курса познакомиться друг с другом, узнать какие предметы будут на 2 курсе, получить самые важные данные обо всех профессорах и преподавателях. В итоге, лидеры помогли студентам адаптироваться в новом обществе.

А что должен делать руководитель предприятий или других проектов ?

На наш взгляд в главные функции руководителя входят:

- 1) Распределение своих подчиненных по специальностям.
- 2) Выдача директив относительно предполагаемой работы.
- 3) Налаживание сотрудничества между сотрудниками.

Формирование целей и их эффективное достижение – основное назначение руководства. Само слово руководитель дает понять, что руководитель следит за проектом и пытается дойти до своей цели пошагово. У них есть свой план, который они должны закончить до определенного времени. Они обязаны четко понимать, с кем они работают, должны создать те условия работы, где рабочие смогут спокойно и без всяких проблем выполнять свою работу и указывать в каком направлении его сотрудники должны работать. Руководители также, как и лидеры, должны наладить и найти общий язык с работниками. А для увеличения продуктивности, должны давать возможность сблизиться внутри коллектива. Это один из самых главных аспектов как и в лидерстве, так и в руководстве. Ведь все начинается с отношения с другими людьми, материальные и другие потребности отходят на второй план.

Например: определенный человек работает в компании, в такой компании как “Google”. Руководитель создал все условия для сотрудников: самые новые технологии, оборудование, мебель, зарплата очень хорошая. Однако, если этот

руководитель будет относиться к собственному персоналу без уважения и ставит им непостижимые цели, который никто не сможет сделать, что понизит его продуктивность и моральный дух. Тем самым работник теряет весь интерес к работе и решается на увольнение. Такими темпами, само компания развалится и руководитель потеряет все, что имел. Поэтому, каждое руководство должно понимать, отношение с сотрудниками это важный аспект в работе над чем-либо.

Основатели теории «героев» и «теории черт» Т. Карлайл, Е. Дженнингс, Дж. Дауд. Ее сторонники (Л. Бернанд, В. Бинхам, О. Тэд, С. Килбоурн и др.) считали, что лидером человека делают определенные психологические качества и свойства («черты»). Лидер рассматривался ими через призму ряда факторов, во-первых, к таким факторам относились его «способности» — умственные, вербальные и т. д. Во-вторых, «достижения» — образование и физическое развитие. В-третьих, «ответственность» — зависимость, инициатива, упорство, желание и т. д. В-четвертых, «участие» — активность, кооперация и т. д. В-пятых, «статус» — социально-экономическое положение, популярность. В-шестых, важными признавались «ситуативные черты» личности.

В. Хоккинг предполагал, что лидерство — функция группы, которая передается лидеру, только когда группа желает следовать выдвинутой им программе. В этой связи Х. Персон выдвинул две гипотезы: 1) каждая ситуация определяет, как качества лидера, так и самого лидера; 2) качества индивида, которые определяются ситуацией как лидерские качества, являются результатом предыдущих лидерских ситуаций. Не вызывая отторжения, такие выводы, однако, также мало чего проясняли.

Но какие качества, цели и привычки должен иметь человек, чтобы стать достойным лидером или руководителем?

Так же у лидера должны быть нравственные качества. Нравственность — это основа, правила, на которые опирается личность в своей деятельности и жизни, чтобы достичь успеха, уважения и признания. Например:

Ответственность. Личность должна понимать, какие последствия влечёт за собой её деятельность или наоборот, бездействие. Формирование и развитие ответственности обеспечивает такой способ, как наложение штрафов. То есть, за каждый проступок необходимо что-то такое делать, что не совсем нравится, но полезно. В плане воспитания, возвращая детей всё понятно, они знают правила и ограничения, стоит их нарушить — последует расплата. А вот по отношению к себе придётся подключить самоконтроль и выдержку, чтобы доводить начатое до конца, и всё-таки лишать себя чего-то в случае проступка

Харизма — это особое свойство, благодаря которому человека оценивают как одаренного особыми качествами и способного оказывать эффективное влияние на других. Люди, как Ганди, Христос, пророк Мухаммед или же Чингизхан. Некоторые люди считают, что это врожденный дар, однако это не так. Если человек начнет развивать свою ораторскую речь и улучшить качество, как обаяние, то у него есть шанс стать харизматичным. Лидер обязан иметь это свойство. Если он хочет, чтобы люди слушали его и уважали, харизма будет играть большую роль в этом плане.

Параллельно с нравственными качествами, лидер должен иметь и личностные качества, такие как:

- 1) Смелость
- 2) Гибкость
- 3) Сдержанность
- 4) Общительность.

Смелость. Когда лидер принимает важные решения, он должен быть смелым и решительным. Ведь то или иное решение может привести либо к провалу, либо к успеху. Поэтому смелость присутствует в этом списке.

Сдержанность. Сдержанность помогает лидеру контролировать свои эмоции. Никто не знает, что может случиться вовремя работы. Лидер всегда должен быть готов к форс-мажорам или неудачам. Если это случится, то он не покажет свои эмоции. Сохранять оптимизм и подавлять свой гнев помогает легче выйти из этих ситуации, чем создавать панику в группе.

Гибкость. Как я упоминал ранее, в процесс работы могут возникнуть осложнения, и группа людей могут не найти решение, как из этого положения выйти. Но если лидер имеет гибкость, он найдет самое креативное и верное решение, чтобы дальше продвигать свою группу.

Общительность. Вначале своей статьи, я уже упоминал про взаимоотношения между членами группы. Лидер всегда должен общаться с лицами группы. Он должен знать, чего хочет тот или иной человек. Ведь все люди разные и все они испытывают разные чувства к работе. Поэтому, найти общий язык с коллегами поможет работать продуктивнее

А главными качествами руководителя должны быть:

Стратегическое мышление и руководство.

Технические и технологические навыки.

Умение выстраивать отношения и создавать команду.

Стратегическое мышление и руководство. Руководитель вовремя составления пошагового плана по достижении цели, у него должна быть своя стратегия. Как быстрее дойти до этой цели в указанный срок или даже раньше указанного срока. С помощью этой стратегии, он руководит в правильном направлении свой персонал и облегчает сам процесс работы. Таким образом, продуктивность не теряется, а наоборот прибавляется. По такой методике работают почти все рабочие специальности. Например: один тренер футбольного клуба хочет обыграть своих соперников в следующем матче. Он проводит тщательный анализ и выстраивает стратегию на следующую игру, под каким стилем его команда должна играть против своих соперников. Так они достигают свою цель, то есть они побеждают следующую игру.

Технические и технологические навыки. Руководитель должен знать детали или же функции областей, на которые его сотрудники работают. То есть, руководитель должен понимать, какую роль в его организации играют технологии и как их применять. Студенты, которые решили стать управляющими отелей, их обучают в универе с самых “низов”. Это значит, студент обучается сначала общению с клиентами на ресепшене. Потом его учат к функциям официанта. Как правильно подавать еду, как вести себя перед гостями ресторана. Такими темпами

студент поработает во всех сферах специальностей в отделе. Ведь так руководитель сможет руководить персоналом и всегда показывать верный им путь

Умение выстраивать отношения и создавать команду. Есть вид руководителей, которые сами принимают сложные решения за всех. Однако, в большинстве случаев приводит к неудаче. Руководство должно советоваться с персоналом, услышать от них идеи, как улучшить их рабочий процесс, какие инновации нужно вводить в офис, чтобы начали еще лучше работать. Взаимосвязь помогает так предприятиям не развалиться, а наоборот улучшаться и становится еще лучше.

Проанализировав разные теории лидерства, мы определили нравственные и личностные качества, которыми должен обладать современный лидер.

Литература:

1. Кудряшова Е.В. Ценности лидерства и лидерство ценностей: лидерство как предмет социально-философского анализа Текст. / Е.В.Кудряшова, М.Ю.Ананченко. Архангельск: Изд-во: ЛГУ, 2004. 276 с.
2. Baker C. The Vroom-Yetton Model of Leadership Model, Theory or Technique. // Omega. - N.Y. - 1980. - N 8.
3. <https://psyfactor.org/lib/liderttheory.htm>

Болашағы зор алма сорттарын in vitro да қылына микроклонды тәсілмен енгізу

Тлеубергенов Х.
КазИТУ 1 курс магистранты
Алматы

Аннотация

Мақалада болашағы зор алма сорттарын in vitro да қылына микроклонды тәсілмен енгізу шараларының зерттеу нәтижелері енгізілген. Алма дақылының экспланттарын залалсыздандыру кезінде оңтайлы залалсыздандырғыш ерітінділердің ішінен гипохлоридті натрий (Белизна) 1:5 қатынасындағы ерітінді жоғары көрсеткішті көрсетті.

Кілтті сөздер: алма, сорт, in vitro, микроклонды көбейту .

Қазіргі кезде алманың отандық сорттарына сұраныс арта бастады. Демек адамзатты қысқа мерзімде алманың сапалы, таза асептикалық отырғызу материалымен қамтамасыз ету өте өзекті. Бұл проблеманы шешудің бірден-бір жолы отырғызу материалдарын, алма бүршіктері мен өркендерін жеделдетіп микроклондық көбейту және сақтау тәсілдерін зерттеу елеулі орын алады.

Республикадағы алма өсірілетін маңызды аумақтар Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Бұл облыстарда өндірісті бақ шаруашылығы

дамыған. Соның нәтижесінде жеміс ағаштарының 70%-ы, жидектің 26 %-ы, жүзімнің 99%-ы осы облыстардың үлесінде.

Алматы облысы Қазақстанда алма дақылын өсіретін басты аймақтардың бірі болып табылады. Мұндағы табиғат пен ауа-райы жағдайы шетел өнімдерімен бәсекелестікке түсе алатын жоғары сапалы алма жемістерін өсіруге қолайлы. Осы жағдайда өсірілген жемістер жоғарғы тауарлы сапасымен ғана емес, ерекше дәмдік қасиеттерімен де ерекшеленеді [1].

Алма әлемдік жеміс шаруашылығында кең таралған дәнді жеміс түрі. Таңқаларлық сыртқы түрі, тауарлық және дәмдік сапасының жоғарылығы, сақтауға және тасымалдауға қолайлылығы алма жемістерінің, жемістер арасында жоғарғы орынға шығуына жағдай жасады.

Биология ғылымдарының докторы М. Исиннің пікірінше, соңғы жиырма жылдықта, бұрын өте танымал болған сорттың деградациясы (тозуы) байқалуда: жемістері ұсақталуда, сыртқы түрін жоғалтуда, ең бастысы ерекше дәмдік қасиеті және иісі нашарлауда [2].

Табиғатта өсімдіктердің көбеюі екі түрлі жолмен жүреді: жыныстық (тұқым арқылы) және вегетативті. Екі әдістің де өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Тұқым арқылы көбеюдің кемшіліктеріне тұқым материалының генетикалық алалығы және ювенильдік мезгілдің ұзақтығы жатады.

Вегетативтік көбеюде аналық өсімдіктің генотипі сақталады да, ювенильдік мезгіл қысқарады. Алайда, көптеген өсімдіктер вегетативтік жолмен көбейе алмайды, мұндай өсімдіктердің қатарына көптеген сүректі өсімдік түрлері жатады. Мысалы: ювенильдік мезгілінде де еменнің, қайыңның, шыршаның, жаңғақ жемістілердің көбею нәтижелілігі төмен болады. Бұдан басқа 10-15 жастан асқан ағаштектес өсімдіктердің көптеген түрлерін саптау арқылы көбейту мүмкін емес. Стандартты отырғызылатын материал алу өте қиын, себебі мұндай кезде инфекциялардың сақталу және берілу мүмкіндігі бар. Екпе көшет көмегімен көбейту операциялары қиын және ауыр[3].

Клетка және ұлпа дақылдары саласындағы жетістіктердің бірі- вегетативті көбеюдің жаңа әдісі - өсімдіктерді микроклональды көбейту пайда болды.

Өсімдіктердің микроклональды көбейту - өсімдіктерді *in vitro* жағдайында жыныссыз жолмен көбейту. Соның нәтижесінде пайда болған өсімдіктер генетикалық тұрғыдан өзара бірдей болады.

Микроклонды көбейтудің түрлі әдістерін ғалымдар ол кезде өтетін морфогенездің өзгешеліктеріне қарай жіктейді. Н.В. Катаева мен Р.Г. Бутенко микроклонды көбейтудің әдістерін былай жіктеуді ұсынады:

- а) бұрыннан болған меристемалардан өскен өсімдіктер;
- б) жаңадан пайда болған меристемалардан өскен өсімдіктер.

Микроклонды көбею – дәстүрлі әдістермен көбейтілуі қиын өсімдіктерден вируссыз отырғызу материалын алу барысында қолданылатын биотехнологиядағы басты бағыттардың бірі. Осы әдіс өсімдіктің көбею коэффициентінің ең жоғарғы көрсеткішін алуға, жыл бойы жұмыс жасауға, отырғызу материалына кететін жер көлемін үнемдеуге мүмкіндік береді[4].

Микроклонды көбейтуді жеделдету технологиясы көптеген ауылшаруашылық, жеміс-жидек дақылдарына арналып жақсы жасалған Алайда, алмаға байланысты клональды микрокөбею туралы зерттеулер онша көп емес. Жасалған зерттеулер нақты бір генотипке қатысты, сондықтан оларды басқа формаларда қолданғанда нәтижесіз болып шығады.

Алманың бағана формалы түрлері алманың жалпы генофондында ерекше орын алады, себебі олардың өздеріне ғана тән биологиялық ерекшеліктері бар. Осындай ерекшеліктерінің бірі - олардың қаптал (бүйір) өркендерінің әлсіз болуы, кейбір жағдайларда олардың мүлдем болмауы. Мұндай ерекшелік олардың екпе және көзсабақтау секілді дәстүрлі көбейту әдістерін пайдалану арқылы отырғызу материалдарын барынша көп алуға қиындық туғызады. Осыған байланысты осы топтағы өсімдіктер үшін клонды микрокөбею әдісін жасау өзекті болып табылады.

Дүниежүзілік сұрыптау тәжірибесінде микроклонды көбейту әдісін жеке сорттардың тез және тиімді көбеюі үшін, бастапқы материалдың ең төменгі мөлшерінен сирек кездесетін формаларын көбейту үшін қолданады. Қазіргі кезде шеттетілген ұлпалар әдісімен алмұрт, алма ағаштары, шие, қарақат, шабдалы, өрік, бүлдірген, таңқурай, жүзім сорттарын да екі-екіден көбейтеді.

Микроклонды көбейтуді сәтті жүргізу үшін бастапқы аналық материалдардың жас мөлшері маңызды рөл атқарады. Алма дақылының даму ерекшелігіне байланысты (оларда қапталдық немесе бүйір өркендер мен бүршіктер аз қалыптасады) микрокөбейтуге арналған бүршіктерді олардың жалпы жағдайына кері әсер етпеу үшін өсімдіктердің оңтайлы өлшемділерін таңдап алады. Бұл өлшем 4-5 жас мөлшері болып табылады. Өсімдік-донорлар саңырауқұлақ және вирустық аурулармен ауырмаған болуы тиіс. Сондай-ақ бүршіктерді жинау мерзімі де маңызды болады. Біраз зерттеушілердің ойынша, *in vitro* жағдайына енгізетін ең қолайлы кезең - өсімдіктің тыныштықтан шығу кезеңі, яғни ақпан - наурыз айлары. Өткізілген тәжірибелердің нәтижесі бойынша бағана формалы алма үшін ең нәтижелі тәсіл - дақылға *in vitro* енгізуді өсімдіктің вегетациялық көбеюінің алғашқы кезеңіндегі апикальды бүршіктер арқылы жүзеге асыру. Ауа райының жағдайына байланысты бұл кезең бүршіктердің табиғи түрде ісініп, бүршік жаратын кезеңі, яғни сәуірдің ортасына немесе аяғына сәйкес келеді. Наурыз айында теріліп алынған бүршіктердің меристемалары залалсызданған материалдың шығуы мен олардың ары қарай дамуы тұрғысынан оң нәтиже бермеді.

In vitro жағдайында қалпына келу жылдамдығы өсімдіктер түріне байланысты болады, яғни бұл ретте генотиптің әсері күшті болады. Мысалы, қос жарнақты шөп текті өсімдіктердің дара жарнақты және ағаш өсімдіктерге қарағанда қалпына келу қабілеті едәуір жоғары. Өсімдіктің әр түріне ең тиімді қалпына келу әдісі іріктелініп алынады. Эксплант бөлініп алынатын өсімдіктер аурудан сау болуы керек. Жылыжайда өсіретін болса, жапырақтарына су шашыратпай өлшеулі суару керек, ауаның ылғалдылығы төмен болуы қажет. Мұндай әдісті жүзеге асырудағы ең қолайлысы асептикалық ыдыстарда өсірілген залалсыздандырылған өскіндер болып табылады.

Іс жүзінде жалпы алғанда, егер де эксплант жарамды даму кезеңінде алынса, өсімдіктің кез келген бөлігінен регенерант алуға болады. Эксплантты таңдап алудың маңызы өте зор. Ең жақсысы, егер эксплантта меристемалық ұлпалары мен мүшелері пайдаланылса, атап айтқанда: өркеннің ұшын, қолтық бүршігін, меристемасын таңдап алу керек. Олар *in vitro* жағдайында жақсы өседі және тотипотенттілігі жоғары болады[5].

Ғылыми- зерттеу жұмысының мақсаты алманың оқшауланған бүршіктерінен *in vitro* дақылындағы морфогенез ерекшеліктерін анықтау және қоректік ортаның тиімді гормоналды құрамын таңдау.

Зерттеу үшін алма сорттарының Старккрымсон сорты алынды.

Ғылыми зерттеу жұмысы «Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-гінде жүргізілді.

Экспериментальдік жұмыс барысында өсімдіктердің жекеленген ұлпалары, клеткалары және ағзалары бойынша жалпы алынған әдістерге сүйене жүргізілді [6,7].

Зерттеу нәтижелері

Негізінде кез келген өсімдіктің түрі белгілі тәсілдерді қолданса, каллустан да регенерант ала береді. Эксплант алынатын өсімдік неғұрлым жас болса, соғұрлым одан шыққан каллустың қалпына келуге қабілеті жоғары болады. Ювенильдік кезеңдегі өсімдіктерден, яғни өркендерден алынған каллустың морфогендік потенциалы ең жоғарғы болады. Экспланттың физиологиялық жасы каллуста өтетін морфогенез жолына да әсер етеді. Мысалы, *Echeveria elegans* жас жапырағының экспланттарынан өскен каллустарда көбінесе тамырлар пайда болған, қартайған жапырақтарынан - өркендер, ал орта жастағы жапырақтан – тамырлар мен өркенлер пайда болған.

In vitro өсіруге дамып келе жатқан бүршіктерден оңашаланған, сыртқы ұлпаларынан босатылған, залалсыздандыруға оңтайлы 0,2-0,4 см. меристематикалық ұштары енгізілді. Залалсыздандырғыш ретінде 0,1% сынап (сулема) ерітіндісі қолданылды. Тәжірибеде қыстық бүршіктерді 40 секунд пен 1 минутқа созылған екі түрлі экспозиция сыналды (Кесте 1).

Кесте 1- Алманың қысқы бүршіктерін сапрофитті микрофлорадан залалсыздандыру нәтижелері. (Старккрымсон сорты(2018ж)

Залалсыздандыратын ерітінділер	поз мин.	Өрғызылған өсімдіктер саны, дана	жірілері, дана	проз, дана	регенерацияланған, %
Суылау Cl ₂ (0,2%)	5	15	11	4	73%
Cl ₂ (0,2%)	4	15	8	7	53%
натрий гипохлориді	4	15	2	13	13%
натрий гипохлориді	15	15	4	11	26%

изна 1:2	3	15	0	15	0%
изна 1:5	5	15	1	14	6%
хлор 1%	15	15	0	15	0%

Бұл көрсеткіш эксперимент жасаушының техникалық мүмкіндігіне және Залалсыздандыратын реагентке байланысты. Мәселен, 1:2 Белизнаның, 1%-ды Деохлор ерітінділерінің тиімділігі аз болып шықты. Оларды пайдаланғандағы регенерация көрсеткіші 0% болды.

Тіпті кейбір экспланттарда қоректік ортаның лайлануы сияқты саңырауқұлақ (таз ауруы) инфекциясының белгілері пайда болып, олардың өліп қалуына әкеліп соқты. Бәлкім, бастапқы экспланттарды залалсыздандыру оларды саңырауқұлақ инфекциясынан арылтқан болуы да мүмкін. Бірақ, оның бактериалды инфекцияға қарсы тиімділігі төмен болып шықты. Ал, көптеген ағаш өсімдіктеріндегі ішкі, әсіресе, бактериалды инфекциялар 3 ай күтіп-баптағаннан кейін де көрінетіндіктен оларға антибиотиктерді және системалық фунгицидтерді пайдалануға кеңес беріледі.

Қысқы бүршіктерді залалсыздандыру нәтижесі 5 минут экспозициядағы 0,2% сулема бақылау варианты қуатты залалсыздандыру ерітіндісі екенін көрсетті. Алманың асептикалық экспланты соны пайдаланғаннан кейін алынды. Өскіндердің ұшы белсенді өсетін екінші кезеңде оны жоғарыда аталған ерітіндімен стерильдеп, содан кейін 3 рет дислиденген сумен жуып, МС қоректік ортасына ауыстырылды.

Қорытынды. Алма дақылдың экспланттарын залалсыздандыру кезінде оңтайлы залалсыздандырғыш ерітінділердің ішінен гипохлоридті натрий (Белизна) 1:5 қатынасындағы ерітінді жоғары көрсеткішті көрсетті. Осы нұсқада өңделген экспланттардың өміршендігі 93% құрады.

Микроклонды көбею кезінде алманың қыстық төбе бүршіктерін залалсыздандыру үшін 0,1 % сулема ерітіндісімен өңдеу 1 минут аралығында екендігі анықталды.

Әдебиеттер

- 1 Рахимбаев И.Р., Ковальчук И.Ю., Кушнаренок С.В. Биотехнология криосохранения гермоплазмы плодовых растений // Сохранение и устойчивое использование растительных ресурсов. – Бишкек, 2003. – С. 234-238.
- 2 Ковальчук И.Ю. Микрклональное размножение плодовых культур // Юбилейный сб. трудов КазНИИ плодоводства и виноградарства. – Алматы, 2001. – Т. 16. – С. 29-34.
- 3 Матаганов Б.Г., Аяпов К.Д. Плодовые и ягодные культуры. – Алматы: Кайнар, 1997. – 307 с.
- 4 Genebank standards. FAO/IPGRI. – 1994.
- 5 Плеханова М. Н. Коллекции генетических ресурсов плодовых и ягодных культур: структура и проблемы сохранения в живом виде. // Материалы Мичуринских чтений. – Мичуринск, 2002. – С. 4-12.
- 6 . Бутенко Р. Г. Культура изолированных тканей и физиология морфогенеза растений. – М.: Наука, 1964. – 272 с.

ОРТАҒАСЫР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Ф.ғ.к., Оспанова Б.Р.

Қазақ ұлттық жазба әдебиеті, тілі тарихи кезеңдерді бастан өткеріп бүгінгі көркем қалпына жетті. Оның лексикалық қоры ғасырлар бойы қалыптасты. Бүгінгі барша халыққа ортақ, жалпыға түсінікті нормалары қалыптасқан қазақ әдеби тілінің сан ғасырлық қалыптасу жолдарын зерттеу маңызды іс. Қазіргі түркітану ғылымында осы дәуірлердегі жазба мұралар әр қырынан зерттелуде. Бүгінгі таңда XIII–XIV ғасырларда жазылған жазба ескерткіштер тіліндегі мәселелерді рухани жаңғыру идеясымен салыстыра отырып зерттеу – өзекті мәселе. Бұл дәуір мұралары оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған. Дегенмен, бұл «Мәдени мұра» бағдарламасымен толық сәйкес келеді. Бүгінгі таңда ұлт тағдырын шешетін қиын белесте тұрғанда, оның кез-келген назардан тыс қалып келген мәселесін, соның бірі көне және орта түркі дәуірі жазба мұралары тілін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, зерттеудің маңызы зор. Орта ғасырларға тән жазба мұралары ғалымдардың назарын өзіне көптен аудартып жүрген жалпы түркі халықтарына ортақ үлкен әдеби, мәдени мұра болып табылады. Осы жазба ескерткіштің әдеби сипаты, тілдік ерекшеліктерінің кейбір мәселелері жайлы біраз пікірлер айтылып жүргені болмаса, нақты филологиялық тұрғыдан толық шешімін тапты деуге болмайды. Елімізде бүгінгі күні рухани саладағы өзгерістер сананың жаңаруы, адами құндылықтарды қайта бағамдау үдерістері нәтижесінде ғасырлар бойы жинақталып, ата-баба тарихынан бізге жеткен тәлім-тәрбиелік, әдеби тағылымы мол мұраларды жаңаша қырынан зерттеу жобаның өзектілігін айқындайды. Орта ғасыр шығармалары оқырманын рухани кемелдікке бастап, келер ұрпақты адамға және табиғат әлеміне құрмет көрсетуге үндейді. Кәміл адамға лайық көркем мінез, басшыға лайық мемлекеттік заңдар, қарапайым халыққа қажет қоғамдық тәртіп және кез-келген адамның өз-өзі жетелдіруі үшін қажетті құндылықтар егжей-тегжейлі сипатталады. Ұлы ойшылдардың пайымы бойынша, адамзаттық ұғым – көркем мінездің шыңы, ғылым болса – дүниетанымның жолы. Сондықтан бұл туындыларды жаңаша қырынан қарстыру – бүгінгі күнде де зер салып оқылатын, өзектілігін ешқашан жоғалтпайтын құнды дүние. Тәуелсіздігіміздің тұғыры бекіген сайын түркі дүниесінің мәдениетіне ұланғайыр үлес қосқан даналарымыздың рухани дәрежесінің өсетіндігіне және болашақ ұрпақтың оның қазынасына ие болатыны дау туғызбайды. Осының негізінде қазіргі жастардың бойына рухани құндылықты, ұлттық идеяны қалыптастырумен анықталатын ұлттық құндылықтардың сәйкестілігін дамытудың ірі әлеуметтік-мәдени және ғылыми-біліми мәселесін біртұтас қызметке-бағдарлы негізделуінде. Рухани құндылықтарды жастардың санасына

қалыптастырудың маңызды факторы ретінде көркем әдебиет арқылы әлеуметтік-мәдени ортасына негіздеуінде.

Біздің дәуіріміздің бір мың жылдығында Еуразия даласында этникалық орта бірте-бірте өзгеріп, түркі тілдес халықтар басым бола түсті. Әлеуметтік даму ағыны мен аймақтың екінші жартысында түркі тілдес тайпалардың бірнеше ірі мемлекеттік құрылымдарының пайда болуына әкелді. Оңтүстік Сібірде, Орталық және Орта Азияда, Төменгі Еділ және Солтүстік Кавказ жерінде алғашқы Түркі қағанаты, Шығыс түркі қағандары, Ұйғыр қағанаты өмір сүрді. Бұл дәуір ертедегі түрік заманы деп аталды. Осы кезең қазіргі түрік тілдес халықтардың, оның ішінде қазақтардың да ата-бабаларының іргесі орныққан заманы болды. Солардың бірі оғыздар. Қорқыт атаның дүниеге келуі де, ол туралы аңыз-әңгімелер де осы оғыз тайпаларымен тығыз байланысты.

Біз мақаламыздың әдіснамалық тұжырымын жасау барысында қазақ этнопедагогикасын жете зерттеген ғалым С. Қалиұлының «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты еңбегіне сүйендік. Әсіресе, оның қазақ этносының тәлімі тарихының даму кезеңдерін айқындау барысында философия ғылымына жасаған мынадай тұжырымы: «Философия – ғылымдардың ғылымы, барлық ғылымдардағы зерттеудің әдіс-тәсілдерін жинақтаушы, этностың болмыс-бітімімен байланысты мәселелердің басын біріктіріп, методологиялық тұрғыдан талдау жасайтын алтын дінгек іспеттес» зерттеу жұмысымызға негізі болды [1].

Соңғы жылдары жалпы ғылымның әдіснамасымен бірге әсіресе педагогика ғылымының әдіснамасына аса назар аударылуда. Бұл туралы А. Бейсенбаева: «Педагогика ғылымының әдіснамалық проблемасын қарастыруда ғылымдардың интеграциялық даму тенденциясын ескеру, зерттеу қажеттілігі күн тәртібінде тұр. Тәрбие мен білім берудің көптеген аспектілерін педагогика ғылымы ғана емес, басқа да бірнеше ғылымдар зерттейді. Мәселен, философия, психология, физиология, этнография» - деген пікірін білдіреді [2,15].

А. Ерментаеваның айтуынша: «Субъект категориясының философия аясынан шығып, психологиялық теорияға кіргізілуі болашағы зор, эвристикалық маңызы орасан іс болады» [3].

Осыдан біз Қорқыт тұлғасын субъект тұрғысынан зерттеуді жөн көрдік. Себебі, адамды субъект тұрғысынан зерттеу жеке тұлғаны әртүрлі өмір жағдайлары мен іс-әрекетте психиканың элементтерін тануға көмектеседі, ал барлық жекелеген құбылыстардың өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыда көрсетілген қағидаларға негізге ала отырып, біз Қорқыт ата мұраларындағы этнопедагогикалық идеялардың қалыптасуына ықпал еткен Түркі қағанатындағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды зерделеу арқылы зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға тырыстық. Түрік қағанаты тұсында халықтың сауатын ашу ісіне ерекше көңіл бөлінді. Мемлекет жастарға жазуды үйрету мақсатында руналық әріптерін пайдаланып, бұл жазулар орта ғасырларда дүниенің көп жерлеріне белгілі болды.

Түріктер баланың жас кезінде алған тәрбиесінің келешекте жетік адам болып шығуындағымаңызы үлкен екендігіне аса көңіл бөлген. Сол себепті Оғыз дәуіріндегі жазуларда балалар тәрбиесіне, олардың ер жетіп, халқы сүйген азамат

боп жетілуіндегі бұл құбылыстың атқаратын қызметіне ерекше маңыз берген. Тәрбие ғана адамды адам етіп қалыптастырады деген түсінік басты назарда ұрған түркі халықтарында үл-қыз тәрбиесіне, оның сау-саламат ер жетуіне әлі ана кұрсағында жүрген кезінен бастап көңіл бөлінді. Аяғы ауыр аналарға барлық жағдайлар жасалып, оларды ізет-құрмет еткен. Босану үшін толғатып жатқан кезінде оңай көз жаруға әсер етеді депаналардың қарнын бөрініңшекесімен сыйпаған. Шамандық балгерлер туылып жатқан нәрестеніңкелешегінен хабар беріп, тағдырының қандай жақсы оқиғаларменбайланыстылығын анықтаған, атын қойған. Ертедегітүрік даналары: «Есімін мен бердім, өмірін Тәңірі берсін» деп туылған перзенттің ендігіболашағын Тәңірі жарылқап, қолдап-қуаттауына айланыстылығына үміт еткен және Тәңірінің адамдағы тағдырды жаратуы мен ата-ана беретін тәрбиенің әсеріне байланысты бірі-екіншісінтолықтырадыдеп түсінген.

Перзентті болуды үлкен бақыт деп санаған түркі халықтары балаларына жақсы тәрбие беріп өсіруді, оларды ел, мемлекет, қоғам үшін қызмет ететін дәрежеде қатарға қосуды өздеріне борыш сипатында қабылдаған. Бұл Қазан Салор жырында айтылады. Түрік халықтары перзентті болуды өзінің ата-ана ретіндегі шаңырағының бақыты, жалғастырушысы деп ғана түсінбей, оны халықтың, мемлекеттің келешегі, елдің дәулеті деп есептеген. Бала тәрбиесінде Ұмайдың қызметіне аса көңіл бөлінген. Осы себепті Ұмай ертедегі түркі халықтарындағы жас балалардың қамқоршысы деп қабылданған.

Ертедегі түрік жазуларында балаларға дұрыс тәрбие берілгенде ғана олардың жақсы болып ер жететіндігі, перзенттің тек тәрбиемен адам болатындығын түсінгендігі ерекше сезіледі. Әсіресе балалардың жас кезінде қайғылы тағдырға, рухы түсушілікке тап болмауына, от басында қиындықсыз, бақытты балалықта өсіп, ер жетуіне аса көңіл бөлген. Бұл түркі халықтарының бала тәрбиелеуіндегі ата-бабаларынан қалған дәстүр болатын.

Балалардың қиындық көрмей қайғысыз өсуін ойластырған түрік халықтары барлық әскерлерімен соғысқа кеткен кезде елде қалған әйел-қыздар мен бала-шағаның тағдырын да ойлаған. Олардың бейбіт, аман болуы басты мәселе болған. Соғыс кезінде балалардың тағдыры жан-жақты ойластырылып, олардың ерте жастан соғыс құрбаны болмауының шаралары қарастырылып қорғалған. Олар соғысқа кеткен қауымдастарының соғыс әрекеттерінен хабар алып, соғыстың барысын тылда талқылап, үйреніп отырған.

Түркі халықтарының VI-VIII ғасырлардағы отбасылары туысқан, жақын және аталас ағайындарымен бірге өмір сүрген. Балаларды отбасында туысқандық сезімге тәрбиелеуге, шаңырақ мүшелерінің өзара бір-біріне мейірімділік сезімдерін қалыптастыруына ерекше көңіл бөлінген. Бала үйге кіргенде алдымен анасына иіліп тәжім етуге, одан соң әкесіне сәлем беруге үйретілген. Ертедегі түрік шаңырақтарында әке мен оның әкесін (атасының) ерекше құрметі тұтқан.

Қалыптасқан қоғамдық-экономикалық катынастар өмірде, әсіресе отбасында әйелдер әсерінің белгілі дәрежеде өсуіне алып келген. Ер адамдар соғысқа кеткенде немесе табынды айдап кеткен кездерде әйелдер үй бикесі ретінде ордадағы істерге басшылық еткен. Қызметкерлерге, құлдарға және жасы кішілер мен балаларға нұсқаулар

берген. Бірінші әйел (бәйбіше) жанұяда үлкен күшке, абыройға, билікке ие болған.

Көшпелі өмір сүріп, жиі-жиі соғыс болып тұрған қоғамда әйелдердің орны ерекше. Олар соғыс соңында (тылда) ер адамдардың міндетін атқарып, шаруашылық жұмыстарын жүргізген. Ерлер әйелдерінің кеңестерін тындап, олармен көп нәрсені бірге ойласып шешкен. Тіпті мемлекеттік мәселелерді талқылау ісінде де оларға әйелдері бірге кеңесі беріп отырған [4,272]. Әйелдер ошақ басында бағынышты, тәуелді болғанның өзінде де күйеуіне үлкен әсер етіп, оны айтқанына көндіріп отырған. Осыны байқаған тарихшы Табари: «Түріктерде барлық жұмысты әйелі арқылы орындауға болады» деп жазған болатын [5,72]. Бұлар отбасында, қоғамдық өмірде түрік халқы әйелдерінің рөл атақарғандығын көрсетеді.

Түркі халықтары қоғамның мәдени-экономикалық жақтан дамуында молшылыққа кенеліп, бақытты өмір сүруінде оның мүшелері арасында білімділіктің атқаратын қызметі зор екендігін түсінген. Олар өз жастарын сауатты етуді, елдің гүлденген заманға жетуінің негізі ретінде қарап, халық арасында ағарту істерін кеңейтуді мақсат тұтқан. Бұл үшін ең басты құрал жазу алфавитін игеру екендігін терең түсінді. Нәтижеде арнаулы жазуды жетілдіруді мақсат етіп, бұрынғы суретті-пиктографиялық және ұғымды білдіретін идеографиялық жазулар орнына алфавиттік жазуды ойлап табу қажеттігін байқады.

Ұстаз, мұғалімдерді ағартушы, тәрбиеші, елге үлгі көрсетуші тұлға ретінде ұғынған түркі халықтары, оларды балаға білім және тәрбиелеу беру әсері сапалы болуы үшін мүмкіндігінше, ұстаздардың тұрмыс жағдайының жақсаруын ойластырып, ақы төлеген. Бұны жоғарыда аталған бітіг тастағы: «Мұғаліміне жүз адам (күл) және жасайтын жер (мекен) бердім» [6,143]. деген қатарлардан аңғаруға болады.

Түркі халықтарының өзіне сай балаға тәрбие беру және білімдендіру жүйесі қалыптасқан. Бұл жүйе бойынша бала бөбектік кезде отбасы тәрбиесінде болған. Содан соң бес-жеті жастардан бастап бастауыш білім беретін тайпа мектебінде, жанұядан жеке марымдарда (мұғалімдерде) бәдізшілік мектептерінде білім алған. Халық педагогикасы, қаған ақылгөйлерінің, ел ақсақалдарының насихаттары үйретілген. Осылардан соң жоғары білім беретін шет ел академияларында оқыту жүзеге асқан. Бұлардан басқа мемлекеттік, тайпалық колөнершілік мектептері және жеке қолөнер үйрету мектептері болған. Бұларда балалар теміршілік, ағаш ұсташылығы, мүсіншілік, музыка өнері саласында білім алған. Бұл білім беру жүйесі, тәлім мазмұны өз еліндегі және шет елдердегі ғылым табыстарын үйрену арқылы жетілдіріліп, дамытылып отырған.

Қоғамды ақыл, біліммен басқару ғана жоғары сатыға көтереді деп ойлаған түркі халықтарында қағандық лауазымына отырған басшымен оның жәрдемшілерінің ақылды, дана болуы бірінші мәселе саналады. Мұның негізінде қаған және оның жәрдемшілерінің білімді болуын үлгі етіп көрсету арқылы жастарды білімділікке ұмтылдыру негізгі мәселелердің бірі болған. Елге басшылық етуші қағандар халықтың тұрмысын жақсылаудың жолын табуға тәжірибесі жоқ болса жұрт тозып, ел басына қиындық туады, елді бақытты ететін білге қағандар мен

ақылгөйлердің қоғамды білімділікпен басқаруы деп есептеген. Қоғам істері ақылдылықпен жүргізілсе, ол ел бақытты ұзақ өмір сүреді деп білген.

Демек, Оғыз дәуірінен бастау алып, барша түркі халықтарының тарихында сан ғасырлар бойы жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтаған мәдени жазбалардың бірі «Қорқыт ата кітабы» теңдесі жоқ мұра болып табылады. Бұл еңбекте көшпелі халықтың өзіндік салт-сана мен әдет-ғұрып, дәстүр ресімдері мен әр адамның ой-өрісінің дамуы және қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен принциптерінің көріністері жақсы сақталға. Жазбада қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениетіне, тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің ерекше талап-тілектері орын тапқан. Мысалы, сол дәуірде жас адамға қойылатын моральдық талаптар соның ішінде: көшпелі мал шаруашылығын жете меңгеру – еңбек сүйігіштік, қиыншылыққа төзе білу, ел намысын қорғау, жаудан беті қайтпау, ата тегін жадында сақтау, сөз асылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын құрметтеу, (жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қаптармау, көрші қақын жемеу) мәселелері қарастырылады.

Оғыздар балаларын ес білгеннен бастап із кесіп, жол қарап, жұлдыз санауға дағдылап отырған. Себебі мұны біліп өскен баланың көзі қырағы, сақ, кияндағыны шалатын болған. Жас буын кайда жүрсе де ақын, жыраудың тағылымын, әншінің әні мен әуенін, күйшінің күмбірлеген куміс күйін қалт жібермей көкейіне қондырып, ел аузындағы ұлағатты мақал мен мәтелді, ертегі мен жұмбақты терме мен шежірені жадында сақтап, халық даналығын өзіне рухани азық еткен. Мұның барлығы ер баланы болашақта мемлекет, қоғам ісіне белсене араласуына ықпал етіп, жауынгер, әрі шаңырақ иесі болуға тірбиелеген.

Отбасы негізінен әке басшылығында жүргізіліп, мұрагерлік те әке жағындағы адамдарға тиісті болған. Жастардың отбасындағы тәрбиесі және олар жөніндегі түсініктер осы бағытта қалыптастырылып отырған. Жанұя басшыларына өз отбасына ерекше құрметпен қарауы міндет саналған.

Міне, сонау Түркі қағанатынан бастау алған тәрбие жүйесі Оғыз мемлекетінде берік сақталып, Қорқыт атаның тәлім-тәрбиелік ой-саналарының қалыптасуына және ойшылдың мемлекеттік іске қатысуына ықпалын тигізді.

Оның жыр туындылары бізге көркемдігі ғажап эпос үлгісіндегі поэзиялық мұра ретінде жетті. «Қорқыт ата кітабындағы» жырларда көшпелі тайпалардың тұрмысы мен әдет-ғұрпы, діни сенімдерін бейнелейтін мәліметтер аз емес. Бұлар тәлім-тәрбиелік мәнімен де аса қызықты құжат.

Ұлы ойшылдан қалған үлгі, өнеге, өсиетті мұралардың тағлымдық орнын екі қырынан қарастыруымызған болады. Бірі – танымдық (білімдік), ал екіншісі – тәрбиелік ойлары.

Тарихи мұраға үнілетін болсақ, данадан қалған мұра тамсандырып бойыға рухани қуат болып дариды. Ойшылдың даналық ойлары адамға тән кемелдік пен кесірлік, адамдық пен арамдық, жамандық пен жақсылық секілді қасиеттерді аңғартып отырады[7, 45].

Қорқыт жырларында батырлыққа тән ерлік, өз еліне деген сүйіспеншілік өте нанымды суреттеледі. Батырлықты, бір сөзділікті, ел мүддесі жолында жанын беруге даяр жанпидалықты өсиет етеді. Оған абыз мұраларындағы әрбір

кейіпкердің іс-әрекеттері айғақ. Әсіресе Қарақойшының жауға қарсы айтқан ерлік сөздері осының айқын дәлеліндей. Ол бес қаруы сай көп дұшпанның қамауында тайсалмайтын өр рухтың сөзін сөйлейді:

Бос сөйлеме ит геуір,
Итіммен бірге ас ішерсің,
Бурылды міндім деп мақтанба,
О да бір алабас текеме тең келмес.
Дулыға кидім деп мақтанба,
О дағы тері бөркіме тең келмес.
Алпыс тұтам найзаңды мақтама,
Одағы қызыл шокпарыма тең келмес...

Қорқыт ата жырларында түркі халқының елдігін нығайтқан Баяндур, Қазан сынды бишілердің парасаты дәріптеледі. Намыс пен ар, ел мен жер, қарыз бен парыз туралы тәлімді тәмсіл өнеге етіледі.

Қорқыттың мемлекет басқаруға қатысуы мен ел билеуі оның ұзақ жылдар бойы уәзірлік қызметті атқаруымен байланысты.

Мемлекеттік істерге араласу кезінде ол әлеуметтік жора (заң) негізін жасаған. Осы заңда ол ата-бабалардың өмір сүрген мекенін “жерұйық” ретінде қарастырған. Қорқыт оны сыртқы жау шабуылынан қорғау, жер-суды белгілі тәртіппен пайдалану, дау-жанжалды ақылмен шешу, кінәліні жазалау сияқты салаларға бөліп қарастырады. Сондай-ақ қалың әскерді қос қанаттап орналастыру, көпшілік жиында тәртіппен отыру, ас үстінде мүше беру, шүлен тарату тәртіптерін дәстүрлік жүйеге келтірген. Осылайша, қазақ халқының әдет-ғұрпына негізделген заңдар жүйесін жасаған.

Ойшыл ел басқаратын бек елді заң, тәртіптің күшімен басқаруы керектігін ұлағатты сөздері арқылы тұспалдап жеткізеді. Заң жоралары арқылы ғана әділетсіздікті, өзім білемдікті, әр түрлі бассыздықтарға тосқауыл қоюға болады деген ойын айтады. Дана қарттың ой-араманы – әділдік, кісілік қағидаларынан бастау алатын биліктің әр-түрлі әлеуметтік топтарымен екі жақты келісімде болуын және сол арқылы мемлекетті күшейтуді мақсат ететін – «елді басқару өнері», сонымен қатар оның кейбір нақыл сөздерінен, күйлерінен Отырардың ұлы ойшылы, Әбу-Нәсір-әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында айтылатын мінсіз адамзат қоғамы, мамыражай заман туралы армандарымен үйлесіп жатқанын аңғаруға болады.

Қорқыттың уәзірлік қызмет атқару кезінде маңына ел билеуші, ғалым және ақылгөйлер топтасқан. Қорқыт әділ қазылық жасап елді аузына қаратады, үлкен жиындарда сөз бастап, жаңа туған бектердің балларына ат қойып, бата береді. Бұл «Дірсеханұлы Бұқашжан жырында» көрініс табады. Дірсеханның әйелі ұл тапқанда оның атын қоюға Қорқыт шақырылады. Ол балаға бата-тілегін айтады.

Ей, Дірсе хан,
Бектік бер бұл ұғланға,
Тақ бер астына, өнерлі екен!
Қаз мойынды бедеу ат бер бұл ұғланға,
Мінре болсын, өнерлі екен!
Қой қорадан он мың қой бер бұл ұғланға,

Соғым болсын өнерлі екен!
Аруаналардан қызыл түйе бер ұғланға,
Жүк артатын көлік болсын, өнерлі екен!
Алтын баулы отау бер бұл ұғланға,
Көлеңке болсын басына, өнерлі екен!
Құс иінді торқа тон бер ұғланға,
Киер болсын үстіне, өнерлі екен! [8, 59]

Ас-той үстінде мүше беру Қорқыт заманынан бастау алаған салт-дәстүр. Данагөй бабамыз малдың басы мен жамбасын жасы үлкен құрметті адамға, құлақты отбасындағы кенже балаға, таңдайды шешен бол деп үлкен ұлға, көзді бойжеткен қызыңа бер деген тілекпен шешесіне береді.

Осындай мүше тарату дәстүрі ағайын туғандардың ауыз-біршілігін, құда-құдағидың арасындағы қарым-қатынасты нығайтатын мемлекеттік салт дәрежесіне дейін көтерілген. Бүгінде оғыз-қыпшақ тайпаларының ішінде тек қазақ халқы ғана құда мен құдағайға, қыз бен күйеу балаға, нағашы мен жиенге, қимас адамға, жақын көршіге арналған малдың мүшесін атауды берік сақтап келеді. Міне, жоғарыда Түркі қағанаты білім және тәрбие жүйесіндегі тәрбие беруші тұлғаға тән даналық, ақылгөйлік, білімділік, данышпандық қасиеттердің барлығын Қорқыт ата тұлғасынан табамыз. Қазақ әдебиетінде Қорқыт – дана, ақылгөй ата болумен бірге дарынды жырау, майталман күйші, қазақтың музыка аспабы қобызға алғаш тіл бітірген өз заманының ойшылы.

Қорқыт атаның тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің қалыптасуы, түрлі философиялық қырлары мен бастау алар рухани көздері мол. Солардың ең негізгісі - туған халқының әдет-ғұрпындағы, салт-санасындағы, ауыз әдебиетіндегі, мақал-мәтелдеріндегі педагогикалық ой-пікірлер жиынтығы. Бір сөзбен айтқанда, *халықтық педагогика дәстүрлері*.

Қазақ халқының этнопедагогикалық құндылықтары – бұл адам баласы дүниеге келгеннен бастап, дүниеден өткенгі өмірі, сенімі, түсінігі, тұрмыс-тіршілік әркеті сан ғасырлық жинақталған, сұрыпталған салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпынан туатындығы. Сондықтан әрбір халықтың салт-дәстүрлері өмір сүрген қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік дүниесіндегі ең қымбат қазыналардың бірі болып табылады және жас ұрпақ үшін танымдық, білімдік, тәрбиелік мақсат көздейді.

Қазақ тәлім-тәрбиесінің тарихын зерттеу профессорлар Қ. Жарықбаев, С. Қалиев Қорқыттың тәлімдік пікірлерінің гуманистік астарларына ерекше мән берген. Олар кейінгі зерттеушілерге де жол-жоба сілтеп, туысқандық, бауырмалдық мәселелеріне барынша назар аудару қажеттігін айтады. Жоғарыда айтқанымыздай, Қорқыт ата өз заманында қоғамдық, әлеуметтік, рухани өмірге мән берген. Ол жас ұрпақты имандылық, адамгершілік қасиеттерге баулып, оларды кішіпейіл, қарапайым, көпшіл, қайырымды болуға, бастаған істі тындыруға, әрбір істі бір-бірімен кеңесіп істеуге, дос қадірін түсінуге, өтірік айтпауға, әркез адамгершілікті бірінші орынға қоюға шақырады. Ғұламадан қалған мұра кейінгі ұрпаққа ата-баба аманатындай сезіледі, әрі ойға қуат, бойға нәр береді. Ғұламаның тәрбиеге қатысты түрлі нақыл сөздеріне тоқталтын болсақ ол **толық имандылық туралы**: Алла, Алла демейінше, іс түзелмес, Тәңірі

бермейінше, ер байыма. Әуелде жазылмаса, құл басына қаза келмес, ажал уақыты жетпейінше, ешкім өлмес. Өлген адам тірілмес, шыққан жан кері келме. **Кішіпейілділік туралы:**Тәкаппарлықты тәңірі сүймес. Көңілі пасық ерде дәулет болма.Туған баланың қадірі туралы: Жат баланы қанша сақтасаң да ұл болмас, ол ішіп-жеп, киер де кетер, бірақ көрдім демес. Күл – төбе болмас, күйеу бала – ұл болмас.

Ел бүтіндігі, оған сақтық жасау шаралары туралы: Ескі қамыс біз болма. Ежелгі дұшпан дос бомас. **Адал еңбек туралы:**«Мінген атың қиналмайынша, жол алынбас. Қара болат өз қылышыңды шалмайынш, жаудың тауаны қайтпас.Ер малын қинамайынша, аты шықпас».

Дәулет туралы:Ұлдың күні қараң, ата өліп мал қалмаса. Ата малынан не пайда, баста дәулет болмаса.**Ержүрек, жауынгер, өрен туралы:**Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне білмес, ол мінгенше, мінбесе игі. Шалып кесер өз қылышыңды мұқалтып шалғанша, шалмаса игі. Шала білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі бір шоқпардың өзі артық.**Қонақжайлылық туралы:** Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық. Ат жемейтін ащы шөп бікенше, бітпегені игі. Адам ішпес ащы су жылға қуып аққанша, ақпағаны игі.

Шындық туралы:Жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі.

Ана мен әйелді құрметтеу:Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті. Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті.Ал, енді оның негізгі жырлаған **өмір мен өлім** туралы мына толғамдары «Тіңер пендесінің маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп өлмейді. Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді... Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас, гүлденіп өскен бәшешек – күзге бармас... » адам өмірінің тым қысқа екендігін айтып, сол Алланың берген өмірін барынша дұрыс сүру қажеттігін ұғындырғандай. Данышпан атамыздың өмір туралы толғамдары кейіннен түркі жұртының даналары Жүсіп Баласағұнның «Құтты білегіндегі»: «Кісі міңгі болмас, мәңгі аты арыға мәңгі қалар шапағаты», – деген жолдарында, немесе Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрікіндегі»: «Заман өтер, кісі тоймас Адам балысы мәңгілік қалмас», – деген жолдарында, немесе Әбу-Нәсір әл-Фарабидің мәңгілік парасат туралы ілімі мен ұлы Абайдың: «Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір, Желігін жерге тықпас кісің бар ма?! Деген өлең жолдарында жалғасын табады. Бұл ғұлама ойшылдардың қай-қайсы да адамзатқа өлім мен өмір, жан мен тән мәнін ұғындырып, адам жүрегіне қайсар рух пен кемел ізгіліктің дәнін себеді. Ғұламалардың дүниетанымы Қорқыттан бастау алып, тұтас бір дүниетаным әлемін құрайды. Қорыта айтқанда, Қорқыт ата мұрасы бүкіл түркі халқының V-VIII ғасырдан кейінгі мәдениетінің негізін қалаған іргетасы. Қорқыт ата бүкіл түркі жұртына ортақ имандылық пен сыйластық, әдептілік пен ізеттілік өлшемдерін кейінгі ұрпаққа өсиет етіп кеткен ғұлама. Оның жырларында әке мен бала, аға мен іні, қалыңдық пен күйеу, ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік, туысқандық қарым-қатынас, түркі жұртына ортақ қонақжайлық пен меймандостық қасиеттері барынша сипатталады.

Осы орайда, елбасымыз Н. Назарбаевтың айтқан ой-түйіні баршамызға ой салады: «Ашықтық және жан ізгілік, мұқтаж адамды жылытуға, онымен қолдағы барын бөлісуге даярлық қазақ халқының генетикалық қасиеті болып табылады. Ол

ешкімге және ешқашан жекөрушілік немесе артықшылық танытып, сондай сезіммен қараған емес, ешқашанда ұлтаралық жанжалдың шоғын маздатуға қызмет еткен жоқ». Қорыта айтқанда «Қорқыт ата кітабы» – сан ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан педагогикалық ойларға толы түркі халқының құнды ескерткіші. Ал, Қорқыт ата – ақылгөй тәлімгері, дана ойшылы, халықтың ұстазы. Бұлай дейтініміз, ол Түркі дәуірінде «педагогика» арнайы ғылым саласы ретінде қарастырылмай тұрғанда-ақ, өзінің шешендігімен, көсемдігімен, ақылдылығымен адамның мінез-кұлқына тән барлық адамгершілік нормаларды жүйелеп, өсиет айту, ізгі тілектері, халықтың салт-дәстүрі, баталары, жырлары мен күйлері, нақыл сөздері арқылы бізге дейін жеткізе білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, «Білім» 2003. 7 б.
- 2 Бейсенбаева А. Бейсенбаева Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру/оқу құралы/. Алматы. РБК, 1995ж.
- 3 Ерментаева А.Р. Субъект ұғымының психологиядағы әдіснамалық маңызы. «Психологиялық ғылым мен практика Қазақстан Республикасы Қорқыт ата: Энциклопедиялық жинақ. А., бас ред. Ә. Нысанбаев 1999. 272 б.
- 4 Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр аңызда. А., 1985 . 72 б.
- 5 Қазақтың көне тарихы.-А., «Жалын», 1993.
- 6 Қорқыт ата: Энциклопедиялық жинақ. А., бас ред. Ә. Нысанбаев 1999. 272 б.
- 7 Қорқыт ата: Энциклопедиялық жинақ. А., Ред. Ә. Нысанбаев 1999. 143 б.
- 8 Әкімтаев Т. Қорқыт тағлымы. Хабаршы. 1999.№ 3. 45 б.

Коммуникативті грамматика тілді меңгертудің алғы шарты

ҚазИТУ

Абдисулейменова Р.Ш. п.ғ.к., доцент

Коммуникативті грамматика тілді меңгертуде тапсырманы өз бетінше орындауға, істелінетін жұмыстың әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдауға, лексикалық мағынасын сауатты түсіндіруге, дұрыс қолдануға үйретеді.

Резюме: В статье дана характеристика процесса обучения, пути и методы подготовки студентов по предмету методика преподавания казахского языка по специальности.

The summary: In clause the characteristic of process of training, way and methods of preparation of the students in a subject a technique of teaching of the Kazakh language on специальности is given.

Ұрпақ болашағын қамтамасыз етудің негізгі мақсатының бірі білім мазмұнын жаңарта отырып, білімді ұрпақ даярлауды жолға қойып, оның кәсіби бағдарлы сауатты маман болып шығуына жол сілтеу. Қазақ тілі күн көріс тілі айналасында ғана қалып қоймай мемлекеттік ірі ауқымда қолданысқа енгенде оның мәртебесі көтеріледі. Ол үшін мемлекет тарапынан да білім ошағында жүрген мамандар тарапынан да атқарылар іс көп. Ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезініп, қазіргі кезеңдегі тіл дамыту жолында пәрменді шараларды ойластырып, оған зор үлес қосу әрбір азаматтың парызы болуға тиісті.

Заман талабына сай оқытушылардың болашақ маманға қазақ тілін үйретудегі негізгі мақсаты - білім мен өмірді өз қажетіне қарай ұштастыра алатын, қалыптасқан өзіндік ойы, пікірі бар, жеке тұлға тәрбиелеу. Ондай ұрпақ Қазақстанның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты ұрпақ болуы тиіс. Сондықтан да оқытушы оқытудың мазмұнын жаңартатын жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз болғаны абзал. Ал оған жаңа буын оқылықтар, әдістемелік құралдар мен инновациялық технологияның соңғы үлгілері көмекке келе алады. Әр болашақ маманның бір-бірімен қарым-қатынасы оның айтар ойына, пікіріне, сөйлеу тіліне байланысты. Адамдар кәсіби тілде ойын еркін, түсінікті, әдемі, жүйелі жеткізуде жаңа технологияның түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып, жеке шығармашылық жұмыстар жүргізе білсе, оның болашақ кәсіпорындарында еңбек етуінде пайдасы зор болмақ.

Осыған орай білім беру саласында жаңа бағытта жүйелі түрде жаңа технологиялардың түрлі жолдары іске асып келеді.

Қазақ тілі сабағы бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында әдістемелік құралдар мен оқулықтарын, оқу құралдарының жаңа бағытта жазылуын талап етті. Ол студенттің өз ойын қарым-қатынас деңгейінде тұжырымдап, жеткізе білуін, ойлау қабілетін дамыту және берілген тапсырмаларды өз бетінше орындауға талпынуына үйретеді. Болашақ маманды жеке тұлға ретінде қалыптастырып, оның дербестігін дамыту үшін жаңаша әдіс-тәсілдерді жетілдіру бағытында жоғары оқу орындарының әдіскер мамандары көптеген жұмыстар істеуде.

Оқыту әдістерінің құрылымы өте күрделі. Оның құрылымын анықтағанда, ең алдымен олардың атқаратын қызметін естен шығармау керек. Оқыту әдістерінің тиімділігі атқаратын қызметіне орай қолданғанда артатыны белгілі болады. Оқыту әдістері білімдік, тәрбиелілік, дамытушылық, мотивтік қызмет атқаратыны белгілі. Әдістерді дұрыс қолдана білу оқытушының әдістемелік-кәсіби шеберлігіне байланысты, сондықтан «әдістер саласында алдымен жеке тұлға шығармашылығы, оқытушының жеке басы шеберлігі көрінеді, сондықтан оқыту әдістері үнемі жоғары педагогтік өнер болып қала береді».

Тілді оқытуда компьютер мен ақпараттық технологияларды пайдалану үрдісі дамыды. Жас ұрпаққа тілді үйретумен қатар оның өмірді сүйеге деген құштарлығын, тілге қызығушылығын арттырып, оны дұрыс қабылдай білсе,

қарым-қатынас деңгейінде кәсіби бағытта сөйлеуге жету ынтасын күшейтсе, онда оқытушы алға қойған мақсатына жеткені.

Студенттің білімі мен біліктілігінің қалыптасуына аса көңіл бөліп, білім беру барысының сапасын көтеруді жан-жақты ойланған жөн.

Оқытушы мен студент арасындағы түсіністік, пікір алмасу, сөйлесу арадағы қатысымдық құбылыс, қатысым құралы ретінде қолданылатын біртұтас жүйе. Қазіргі кезде көп тілді меңгерген, жан-жақты жетілген жастарды тәрбиелеу мен қалыптастыру ерекше назарда. Сондықтан көптеген оқытушылар тілді оқытуда оның жүйелілігімен қатар қатысымдық-танымдық қызметіне көңіл аударады.

Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдану оны қатысымдық-танымдық тұрғыдан ерекше құбылыс есебінде қабылдануды, елтануды, өлкетануды қамтамасыз етеді.

Оқытушының негізгі үш факторға сүйене отырып, тілді игертуі оқу сапасының көрсеткішін жоғарылататыны сөзсіз. Ол оқушының талабы мен қызығушылығына, оқытушының педагогикалық-әдіскерлік тәжірибесіне, ұсынылатын материалдардың пайдасы мен қажеттілігіне тікелей байланысты.

Оқу процесінде бұл көрсетілгендердің әрқайсысын жеке-жеке ажыратып қарауға болмайды, оларды біртұтас қолдану керек.

Мамандығына сәйкес лексикалық тапсырмаларды жүйелі түрде сұрыптап беріп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, студенттің тілді игеру деңгейіне қарай оқыту сабақ үрдісін жақсартуды көздейді. Қазақ тілін меңгерту барысында көрсетілген технологияның кейде біріншісі басымырақ болуы мүмкін немесе керісінше екінші жағдайда екіншісі басымырақ болуы мүмкін, кейде үшіншісі маңызды болуы мүмкін. Бірақ қай-қайсысы болмасын тілді адамдар арасындағы, ұлт пен ұлыс арасындағы тілдесуді, пікірлесуді меңгертуді мақсат етеді.

Жоғары оқу орындарында тілді мамандыққа бағыттап оқытудың маңызы күн тәртібінің басты мәселесі екені аян. Студенттерге тілді сөйлесім әрекеті мен оның түрлері арқылы белгілі мамандық саласы бойынша жете меңгертумен байланысты. Сөйлесім әрекеті тілді күрделі қоғамдық құбылыс ретінде тануды және қолдануды қалайды.

Болашақ маманның бір-бірімен тілдік қатынасын жүзеге асыратын тіл, ол әрі қоғамдық-әлеуметтік ортаға байланысты қатысымдық нақтылы міндеттерге сай әрекет жасайтын жүйе.

Бүгінгі жастардың арасында көп тілді білетін жеке азаматтардың қалыптасуына куә болып отырғанымыз рас. Көп тілді білетін жастар бір-бірімен қарым-қатынасын сөйлеу әрекеті арқылы қалыптастырып, ұштастырып отырады. Осы мақсатта тілді көпшілік жастарға оқытуда форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан қолданған тиімді болады.

Қазақ тілін кәсіби бағытта оқытудың алғы шарты сөздің мән-мағынасы, сөйлемнің дұрыс құрылуы, мәтіннің сұрыпталуы болып табылады. Мамандыққа байланысты тілді меңгеруде мәтін мен сөйлемді дұрыс құрудың басты ұйытқысы сөз болғандықтан, студент ең алдымен жаңа сөздерді

меңгеруі тиіс. Сондықтан кәсіби терминдерді, таныс емес жаңа сөздерді меңгергенде жаңа қырынан келу керек. Жаңа сөздермен жұмысты жаңа технология бойынша ұйымдастыру мамандығына қатысты тілін тез қалыптастыруға, оның сөйлеу қабілетінің дамуына жағдай жасайды.

Осыған орай, техникалық жоғары оқу орындарында студенттерге қазақ тілін орыс бөлімдеріне кәсіби бағдарлы оқыту жүйесі қалыптасты. Университеттің барлық дерлік мамандық саласына кредиттік жүйеге сай оқу-әдістемелік кешені жасалды. Кредиттік жүйенің талаптары бойынша студент өздігінен жұмыс жасауына немесе оқытушымен бірігіп өзіндік жұмыстарды орындауына мүмкіндік берілген. Белгілі материалдарды пайдалану арқылы, аудиториялық сабаққа дайындықпен келеді. Сабақтан тыс белгіленген уақытта студент оқытушымен өзіндік жұмыстарды жүргізеді. Студенттің негізгі міндеті оқытушы берген тапсырманы іс жүзінде дұрыс қолдану. Ол дегеніміз жазылым, айтылым, сөйлесім, тыңдалым, тілдесім әрекеттері арқылы кәсіби тілде дұрыс қарым-қатынас жасап, сөйлеуге, сауатты жазуға үйрену. Кредиттік технологиямен оқыту жүйесінде студенттің өз бетімен оқуына уақыт көп берілетіндіктен студенттің мамандығына байланысты берілген мәтіндерді, тапсырмаларды және жаттығу жұмыстарын кәсіби бағытта меңгеруіне мүмкіндік мол. Себебі жұмыс түрлерін әртүрлі етіп беру студенттің өзіндік ізденісін қалыптастырады.

Оқытушы студенттерге тек қана мамандығына сай лексиканы үйретумен шектеліп қоймайды. Өтілген материалдарды есінде жақсы сақтап қалуы үшін көбірек пайдалы жаттығуларды орындатып, сөздік жұмыстары арқылы сөздерді есте сақтауына арнайы тәсілдерді қарастырып, ерекше ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Мәселен, тау-кен саласына сай берілген термин сөздерді меңгеруі үшін істелінетін жұмыстың әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдау, лексикалық мағынасын сауатты түсіндіру, дұрыс қолдануға төселдіреді. Мамандыққа қатысты жаңа сөздер мен тапсырмалар бергенде көрнекті құралдарды қолдана отырып, жаттығулар жүйесін құрып, пайдалы жаттығуларды орындатады. Белгілі мәтінге берілген жаттығулар студенттің қимыл әрекеті арқылы бір-бірімен қатынас тілін меңгеруге әкеледі. Студенттің берілген тапсырмаларды жан-жақты орындауы, оқу процесінің сапалы өтуіне ықпал етіп қана қоймай, ол міндетті түрде белгілі бір талапқа сай болуы тиіс. Сонда студент өз мамандығы тілінде бірімен-бірі еркін қатынасқа түсуге мүмкіндік алады. Берілген тапсырма мақсаты да орындалады. Студенттің мамандығына сай кәсіби тілге деген қызығушылығы артады. Өз мамандығына сәйкес сөздік қоры көбейеді, үйренген жаңа сөздердің қолданылуы, есте сақтауы және ойлау жүйесі дамиды.

Болашақ маман жаңа материалды меңгеруі үшін онда берілген жаңа сөздердің мағынасын және қолдану аясын білуі керек. Ол материалдар бағдарламаға сай болуы тиіс. Арнайы тапсырмалар тек белгілі мамандыққа бағыттап беріледі. Тапсырмалар мәтіндер арқылы беріледі. Ал мәтінді оқытушы мамандығы бойынша таңдап, тақырыптарын қазіргі болып жатқан жағдайлармен байланысты проблемалық, экономикалық немесе адам өміріне жақын етіп алады. Мамандыққа қатысты мәтіндерді бергенде көбінесе

лексикалық және грамматикалық құрылысына коммуникативті тұрғыдан көңіл аудару қажет. Кәсіби тілдегі сөздер мен сөз тіркестер қалай аударылады, қандай мағынада қолданылады, яғни лексико-семантикалық шеңберін анықтау керек. Студенттің есінде қалуы үшін сөздерден, сөз тіркестерінен бірнеше сөйлемдер құрғызуға болады. Мамандыққа сәйкес белгілі бір мәтінге тапсырмалар беріп, пысықтауға болады.

Қатысымдық бағыттағы тапсырмаларды орындатудағы негізгі мақсат - студенттің оқитын мамандығына сай белгілі тақырыпты зерттеп, саралау барысында ойын тиянақты, тұжырымдап жеткізе білуін, кәсіби тілде бір-бірімен тілдесе, пікірлесе білуін қалыптастыру. Жұмысты орындау тілді жаңа меңгеріп жүрген студенттерге біршама қиындық туғызар болса, олардың қосымша әдебиеттермен өз бетінше еңбектенуі тілді меңгеру дағдысын қалыптастыруға көп септігін тигізеді. Өз бетінше жұмыс жасауы мәтін мазмұнын толық аша меңгеруге, жаңа сөздерді түсінуі арқылы кәсіби бағдарлы сөйлеуге талпындырады. Мәтінде берілген мәліметтермен қоса мерзімді басылымдар материалдарын өздігінен пайдаланған студент өз мамандығы саласындағы тапсырмаларды тез үйренеді.

Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, тапсырмаларды орындау көптеген мағлұматтар алуға көмектеседі. Бұл тапсырмаларға өз беттерінше шағын мәтін, сұхбат құрастыру студенттің тілді үйренуіне талпынысын арттырады. Өз бетінше жұмыс жасауы студенттің тілді кәсіби бағытта, мамандығына қатысты үйреніп, коммуникативті тілдесе білуіне әкеледі. Сонымен қатар сөздік қоры байиды. Келешекте қызмет бабында жас ұрпақтың білімді де іскер, жан-жақты, өз мамандығын жетік меңгерген терең білімді маман бола тұра, қазақ тілінде еркін қатынасқа түсетін кәсіпкер болуы аса қажет.

Әдебиеттер:

1. Подласый И.П. Педагогика. Новый курс. М., 2000
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А.РБК,

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ЖАЗУДЫҢ ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

т.ғ.к., Оспанова Р.Р.

Қазақ әліпбиін латынға көшірудің теориясы ұлттық мақсат-мүдде тұрғысынан толықтай негізделе қоймағандығы оның болашағына Қазақстан қоғамының түрлі күдік-күмәні мен сенімсіздігін туындатып келеді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жазуы латыншаға ауыстыру мәселесіне ұлттық мақсат-мүдде тұрғысынан қарап, ғылыми-теориялық зерттеу жүргізу негізгі мақсаты болып саналады. Бүкіл дүниежүзі халықтары көне замандардан бері бір-бірлерімен әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынаста, рухани-мәдени байланыста тұрмыс-тіршілік етіп келеді. Онсыз адамзат өркениетінің жалпы дамуы мен бүгінгі күнгі қалпын көз алдымызға елестете алмаймыз. Әрине, белгілі бір уақыт ауқымында әлемдік

өркениеттен таса қалып, оның ықпалына ұшырамай, өз алдына тұрмыс-тіршілік кешкен жекелеген ұлт-ұлыстардың, тайпалардың біздің ғаламшарымыздың түкпір-түкпірінде өмір сүргені рас, бірақ олардың да ертелі-кеш басқа халықтармен қарым-қатынасқа түсіп, жалпы адамзат дамуының көшіне ілескеніне тарих куә. Көптеген ұлттар мен ұлыстар қоныстануының географиялық жағдайына қарай, белгілі бір территорияны ұзақ уақыт мекендеп, бір-бірімен көрші тұрып, тіршілік етті. Осындай тарихи объективті себеп-салдарлардың нәтижесінде олардың арасында әлеуметтік-экономикалық тығыз байланыс орнады. Ал ондай байланыс өзінің ықпал ететін түрлі тетіктері арқылы олардың тұрмыс-тіршіліктеріне әсер етіп, сан алуан ортақ ұқсастықтардың пайда болуын ғана туғызып қоймай, өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасып дамуына да, өзіндік мәдени, рухани құндылықтарының өркендеуіне де ықпалын жасады.

Бірінен екіншісіне ауысқан тұрмыстық-материалдық және рухани-мәдениеттік жетістіктер өзінің барған жерінде қанат жайып, одан әрі өркендеп дамыды. Қабылдаушы елдің өзіндік әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен ой-санасының әсерінен жергілікті мәдениетке сіңісіп, ассимиляцияға ұшырады. Жаңа жағдай мен ортаға бейімделіп, өзгеше сыр-сипатқа ие болды. Сөйтіп, ұлттық бітім-болмысы мен ұлттық ерекшелігі бар мәдениет пен өркениеттің өзіндік өзгеше үлгісі ретінде жалпы адамзат өркениеті мен мәдениетіне ұласып жатты. Сондай-ақ, бір-бірінен алыс отырған түрлі елдер де әлеуметтік-экономикалық жақтан селбелесе байланысып, тұрмыс-тіршілігін түзеп, өмір сүріп, бүгінгі күнге келді.

Кез келген ұлттық тіл мен әдебиеттің кемелденуі жазба әдебиеттің, демек жазудың қалыптасып дамуымен тығыз байланысты екені шындық. Оның пайда болуына адамзат өркениетінің дамуы себеп болған еді. *Өркениеттің дамуы барысында ауызша қарым-қатынас жасау жеткіліксіз болып, бір-бірімен алыстан хабар алмасу, ауызша айтылған пікірді мәңгілікке қалдыру сияқты қажеттілік пайда болды. Соның себеп-салдары ретінде жазу өмірге келген еді.* Тіл – тарихи категория. Ол өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша өсіп өрбиді, дамып жетіледі. Солай бола тұрса да, оған белгілі бір дәуірдегі саяси-әлеуметтік құрылыстың да, өзге елдермен болған әлеуметтік-экономикалық байланыстың да ықпалы ерекше болады.

Тіл әрбір заман-дәуірде өз халқының өмірімен бірге өседі, онымен біте қайнасып, бірге күн кешеді. Ел басынан өткен өзгерістер тайға таңба басқандай болып жазылып (сақталып) қалады. «Тіл – халықтың тарихы, халық – тілдің анасы» деп бекер айтылмаған. Адамзат тілінің жазу тарихы өте ерте замандардан басталады. Жазудың қалыптасып даму тарихына шолу жасасақ, ең алғашқы *пиктографиялық (суреттік) жазу түрі* б.з.д. 3300 жыл бұрын Шумер мемлекетінде пайда болыпты. Одан кейін идеографиялық (иероглиф) жазу, буын жазуы, әріп (дыбыс) жазуы деген сатылардан өтіпті. Бұлар бір-бірінен түр-тұрпатына, қолданылу кезеңдері мен біртіндеп кемелденуіне қарай ерекшеленеді.

Көне түркі (Орхон-Енисей) дәуірі – түркі тілдері жазуы тарихының алғашқы кезеңі ретінде саналып жүр. Көне түркілік жазба мұралардың таңбалық емлесі руналық (сына, бітік) жазуға жатады. Жазба мұралар V-VIII ғасырларға тиесілі.

Бұл дәуірде қазіргі Орталық Азия жерін тұтастай және Шығыс Еуропа мен Батыс Моңғолияның бірталай жерін қамтыған аралықты түркілік ру-тайпалар мекендегені және олардың басын біріктірген Ұлы Түрік қағанатының билік құрғаны тарихтан мәлім.

Осы дәуірдің сақталған көне жазбалары қазіргі кезде табылған жерле-рінің атауымен Орхон-Енисей-Талас жазба ескерткіштері деп аталады. Бұл жазбалар қазіргі бүкіл түркі жұртына ортақ мұра болып есептеледі. Сондықтан қазақ жазуының да бастау көзі болып саналады.

Әлбетте, бұл – қазақ әдеби тілінің қалыптасып даму барысында, яғни даму тарихында көне түркілік жазуға дейін ешқандай жазу түрлері болмады дегенді білдірмейді. Оған дәлел – Қазақстан өлкесі бойынша табылған үңгірлердегі, тас-жартастардағы, археологиялық қазба жұмыстары арқылы әйгіленген көне дәуірдің дүниемүліктердегі (артефакт) түрлі пішіндегі суреттер мен таңбалар (пиктографиялар) болып табылса, белгілі түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы 2013 жылы 20 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында тың дерек-тер келтіреді.

Қаржаубай Сартқожаұлы Алтай тауының Моңғолияға қарасты Кіші Ойғыр немесе Ақсай деп аталатын жеріндегі әрбір тастың бетінде б.з.б. XIV-XII мың жылдыққа, б.з.б. VI-IV мың жылдыққа, б.з.б. III-I мың жылдыққа, б.з.б. VIII-I ғасырларына және б.з. XI ғасырына дейінгі дәуірге тиесілі суреттердің аса мол екенін айтады.

Қаржаубай Сартқожаұлы осы сұхбатында қазақ жазуының тарихына қажетті тағы да мынадай тың дерек ұсынады: «Ғылымда сақтар мен ғұн-дардың жазуы болды ма, жоқ па деген мәселе талас тудырып жүрген. Қытай, Еуропа деректері арқылы «бұларда жазу болды» деген болжам жасалғанымен, қандай жазу екені белгісіз еді. Осы жолы біз сурет гале-реясы тұрған екі тау саласынан сақ, ғұн дәуірінің үш мәтінін тауып әкелдік. Мәтін бітік (руна) жазуының көне түрімен жазылған. Мұндағы таңбалар, графикалардың белгіленуі өте көне. Орхон жазуының жүйесі-мен оқуға келмейді. Енді осының методологиясын жасауымыз керек. Содан кейін барып ежелгі сақ, ғұндарды сөйлете аламыз» [1]. Ғалым-ның осы пайымдауын ескерсек, қазіргі қазақ жазуының тамыры тым тереңде жатыр деп айта аламыз.

IX-XV ғасырлар қойнауында қолданылған ұйғыр жазуы (кейде соғды жазуы деп те аталады) да көне түркілік руникалық жазудың (*Орхон-Енисей-Талас*) заңды жалғасы болып табылады. Өйткені бұл жазу қазіргі ұйғырлардың ғана емес, бүкіл түркі жұртына ортақ жазу болған еді. Аталған кезеңдегі Тоғыз оғыз бірлестігінің (X-XI ғғ.), Оғыз мемле-кетінің (X-XI ғғ.) және Қарлұқ қағанаты (756-940 жж.) мен Қараханид мемлекетінің (940-1212 жж.) жазба тілі еді.

Бұл мемлекеттік құрылымдардың құрамында қазіргі ұйғырлармен қатар түркілік ру-тайпалардың көпшілігі болды. Көне ұйғыр жазуы арқылы XI ғасырдың жазба мұрасына жататын Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны (1069-1170 жж. Көне ұйғыр тіліндегі нұсқасы Вена қаласындағы Корольдік кітапханада, ал араб әрпіне көшірілген екіншісі, үшінші нұсқасы Каирдың Кедивен кітапханасы мен Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр) бізге жетті. Зерттеушілердің айтуынша, кейінірек XIV-XV ғасырлардағы Мауараннахрдың

атақты билеушісі Ақсақ Темір әмірлігінің де, сондай-ақ Алтын Орда хандығының да араб жазуымен қатар қолданған жазба тілдерінің бірі – ұйғыр жазуы болыпты. *VI ғасырда Ұлы Түркі қағанаты ыдырап, оның орнына Батыс Түркі қағанаты (603-704 жж.) және Шығыс Түркі қағанаты (682-744 жж.) орнады. VIII ғасырда бұл қағанаттар да тарих сахнасынан кетіп, түркі тайпалары немесе түркілік ру-тайпалар негізінде құрылған мемлекеттік бірлестіктер сол кезеңдегі күшейген Араб халифаты үстемдігінің ықпалына түсе бастады. Сөйтіп, түркі халықтарының дәуірі жүріп тұрған кезеңнің руналық жазуы олардың басынан бақ тайып, арабтардың үстемдігін мойындағаннан бастап бірте-бірте қолданыстан шығып, ұмытыла бастады.*

Ислам дінін тарату мақсатында мектеп, медреселер ашқан арабтар өз жазуын пайдаланып, өз сөздерін қолданды. Қандай да болсын оқыту (діни, ғылыми, біліми, әдеби, мәдени т.б.) тілі араб жазуына негізделгендіктен, түркітілдес халықтар арасына араб, парсы сөздері кеңінен тарай бастады. Араб-парсы тілінен олардың тіліне тек діни сөздер ғана емес, ғылым мен білімге, мәдениет пен әдебиетке, дүниетанымға, мемлекеттік-әкімшілікке қатысты да көп сөз енді. Өйткені сол кездегі араб ғылымы мен білімі, араб әдебиеті мен мәдениеті – дүниежүзі бойынша озық болатын.

Алайда аталған кезеңнің алғашқы ғасырларында араб жазуы арқылы сауат ашқандар жалпы халықтың өте аз мөлшерін ғана құраған еді. Көпшілік халық оқу-жазуды білмейтін. Сол себептен араб-парсы сөздері көшпелі халыққа, негізінен, ауызша тарап, түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ ру-тайпалары тілінің ішкі заңдылықтарына бағынып, олардың сөздік құрамына дыбыстық-құрылымдық жағынан өзгеріп енді.

Түркі әлеміне кең тараған араб жазуы моңғол шапқыншылығына байланысты XIII ғасырдың екінші ширегінен бастап түркілік сипат ала бастады. Себебі Шыңғыс ханның екі ұлы – Жошы хан мен Шағаттай хан билеген ұлыстар қазіргі Қазақстан мен Орталық Азияның жерін қамтыған болатын. Олардың билігіне қараған халықтың басым бөлігін түркілік ру-тайпалар құрады. Моңғол шапқыншылығы дегеннің өзін де шартты түрде қабылдау қажет сияқты. Себебі Шыңғыс хан қолының құрамын негізінен түркілік ру-тайпалар құрағаны белгілі. Тіпті Шыңғыс ханның өзі де түрік тілінде сөйлеген деген ғылыми болжам бар. Бұл жөнінде Хасен Қожа-Ахмет өзінің «Ана тілі» газетінің 2013 жылғы 14 қарашасында жарияланған «Ұлы қаған қай тілде сөйлеген» деген мақаласында нақты деректермен таратып жазады.

Мешіт-медресесі бар қалалар орналасқан оңтүстік өлкеде Шағаттай ұлысының билігі жүрді. Сондықтан да арабша түркілік жазу біршама отырықшылық кәсіпке негізделген осы ұлыста айтарлықтай дами түсіп, «шағатай» жазуы деген атауға ие болды. Алайда екі ұлыстың арасындағы саяси-мәдени байланыс, сауда-саттық сияқты қарым-қатынас тығыз болды. Негізінен көшпелі түркі (қазіргі қазақ) ру-тайпаларынан құралған Жошы хан ұлысы (кейінірек Алтын Орда деп аталды) да араб жазуын пайдаланды. Еуразия ауқымында түркі тілін білу қажеттігі туындап, араб жазуы негізінде «Кодекс куманикус» (Қысқаша қыпшақ сөздігі. Авторы белгісіз. Бұл еңбек «қыпшақ жазуының» жәдігері. Сөздік армян жазуымен де жазылып, мұра болып қалған) сияқты еңбектер жазыла бастады. Жоғарыда

аталған жазба мұралардың көпшілігі осы дәуірге тиесілі, яғни орта түркі жазба ескерткіштері болып саналады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «шағатай» жазба әдеби тілі қазіргі халықтар мен ұлттардың жазба әдеби тілі сияқты жалпыхалықтық емес, хат білетін сауатты адамдарға ғана арналды. Оны сауатты адамдар ғана оқып қолдана алатын болған. Сондықтан да оны кез келген қарапайым адам күнделікті сөйлеу тілі сияқты емінеркін пайдалана алды десек, артық айтар едік. Алайда ол жазу тілі болғандықтан, әрине, оның өзіне тән емле ережелері мен хат жүзінде қалыптасқан үлгілері, дағдылы дәстүрлері болды. Ол ережелерді көркем шығарма не хат-хабар, ісқағаздары, тағы басқадай дүниелерді жазатын адамдар мен оқитын адамдар ғана жетік біліп, мұқият сақтап отырған. Оның нақты көрінісін жоғарыда аталған жазба мұралардан тыс, сол дәуірге жататын тарихи жазба құжаттар мен хат-хабарлық (эпистолярлық) жазбалар, әсіресе *XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырда Санкт-Петербург, Қазан қалаларынан басылып шыққан түрлі мазмұндағы эпостық және лироэпостық жырлар мен қиссалар тілінен, солардағы сөз саптау үлгілерінен көреміз.*

«Қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасуына орта түркілік жазба әдебиеттермен қатар татар тілінің де тигізген теріс әсері аз болмаған. Қазақ еліндегі сауатты адамдардың бәрі дерлік татар молдалары мен сол молдадан оқыған адамдардан сабақ алғандығы және сол кездегі баспа орындарында татар интеллигенттерінің болуы, шығарылған кітаптар-дың бәрі дерлік татар редакторларының қолынан өтуі себепті кітаптар-дың тексінде татар тіліне тән неше түрлі сөз қолданыстары мен сөз формалары мол кездеседі. Бұл жөнінде И.И. Ильминскийдің айтқан мына бір сөзі өте орынды болу керек: «Өкінішке орай, далалы аймаққа татарлар алып келген, кейіннен қырғыздар арасына кең тараған мұсыл-манша сауаттылық татарша бағыт алып отыр. Сондықтан қырғыздар жазған қағаздар мен хаттардың ішінен таза қырғыз тілінде жазылған нұсқасын табу қиын. Бұған қосымша, араб алфавиті қырғыз тілінің дауысты дыбыстарын дәл бере алмайды. Тіпті кейбір таза қырғызша жазылған ескерткіштің өзі де татар тілінің әсеріне ұрынған» [2, 5 б.]. Ал, осы ой Мүрсейіттің жоғарыда аталған қолжазбасынан мынадай бір сөйлем арқылы дәлелденеді: «Мусаннап Ибраһим Мархум Қунанбай ұғлының қазақтың мінездері туғралы айтқан сөзі уа насихаты йедгер үяүн тийишлидүр Михаил Ибраһим ұғлына (Мүрсейіттің қолжазба дәп-тері. 1905, 129-б.). Осы сөйлемді татариланбаған деп кім айта алады? Осындағы тийшилидүр мен қазақтың деген сөздердің өзі-ақ бұл сөйлемнің татариланып кеткенін көрсете алады. Ал, «йазғучы молла Мүрсейіт Бікі мархум ұғлы» дегенде арабизм мен орта түркілік жазу дәстүрінен басқа қазақ тілінде айтылған ештеңе де жоқ.

Дегенмен, бұл сияқты ықпалдар қазақтың өзінің халықтық тілінің негізінде жасалған жазбаша әдеби тілінің жүйесінде тұрақты орын ала алмаса да, атадан балаға, баладан келешек ұрпаққа ауысып, жетегін үзбей келе жатқан ондай дәстүрлі үлгілер ойлылық пен даналықты, шешендік пен тапқырлықты көркем бейнелеудің амал-тәсілдері болып орнығып қалған.

VIII ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін жеткен арабша түркілік жазу дәуірі шартты түрде Қараханид (X-XII ғғ.) және Алтын Орда (XII-XV ғғ.) кезеңі деп екіге бөлініп қарастырылады. Осы кезеңдердің жазуын «қадим» (ескі) жазуы деп те атайды. Ал арабша түркілік жазудың XV ғасыр мен XX ғасырдың басына дейінгі кезеңін жаңа дәуір дейді. «Жадид» (жаңаша) жазуы осы дәуірдің соңғы онжылдықтарында қалыптасып дами бастады.

Қадим жазу үлгісі, зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қазақ жерінде «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап» сияқты қазақтың алғашқы газет-журналдары шыға бастаған кезеңге дейінгі уақытта кең қолданыста болған. Бұл жазудың бір ерекшелігі дауысты дыбыстарды арнайы таңбаламай, харақаттар арқылы белгілейтін. Ал жадид жазуы харақаттардың орнына арнайы дауысты дыбыстардың таңбаларын пайдаланды. Сөйтіп, жадид жазуының қолданысқа енуі – қазақтың төл сөздерін барынша дұрыс таңбалап жазуға жасалған алғашқы қадам болды. Алай-да жадидше жазуда да араб әліппесіндегі қазақ тілі дыбыстық жүйесіне еш қатысы жоқ әріп-таңбалардың барлығы – түгелге дерлік пайдаланылды. Бұл болса, қазақ сөздерінің табиғи бітім-болмысына нұқсан келтіріп, олардың емлесі (орфографиясы) мен айтылымы (орфоэфиясы) арасындағы үйлесімді тым алшақтатып жіберетін еді. Сол себептен XX ғасырдың басында араб әліпбиінің осы бір кемшілігін жойып, қазақ сөздерін дәл таңбалай алатындай етіп, ұлттық әліпби жасау қажеттілігі туындады.

Осы ретте ескере кететін бір жәйт – қазақ ұлтының Ресей империя-сының құрамында болған жылдардың соңына таман, яғни XIX ғасыр-дың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазақ сөздерін дұрыс таңбалап жазуға қатысты орыс (кирилл) жазуын қазақшаға икемдеу бағытында да жұмыстар жүргізілді. Бұл миссионерлік, орыстандыру саясатының мақсаты еді. Осы мақсат-мүддені көздеген орыс оқымысты-миссионерлері сан ғасырлар бойы қазақ қоғамына белгілі бір дәрежеде қызмет етіп келген араб жазуын барынша жоққа шығаруға тырысып, оның кемшін тұстарын көрсетіп дәлелдеп бақты. Олардың сол миссионерлік түпкі ойын ашып көрсеткен еңбектер кеңестік жүйе күйрегеннен бері айтарлықтай дәрежеде жазылып келеді. Солардың ішіндегі ең іргелісі деп танымал ғалым, ф.ғ.д., профессор Мекемтас Мырзахметовтің «Қазақ қалай орыстандырылды» [3] деген маңызды еңбегін атап көрсетуге болады.

«Дала уәлаяты» газетін шығарушылардың бірі – Д.Сұлтанғазин араб жазуының орнына орыс әрпін қолдануға қарсылық білдіреді. Ол қазақ білмейтін бөтен әліпбиді қолданғанша, араб қаріптерін жетілдіру керек деген ойын айтады. И.Ильминскийдің орыс әріптерін пайдалану керек деген пікірін қатты сынға алады. Төкетері, Сұлтанғазин араб әліппесін қазақ тіліне лайықтап өзгерту туралы ұсыныс жасайды. 1912 жылы «Қазақ» газетінде басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Бастауыш мектеп» деген мақаласында: «... қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб қарпін тастатып, орыс қарпін алдырамыз дейді. Сол үшін балалар ана тілін оқымай, орыс тілін оқысын, ана тілін оқыса да, орыс қарпімен оқысын дейді. Өкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дін-де, бір жазуда болу, ал халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының сақта-луы» деп қазақтың дініне, тіліне, жазуына

төніп келе жатқан қатерді ескертеді» [4],– деп жазады. Сөйтіп, Н.И. Ильминский, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов, В.В. Катаринский, Н.Ф. Катанов сияқты т.б. адамдар қазақтарды біртіндеп орыс-тандыру, шоқындыру мақсатында орыс әліпбиіне негізделген қазақша әліппелер дайындады. Бұны Н.И. Ильминскийдің: «Орыс мектептерінде тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс альфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз тіліне орыс альфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді» [5, 20],– деген сөзінен нақты аңғаруға болады.

Православие дінін уағыздап, бүкіл қазақ жұртын шоқындыруды, орыстандыруды көздеген миссионерлер тіпті қазақ топырағынан шыққан алғашқы ағартушы ғалым-педагогтардың бірі – атақты Ы.Алтынсариннің өзін де осы мақсатқа пайдаланды. Алайда олардың орыс жазуы-на негіздеп құрастырған әліпбилері қазақ тілі дыбыстық жүйесін дәл таңбалап бере алмағандықтан, өміршең бола алмады.

Арабша түркілік жазуды өңдеп-жетілдіріп, қазақтың төл әліпбиіне айналдыру мақсатындағы талпыныстар, іс-әрекеттер жалғаса берді.

1907-1914 жылдар аралығында М.Нұрбаев («Әліппе». – Уфа, 1910 ж.), З.Ерғалиұлы («Қазақ әліппесі». – Қазан, 1910 ж.), М.Малдыбаев «Қазақ-ша әліппе». – Қазан, 1912 ж.), Х.Сәрсекеев, И.Арабаев («Әліппе». – Уфа, 1913 ж.), К.Сырғалин («Қазақша ең жаңа әліппе» – Қазан, 1914 ж.) сияқты т.б. қазақ авторларының әліпби нұсқалары баспадан шықты. Олардың қайсыбірі қысқа мерзімдік қолданыста да болды.

Қазақ ұлтында жазба мәдениеттің қалыптасу маңыздылығын – «Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәре-жеге жеткен заман» деп ерекше атап көрсеткен А.Байтұрсынұлы араб-шаға негізделген қазақ жазуын төл әліпбиге айналдырудың нағыз реформаторы болды. Ол, ең әуелі, қазақ тілі дыбыстық жүйесін ретке келтіріп, содан соң араб әліпбиін қазақ сөзін дәл таңбалауға бейімдеп, ұлттық тілдің төл дыбыстарының таңбаларымен толықтырады. Оқытудың көне әдісін жаңа оқыту әдістерімен алмастырды. Оның жаңа әліп-биі – қазақ даласында «төте оқу» немесе «төте жазу» деген атпен кең тарады.

А.Байтұрсынұлының әліпбиі сол уақыттағы түркі, тіпті орыс ғалымдары тарапынан да жоғары бағаланып, жалпы қолданыста болғанымен, ресми түрде 1924 жылы ғана қабылданды. 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын жазуына көшіру қолға алына бастады [6,170 б.]. Содан кейін латынша қазақ жазуы 1928 жылы қабылданып, 1929 жылы оның емле ережесі қолданысқа толық енді. Сөйтіп, қазақ жазуының латынша түрі өмірге келді. Оған негіз болған 1917 жылғы оқиғадан кейін осыған байланысты жергілікті басқару құрылымдары құрылды, орталық биліктің оларды толығымен бақылау мүмкіндігі болмады. Кеңестік билік орнанға дейін Қазақстанда да ұлттық мемлекетті дамыту мәселесінде шектеулер болған жоқ. Алаш қайраткерлерінің қазақ қоғамын дамытудағы басты ұсғанымдарының бірі - автономиялық басқару жүйесіндегі

мемлекеттік құрылыс болса, екіншісі — мемлекеттік тіл саясаты басты назарда болды.

1922 жылға қарай кеңес үкіметінің ұлттық саясатының негізі жасалды. 1923 жылдың сәуірінде РК(б)П XII съезінде И.В. Сталин ұлттық тіл мәселелерін шешудің маңыздылығына тоқталды. Осы съезде орыс емес тұрғындарға қызмет көрсететін барлық мекемелерде ана тілін қолдауды қамтамасыз егегін арнайы заңдарды шығару туралы шешім қабылданды. Аталған съездің нәтижесі бойынша қаулы қабыданып, кеңестік партияның ұлттық мәселедегі жаңа саяси бағыты тұжырымдалды.

Онда төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруды көздеді: ұлттық республикалар мен облыстық мекемелерде негізінен жергілікті тілді, дәстүрді білетін мамандар қызмет етулері қажет; жергілікті ұлттың тілін мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердің түгелінде қолдануға қажет және аз ұлттардың құқығын ескермегендердің барлығы қатаң түрде жазалануы тиіс. Ал қазақ тілінің мемлекеттік, саяси ауқымы патша әкімшілігінің отарлау кезеңінде ерекше назарға алынғаны белгілі.

1917 жылғы оқиғадан кейін, жоғарыда аталған большевиктердің ұстанымына байланысты қазақ тілінің дамуы ерекшеленді. Кеңес өкіметінің тіл саясатына байланысты алғашқы шаралары елдің автономиялы республика болып құрылған уақытынан бастап қолға алынды. Осы аталған кезеңде қоғамда үкімет билігі орныға түскен сайын қоғам тілде іс жүргізу ерекше назарға алынды. Соған қарамастан, мемлекеттік қызметте қазақ және орыс тілдерін қолдану туралы қаулылар 1920 жылдан кейін бірнеше рет қабылданды. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы мен Халық Комиссарлары Кеңесі конституциялық нормаларға сәйкес қазақ тілінде іс жүргізудің қалыптасуы мен дамуына жәрдемдесетін мына мазмұндағы қаулыларды шығарды: Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1921 жылғы 2 ақпандағы «Қазақ және орыс тілдерін республикалық мемлекеттік мекемелерінде қолдану туралы» декреті, 1923 жылғы 22 қарашадағы «Қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу туралы» декреті қазақ тілінде іс жүргізудің алғашқы заңдық құжаттары болды.

Онда ҚазАКСР территориясында қазақ және орыс тілдерін мемлекеттік тіл ретінде жариялау; мемлекеттік, қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың іс-жүргізу жұмыстарында орыс тілімен қатар қазақ тілін енгізу, барлық қаулылар, заңнамалық және үкіметтік актілерді екі тілде қабыдап, жариялауды жүзеге асыру қарастырды. 1924 ж. 10 сәуіріндегі Қазақ Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Орталық комиссияның іс жүргізуде қазақ тілін енгізу бойынша ұсынысында басқару аппаратағындағы қызметкерлерді қазақ тілі мен жазуын білетіндемен алмастыруды бастаудың қажеттілігін мәлімдеді. Осы мағынадағы алмастыру шараларын губерниялық, уездік деңгейге дейін жеткізу талап етілді.

Осы 1924 ж. 26 маусымында Бүкілодақтық ОАК РКФСР-дің құрамындағы барлық автономиялық республикалардың Орталық Атқару Комитеттеріне арналған өкімін жариялайды. Онда іс жүргізуді жергілікті тілдерге көшіруге дайындық пен мемлекеттік аппаратты халыққа жақындату мақсатындағы жоспарға мынадай шараларды енгізу талап етілді: кеңестік аппараттың әкімшілік-кеңестік құрамына білікті қызметкерлерді дайындайтын курстар ашу; жергілікті тілде іс жүргізуге қажетті техникалық құралдармен мекемелерді қамтамасыз ету; жергілікті тілде іс жүргізуде басшылыққа алаттын кітапшалар түріндегі нұсқаулықтар шығару;

уақытша шара ретінде, кейбір мекемелерге тұрғылықты халықтан штаттық бірліктің 10 пайызынан аспайтын қызметісерлер алу.

Осы құжатта орталық биліктің шығарған декреттерін, қаулылары мен кодекстерін, сонымен қатар жергілікті басқару орындарының қаулылары мен өкімдерін жергілікті халықтың арасында түсіндіру мақсатында оларды біртіндеп жергілікті тілдерге аударудың күнтізбепік жоспарын дайындау мәселесі де қамтылды. Осындай мазмұндағы өкім, қаулылар қарастырылып отырған кезеңде үздіксіз қабылданып, жарияланды.

Ол құжаттардың мазмұны арқылы басқару орындары талап еткенімен, аз уақыттың ішінде сапапы түрде қазақ тілді мамандарды дайындап шығудың мүмкін болмағандығын байқауға болады. Соған қарамастан, қағаз жүзіндегі ресми есептерде қазақ тілін іс жүргізуде қолдану, қазақ тілді мамандардың санын жоғарылауға байланысты оң мағынадағы мәліметтер берді. Мысалы, 1925 жылдың басындағы республикалық Әділет Халкомының есебінде прокуратура мекемелерінде іс жүргізудің екі тілде жүргізілетіндігі айтылды. Қазақ тілін насихаттау шараларын ұйымдастырудағы тежірибесіздік, бақылаудың әлсіздігі қазақ тілінің ресми тіл дәрежесінде дамуына өз әсерін тигізді. Қоғамдағы қазақ тілінің алатын орнына, оның болашағына алаңдаушылық білдірген М. Дулатов 1926 жылы «Қазақ тілінің мұңы» деген мақаласын жариялайды. Бұл мақала қазақ тілінің монологы ретінде жазылып, соның негізінде қоғамда орын алған қазақ тілін дамытудағы кемшіліктер мен қателіктері жөнінде сөз қозғаған. Онда тек кеңестік деуір ғана емес, сол уақытқа дейінгі қазақ тілінің даму кезеңдері айтылған: «Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескен өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім? Маған әкепіп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүдірлетіп ноғайды, былықтырып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды.....»

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, арабшадан латын жазуына көшу мәсе-лесі оп-оңай шешіле қоймаған. 1926-1928 жылдары бұл мәселе қызу талқыланып, сол уақыттағы Алаш зиялыларының көпшілігі оған қарсы болса да, ақыр аяғында үлкен дау-дамай, пікірталастан кейін еліміз 1929 жылы латын жазуына өтіп, содан соң 1937-1940 жылдары толығымен латыннан кирилл әліпбиіне ауысты. Осы өзгерістер қазақтың жазу мәдениетіне ғана емес, оның жандүниесіне де, ұлтық ой-санасына да үлкен із қалдырды. Ал тіліміздің өзіндік ерекшелігін бүлдіріп, табиғи заңдылықтарын бұзған кирилшеге негізделген қазақ жазуы бүгінге дейін кең қолданыста болып келе жатыр.

1990 жылдары кирилл жазуынан қайтадан латын жазуына көшіру мәселесі өзекті тақырыпқа айналып, талқыланып еді. Осы кезеңде түркітілдес Әзірбайжан, Түрікменстан, Өзбекстан латын жазуын қабылдап, оған толықтай көшкен болатын.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, арабшадан латын жазуына көшу мәсе-лесі оп-оңай шешіле қоймаған. 1926-1928 жылдары бұл мәселе қызу талқыланып, сол уақыттағы Алаш зиялыларының көпшілігі оған қарсы болса да, ақыр аяғында үлкен дау-дамай, пікірталастан кейін еліміз 1929 жылы латын жазуына өтіп, содан

соң 1937-1940 жылдары толығымен латыннан кирилл әліпбиіне ауысты. Осы өзгерістер қазақтың жазу мәдениетіне ғана емес, оның жандүниесіне де, ұлттық ой-санасына да үлкен із қалдырды.

Ал тіліміздің өзіндік ерекшелігін бүлдіріп, табиғи заңдылықтарын бұзған кирилшеге негізделген қазақ жазуы бүгінге дейін кең қолданыста болып келе жатыр. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Президентіміз: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» [7],– деген сөзінен кейін бұл мәселе қазақ қоғамын біраз дүрліктіріп барып басылды.

Содан бері еліміздің қазақтілді қоғамы арасында латынға көшу жөніндегі қоғамдық пікір аса жандана түсті. Небір ғылыми, ғылыми-көпшілік баяндамалар жасалып, мақалалар жарияланды. Латыншаға негізделген қазақ әліпбиінің жобалары қалың қауымға ұсынылып, талқыланды. Оның күрделі де маңызды мәселелерін қарастырып талқылаған ірілі-ұсақты талай жиындар, арнайы конференциялар мен семинарлар, симпозиумдар өтті.

Осылардың өзекті де маңызды мәселелерді көтергендерін және 1928 жылдан басталған қазақ жазуын ауыстырудың тарихын зерделеп, ой таразысына салсақ, тереңірек бойлап, кеңірек ой жүгіртсек, жалпы араб-шадан латынға, латыншадан кирилге көшудің қоғамдық-әлеуметті қажеттілігі мен экономикалық тиімділігі т.б. уәждерінен гөрі саяси астары басым болғанын аңғарамыз. Енді келесі тарауда сол мәселеге байланысты өз ойымызды ортаға салуды жөн көріп отырмыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сартқожаұлы Қ. //«Егемен Қазақстан» газеті. 2013 жыл 20 қыркүйек.
2. Ильминский И. И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861.237 с.
3. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. -Алматы: «Атамұра-Қазақстан», 1993.-298 б.
4. Тұрышев А. Жазба тілдің қысқаша тарихы . «Сарыарқа самалы» газеті./ <http://www.mtdi.kz/03.07.2013>
5. Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о перименении русского алфавита к инородческим языкам. -Казань, 1883.-145 с.
6. *Резолюция I тюркологического съезда о новом латинированном алфавите //Культурное строительство в Казахстане (1918-1933), -Алматы, 1965.-278 с.*
7. Назарбаев Н.Ә. Президенттің Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. <http://www.akorda.kz>.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ

Токтыманова Галия Мухтаровна
ғылыми жетекші , тіл пәндері кафедрасының аға оқытушысы

Раисова Әсем Досанқызы
«Стоматология» факультетінің 1 курс студенті

Сакен Улан Бақытұлы
«Стоматология» факультетінің 1 курс студенті

Түйіндеме: Мақалаға негіз болып отырған мәселе-«Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» еңбегінің маңыздылығы. Елінің ертеңі болар жастардың бойында қалыптастырылу керек құндылықтарды саралай отырып, білім мен тәрбие беру ісінде бағыт-бағдар ретінде ұстану керек маңызды тұстарға тоқталған. Еліміздің жарқын болашағы жастар тәрбиесіне осылай қосылар басты тәрбие көздерін жіктей отырып,мақаланың бағдаршам ретінде маңыздылығын айқындай білген.

Қазіргі таңда еліміз бүкіл әлем танитын, экономикасы ілгері жылжыған, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кірген мемлекетке айналды. Бұл тамаша жағдайға тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев себепші деп ауыз толтырып айтуымызға болады. Елбасымыз 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялаған болатын. Аталған мақаланы зер салып, бар ынтаммен оқып шықтық Мақалада еліміздің келешегінің жарқын болуына негізделген маңызды міндеттер айтылады. Еңселі еліміздің болашағына алаңдап, толғаныс туғызған тұңғыш президентіміздің бұл мақаласы әр адамда өзіндік ой қалыптастыратыны анық. Бұл мақалада аталған басты мақсаттардың біразы жастарға арналған. Мұндағы "бәсекелестік", "білім", "ғылым", "тұтастық", "ұлттық код" секілді сөздерден мақаланың жалынды жастарға арналғаны байқалады. Әр бөлімде жастарға деген сенім мен үміттің лебі сезіледі.

"Бәсекелік қабілет" бөлімін қарастырайық, бұл бөлімде білім, қызмет және еңбектің маңызы туралы айтылады. Әр адамда ХХІ ғасырға лайықты қасиеттер, яғни компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық болуы керектігі, сонда ғана еліміз алға жылжитынын айтады. Расында да, бұл бөлімнің жастар үшін маңызы зор. Өйткені елбасымыз айтқандай "Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман". Жастар - еліміздің ертеңі. Олар расымен заманға сай болуы керек, заманмен бірге ақыл-ойы толысып, жаңғырып отыруы тиіс.

Компьютер тілін жетік меңгеру де еліміздің келешегіне өз әсерін тигізеді, себебі ХХІ ғасыр - озық технологиялар мен мәдени жетістіктердің заманы. Бүгінде елімізге ІТ мамандары ауадай қажет, еліміздің экономикасының

дамуында олардың рөлі зор. Цифрлы Қазақстанның негізін қалауда да оларды айтпай кетпеуге болмайды.

Шет тілдерін білуге құштардық та жастар бойынан табылуға міндетті, өйткені қай кезде де көп тілді меңгерген елдер өз заманының алдыңғы қатарында болады. Көп тіл білген адамдар әрқашан құрметке ие болды. Мысалы, ежелгі Мысырды алайық, ол жерде көп тіл меңгерген адамдар көптеген салықтардан босатылған екен. Қазіргі күнде де көп тілді меңгеру бірнеше мемлекеттердің алдына қойылған мақсат екені белгілі. Сондықтан біз де көштен қалмай, осы тұсымызды жетілдіруге тиіспіз. Әл-Фарабидің өзі 70-тен аса тілде еркін сөйлей алған, жастарымыз да солай халықаралық тілдерде бұлбұлша сайрап, емін-еркін сөйлей білуі тиіс.

Енді мәдени ашықтыққа тоқталайық, әр адам мәдениетті болуға тиіс. Өйткені барлығымыз білетіндей қазір "өркениеттің" кең ауқым алған тұсы. Өркениет пен мәдениетті егіз ұғым деп қарастыруға болады. Жастарымыз кез келген жерде өз ойын таразыға салып, ашық айтып жатса ғажап емес пе?! Бізге өзіндік ойы мен пікірі қалыптасқан жастар керек екені барлығымызға мәлім.

Жоғарыда аталған қасиеттер бір адамның бойында жиналса, расымен бәсекеге қабілетті жастарымыздың көбейері анық. Яғни елбасымыздың бұл мақаласының жастар бойында өзіндік тәлім-тәрбие қалыптастыратыны осыдан-ақ көрініп тұр.

"Прагматизм" бөліміне көз салсақ, тарихымызға үңілу керектігін байқаймыз. Мақалада айтылғандай, "Прагматизм - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз". Олай болса, әр өскелең жас ұрпағымыз өз тарихын терең ұғына білсе, ұлттық кодын сақтай алса, келешегінің де жарқын болары сөзсіз. "Өлі жібімей, тірі байымайды" деп дана халқымыз айтқандай, өткенімізді, тағылымға толы тарихымызды білмесек, бүгініміз бен болашағымызға да жоспар құра алмаймыз. Сондықтан жастар осы тұсқа зер салса, оларды жарқын болашақ күтіп тұрғаны анық.

"Рухани жаңғыру - жастарға жарқын жол" екеніне тағы бір дәлел - "Ұлттық бірегейлікті сақтау". Аталған бұл бөлімде "Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиістігі" айтылады. Шынында, ұлттық кодымызды бойымызда сақтап, ана тілімізді ардақтап, салт-дәстүрімізге берік болып, көркем әдебиетімізді жадымызда сақтасақ, осы аталғандар жастар бойында жинала білсе, зор үміт күттіретін жастарымыздың болары анық. Мақалада "Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміз" екені айтылады. Жастарымыз ұлы ақынымыз Абайдың кез келген бір өлеңін жатқа білуі тиіс, "Нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра" демекші, кез келген қазақ домбыраның құлағында ойнай білуі шарт. Жастарымыз сонда ғана рухани мәдениетке байып, санасын рухани жаңғырта алады. Бұл бөлімде өз туған жеріңнің тарихын білу керектігіне де аса мән берілген. Дегенмен сол шағын елді мекенге ғана емес, өзіңнің бүтін бір ұлттың баласы екеніңді ұмытпай, халқыңа

қызмет ету керектігі айтылады. Дәлелдер мен тұжырымдар келтіре отырып, бұл бөлімнің де жастарға деген маңызы зор екенін айта алдым деп ойлаймын.

Төртінші бөлімде көрсетілгендей, жастарымыздың бойында білім салтанат құра білуі тиіс. Елбасымыз айтқандай: "Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет". Бәсекеге қабілетті жас өрен қалыптастыру үшін олардың білімнің көкжиегін кеңейтуі шарт. Өйткені компьютерлік сауаттылық болуы үшін де, шет тілдерін меңгеру үшін де ең бірінші білім керек. Мақалада айтылғандай: "Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді". Расында да, ғаламымыз көз ілеспес жылдамдықпен дамып, ілгері жылжуда. Мұндай жағдайда әр жас өскелең ұрпақ біліммен қарулануы тиіс. Сонда ғана еліміздің экономикасы нығайып, ісі алға басады.

Мақаланың бесінші бөлімінде көрсетілгендей: "Қазақстан революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы" керек. Тұңғыш президентіміз бұл бөлімде ХХ ғасырдағы оқиғаны мысалға келтіріп, салдарын ескереді. Ондай жағдай болмауы керектігін ойға салады. "Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды" деп зұлмат заманның кесірін айтады. Егер жастарымыз жоғарыда аталған қасиеттерге ие болып, өз қатарының алды бола білсе, мұндай жағдай орын алмасы анық. Яғни жастарымыз ұлтжанды, көзі ашық, көкірегі ояу болса, еліміз эволюциялық тұрғыдан дамуы қарқынды түрде жүзеге асады. Елбасымыз айтқандай: "Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, мәдени, сепаратистік перде жамылды". Жастарымыз қай жағынан болсын сауатты болып, ақ пен қараны ажыра білсе ғана бұл революциялардың алдын алуға болады.

"Сананың ашықтығы" да - әр жас ұрпақтың бойынан табыла білуге міндетті қасиеттердің бірі. Бұл бөлімде бірінші бөлімдегідей тіл меңгеру мәселесі қарастырылады. Мақалада бұл туралы "Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты" деп айтылады. Расында да, біз жер шарының қай бөлігінде болмасын өзіміздің жеке тұлға ретіндегі орнымызды қалыптастырып, сол ортаға тез сіңісе білуге тиіспіз. Қай жерде болмасын Қазақстанды әлемге таныта білуге тиіспіз. Жастарымыз осындай дәрежеде қалыптасып жатса, бұл сіз бен біз үшін қуанышты жағдай болары анық.

Мақаланың келесі бөлігінде таяу жылдардағы маңызды міндеттер мен мақсаттар айтылады. Менің ойымша, бұл міндеттердің жастарға берері мол. Бұл бөлімде латын әліпбиіне көшу, "100 жаңа оқулық" жазу, патриотизм мәселелері қозғалады. Осы мәселелердің негізінде түрлі жоспарлар құрылып, мақсаттар айқындалғанын мақаладан анық байқауға болады.

Біріншіден, латын әліпбиіне көшу мәселесі қарастырылады. Ең алдымен, "VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық

жазуы пайда болып, қолданылды" деп тіл тарихына тоқталып, бүгінге дейінгі өзгерісін жазады. "Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім" деп міндеттің қайдан бастау алғанын айтады. "Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес" деп латын әліпбиіне көшудің жастарға түк қиын емес екендігін алға тартады. Расымен де күнеделікті өмірде де жастарымыз латын әліпбиін қолданып жүр, қазақ сөздерін осы әліпби негізінде жазып, өз әңгімелерін өрбітіп жүр. Сондықтан мен бұл тұста елбасының пікірімен толықтай келісемін.

Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу туралы да сөз қозғайды. "Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет" деп гуманитарлық бағыттың маңызын түсіндіре отырып, сол үшін әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты қазақ тіліне аудару керектігін еске салады. "Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз" деп, бұл жоспардың жастарға деген маңызын түсіндіреді. Біз одан нені байқаймыз? Мақалада жастарға деген жарқын болашақтың негізі қаланғанын байқаймыз, яғни "Рухани жаңғыру - жастарға жарқын жол" деп ауыз толтырып айта аламыз.

Үшіншіден, патриоттық тәрбие беру негізіндегі жоспарлар сөз етіледі. Соның бірі де бірегейі - "Туған жер" бағдарламасы. "Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс" деп бағдарламаның өскелең ұрпақ үшін маңыздылығын айтады. Бұл бағдарлама әр жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім ұялатады. Біз бұдан тағы да жастарға деген жарқын жолдың басталып тұрғанын көре аламыз.

Қорытындылай келе, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы ел үшін тәлім-тәрбиесі мол мақала бола білді, соның ішінде жастар қауымы үшін аса маңыздылыққа ие болды. "Білгенге - маржан" демекші, ұғына білген адамға - керемет дүние. Егер жас өскелең ұрпақ бұл мақаланы зер сала оқып, өзінше ой түйіп, онда айтылған қасиеттерді өз бойына сіңіре білсе, олардың болашағының жарқын боларына сеніммен қараймын. Жастар өз саналарын заманға сай жаңғыртып отыруы тиіс, ХХІ ғасырға лайық қасиеттерді бойына жинай білуі керек, сонда ғана бәсекеге қабілетті бола алады. Еліміздің тағылымға толы тарихын білуі де шарт, ол - болашақтың жарқын болуының бірден бір кепілі. Жастардың әрқайсысы өзінің ойын кез келген ортада ашық айта алса, бұл олардың ғана емес, барлығымыздың жетістігіміз деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Akorda.kz , ҚР Президентінің ресми сайтынан. 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі. <https://qazaquni.kz/2017/11/12/72175.html>
3. Рухани жаңғыру- халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдар. <https://www.zakon.kz/>
4. Рухани жаңғыру – маңызды бетбұрыс. «Білімді ел» газеті. 12.07.2018 <https://bilimdinews.kz/?p=10286>

ӨНДІРІСТІК САБАҚТАРДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Атымтаева Б.Е.
ЕТУ, Алматы қаласы

Қазіргі кезеңде білім беру мекемелері мен педагогикалық ғылым алдында ұлттық білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне жаңаша көзқарастар қалыптасуда. Бүгінгі таңда көптеген кәсіптік мектептерде білім беру мен тәрбие жұмыстары жаңаша жүргізуде көптеген әрекеттер істелуде. Кәсіптік мектеп оқушыларымен шығармашылық жұмыстары тәрбие жүйесі ең жауапты және ерекшелігі мол кезеңге жатады. Олардың жас ерекшелігі мен өсімтал сана-сезімдері осыны талап етеді. Шығармашылық жұмыстары тәрбиенің зерттелуі мен жүзеге асуындағы басты әдіснамалық мәселенің бірі-жалпы адамзаттық және танымалдық ерекшеліктерді үйлестіріп отыру. Бұл мәселеде шығармашылық шектелушілік дұрыс емес. Әрбір қоғамның бала тәрбиелеуде ескіден келе жатқан жолы бар. Қоғам тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ел баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті. Ұлттық шығармашылық тәрбиенің қарама-қайшылығы мен қиындығының бір түйіні осында. Соған орай барлық халықтың ар-ожданын тең құрметтей отырып ортақ. Отанымыздың рухын жан-жақты тереңдету тәрбиесі пайдалы. Бұл белгілі мерзімде жаңа оқу-тәрбие үрдісі арқылы қалыптасады. Сондықтан шығармашылық жұмыстары тәрбиенің талап ететін өзіндік қажетті заңдылықтары, өзіндік жүйесі бар. Кәсіптік мектеп оқушыларының ой-өрісі, әлеуметтік-саяси ұстанымы, айналадағы қоғамдық құбылыстарға көзқарасы, тарихи санасының қалыптасуы орныққан дегенменде әліде болса көп жұмыс, іскерлікті қажет ететін күйде болатыны белгілі.

Ендеше шығармашылық жұмыстары тәрбиенің аса қажетті кезеңі әрі оның іргетасын нығыздай түсудің көкейкестілігі де осымен байланысты. Шығарма жұмыстарының топтастырылу жүйесіне келсек бұл мәселе оның әдіснамалық негізділігіне тікелей қатысты. Оның

қалыптасу табиғаты мен оған ықпал жасайтын тарихи-әлеуметтік, оқу-тәрбиелік т.б. факторларды анықтау басты талапқа жатады. Қазақстан Республикасында қазақ ұлтының тарихи бірегейленуі жүріп жатқаны мәлім. Бұл тарихи міндетті жүзеге асыруға ұлттық шығармашылық жұмыстары зор ықпал етеді. Ол үшін халқымыздың тарихи жетістігі мен мақтанышын арқау етіп, бүгінгі қоғам жағдайымен үйлестіре жүргізілген тәрбие, оқу-өндірістік іс-әрекеті ғана пәрменді болмақ.

Сонымен кәсіптік мектепте өндірістік сабақтарында қолданылатын іс-әрекет дегеніміз – тиімді әдіс-тәсілдермен өндірістік сабақты ұйымдастырып оны сапалы жүргізу енді осы іс-әрекеттердің жүйесін келтірейік.

Оқылатын тақырып материалдарын лекция түрінде баяндап айтып түсіндіру әдісі:

а) баяндау – анық түсінікті лекция, ретімен мазмұнын айтып беру. Оған қойылатын талаптар:

- берілетін теориялық материалдардың мазмұндық жақтан толық, маманның өзінің оған қанықтылығы;
- оқу материалдарын жеткізудің реттілігі мен алғашқы білімдерімен ұштасуы;
- мақсаттың айқын және анық болуы, және оқушыларға оның түсініктілігі;
- оқытушының материалды түсіндіруде эмоционалдылығы мен тіл көркемдігімен байлығы және терминдік глассари, атаулардың, ұғымдардың, ережелердің көрінекіліктермен толықтырылуы;

Ұлтымыздың тарихи өрнегі бар табандылығы мен жігерін, батырлығы мен жасампаздығын, адамгершілігі мен мәдениетін отандас ұлттарға үлгі етуге ұмтылуымыз керек. Өйткені ел мен жер-қазақтың өз игілігі, байлығы. Оған қазақтан артық ешкім жанашыр бола алмайды. Ұлттық тарихи тәрбие тек қазақ ұрпағы үшін емес, еліміздегі барлық ұлттардың ортақ өнегесін қалыптастыруды мақсат етуі керек. Ұлттық тәрбие-тек өз ұлтының құндылықтары ғана емес, басқа да халықтардың рухани мәдениетінен нәр алуға тиіс. Ондағы ұлттық мұраттар, бостандық, сүйіспеншілік, қайырымдылық, ізеттілік т.б. қасиеттері ұлттық мазмұны шығармашылық жұмыстар арқылы жалпы адамзаттық пайдалануға беріледі.

Білім беру жүйесіндегі ұлттық және азаматтық қазыналар мыналар:

- жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілікпен имандылық өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін қажет жағдайлар жасау;
- қоғамның және мемлекеттің алдындағы және құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді, сондай-ақ, республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қатысуы.

Ал осы қазыналардан қазіргі қоғам талабына сай кәсіптік мектеп оқушыларын технология сабағында іс әрекет жасауға дайындау жүйесі шығады. Олар мыналар:

- халқымыз күнделікті тұрмыс-тіршіліктің барысында-ақ жастарды әдептілікке, адамгершілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа, мейірбандыққа және басқа да толып жатқан жақсы қасиеттерге баулу;
- еңбек ету қабілеттерін арттыру, еңбексүйгіштік қасиетін арттыру, өзіндік шығармашылық іс-әрекетке тәрбиелеу; елін, жерін сүю, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа деген жанашырлық қасиетін дамытып арттыру; қазіргі қоғам талабына сай ұлттық мәдениет пен әлемдік деңгейдегі мәдениетті бірі-бірімен салыстыра отырып, байланыстыра отырып шығармашылық іс-әрекетке тәрбиелеу тәрбиелеу; Кәсіптік мектеп оқушыларын өндірістік сабағында шығармашылық іс-әрекет жасауға дайындау жүйесінің мақсаты: болашақ жастарды өзінің халқының ата дәстүріне сай әлемдік деңгейдегі оқыған, тәрбиелі, жоғары білімді, мәдениетті, шығармашыл етіп өндірістік іс-әрекеттерге үйретіп тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 2005.

2. Үркімбаева Д., Г.Шырынбаева Тоқыма. Алматы, 2005.

1. Жүкеш Қ. Ұлттық психологияның сипаты. – Алматы, 1993. – 130 б.

3. Асылханов Е. «Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерін республика орта мектептерінде және педагогикалық институттарда оқып үйрену» (1986)

4. Табылдиев Ә. Халық тағылымы: қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. – Алматы, 1991. – 134 б.

ТЕХНОЛОГИЯ ПОЛУЧЕНИЯ ТВОРОЖНОГО ПРОДУКТА С ДОБАВЛЕНИЕМ ГРЕЦКОГО ОРЕХА

Ожан Жұпар – студентка 3 курса

Искакова А.М. – магистр технических наук, преподаватель

Казахстанский инженерно-технологический университет (колледж), г. Алматы

Андатпа

Жаңғақтарды сүзбе өндірісінде қолдану микробиологиялық қауіпсіз, сапалы, жоғары қоректік және биологиялық құнды өнімдер алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар қарттар мен балаларға арналған функционалды өнімдердің түрлерін кеңейту.

Аннотация

Использование в производстве творожной массы грецкого ореха позволяет получить продукты высокого качества, повышенной пищевой и биологической ценности, безопасными в микробиологическом отношении, а также расширить ассортимент функциональных продуктов для людей преклонного возраста и детей.

Annotation

The use of walnuts in the production of cottage cheese makes it possible to obtain products of high quality, high nutritional and biological value, safe in microbiological respect, and also expand the range of functional products for the elderly and children.

Реферат. Творожным продуктам принадлежит значительное место среди молочных и молочносодержащих продуктов. Ассортимент творожных продуктов включает: сырки, пасты, кремы, торты и т.д. Такое разнообразие можно объяснить их популярностью среди населения и пользой, приносимой организму от регулярного употребления. Творожный белок намного лучше и легче переваривается организмом, чем белок рыбный, мясной или молочный. Богаты творожные продукты лизином и метионином. Минеральные вещества, содержащиеся в творожных продуктах, оказывают положительное воздействие на костеобразование и строение тканей. В состав творожного продукта, помимо творога и молочных компонентов, могут входить ингредиенты немолочного происхождения. Кедровый орех широко используется при производстве многих молочных продуктов. Но, в большинстве случаев производства молочных продуктов в качестве наполнителя применяют жмых кедрового ореха, что лишает готовый продукт ценнейшего кедрового масла. И было предложена технология получения творожного продукта с добавлением грецкого ореха. Совместимость вносимых наполнителей с творогом определяли сенсорно по органолептическим показателям по пятибальной шкале. Определены оптимальная дозировка компонента: грецкий орех - 5. Технологический процесс получения творожного продукта отличается от традиционного, операциями подготовки компонентов и их внесением в готовый творог. Определены показатели качества нового продукта. Производство творожного продукта позволяет расширить ассортимент молочной продукции функциональной направленности.[2]

Summary. Cottage cheese products holds a significant place among the dairy and milk-containing products. The range of products includes cheese: cheese, pastes, creams, cakes, etc. Such diversity can be attributed to their popularity among the population and benefit brought by the body from regular use. Curd protein is much better and easier to digest by the body than protein fish, meat or milk. Rich curd products lysine and methionine. Minerals contained in cheese products have a positive effect on bone formation and structure of tissues. The composition of curd products, in addition to cheese and dairy ingredients may include non-dairy ingredients origin. Pine nuts are widely used in the production of many dairy products. But, in most cases of dairy production, cedar cake is used as a filler, which deprives the finished product of the most valuable cedar oil. And a technology was proposed for producing a curd product with the addition of walnuts. The compatibility of introduced fillers with cottage cheese was determined sensory by organoleptic indicators on a five-point scale. The optimal dosage of the component was determined: walnut - 5. The technological process for obtaining a curd product differs from the traditional one by the operations of preparing the components and adding them to the finished curd. The quality indicators

of the new product are determined. The production of cottage cheese product allows you to expand the range of functional dairy products.[2]

Ключевые слова: творожный продукт, грецкий орех

Keywords: curd product, walnut

Творожные продукты – это довольно широкая линейка изделий, в основе которых молоко и жиры. Стоит отметить, что он содержит легкоусвояемые белки, а также обогащен витаминами А, С, D и группы В. Они положительно воздействуют на нервную систему, органы зрения, являются антиоксидантами. Качественный творожок дополнительно обогащают и микроэлементами – в первую очередь кальцием, магнием, фосфором, калием. Это также полезно для сердца и сосудов, головного мозга.[1]

Творожный продукт может быть довольно полезным только в том случае, если в его составе как можно меньше химических компонентов.[1]

Конечно, содержание их настолько мало, что даже при легком дефиците определенного витамина в организме поедание творожистых продуктов ситуации не изменит.

Сегодня для производства творожных продуктов используются самые передовые технологии, позволяющие дополнительно обогатить его состав и значительно повысить пищевую ценность. Одним из таких компонентов являются орехи.

Грецкий орех широко используется при производстве многих молочных продуктов. Так, например известен использование грецкого ореха молочно-восковой спелости для разработки функциональных продуктов питания Орлова О.Ю., Насонова Ю.К., влияние химического состава грецкого ореха молочно-восковой спелости на процесс кислоты накопления при производстве функциональных кисломолочных напитков Орлова О.Ю., Насонова Ю.К. Но, в большинстве случаев производства молочных продуктов в качестве наполнителя применяют грецкого ореха есть но нет технология творожного продукта с грецким орехом.[3]

Связи с этим предлагаем технологию получения нового творожного продукта с добавлением грецкого ореха.

Состав грецкого ореха уникален:

В листьях содержатся хиноны: нафтохинон юглон, α -гидроюглон, β -гидроюглон, флавоноиды: гиперозид, 3-арабинозид кверцетина, 3-арабинозид кемпферола, витамин В, аскорбиновая кислота (4 -5%), максимальное количество которой накапливается в мае, дубильные вещества (3 - 4%), эллаговая и галусовая кислоты, кофейная кислота (0,1%), каротиноиды, в составе которых обнаружен β -каротин (свыше 30 мг%), виолаксантин, флавоксантин, криптоксантин, эфирное масло (до 0,03%), дубильные вещества (до 25%).

В состав ядра грецкого ореха входят жирное масло (60 - 76%), белковые вещества, витамины К и Р, аминокислоты: аспарагин, цистин, глутамин, серин, гистидин, валин, фенилаланин. Жирное масло состоит из глицеридов линолевой, олеиновой,

стеариновой, пальмитиновой и линоленовой кислот. Из оболочки семян выделены β -ситостерол и его глюкозид. (таблица 1)

Грецкие орехи содержат витамины группы А, В, С, Е, РР, К и др. и макро- и микро- элементы (таблицы 2 - 4).

Пищевая ценность грецкого ореха следующие: белки, жиры, углеводы, пищевые волокна, крахмал, зола, моно и дисахариды. (таблица 5)

Таблица 1 Белковый состав грецкого ореха

вещество	асс. доля г/100 г продукта	доля от дневной нормы
общее содержание аминокислот	9	
аскорбиновая кислота		
липидные вещества		
олеиновая кислота	0	
жирное масло	0	
растительное масло	0	6
метионин	0	
триптофан	0	
гистидин	0	
фенилаланин	0	
цистин	0	
пальмитиновая кислота	0	
стеариновая кислота	0	

В народной медицине орех грецкий применяют при катарах желудка и кишок, поносе, рахите, экссудативном диатезе, подагре, кровотечениях. Наружно препараты грецкого ореха используют для заживления ран, при раздражении десен, вызванном цингой, при золотушном воспалении глаз. Лист входит в состав сборов, используемых при заболеваниях печени и желчного пузыря, фурункулезе, диатезе, угрях, гнойничковых и других заболеваниях кожи, в состав мази и мази, применяемой при экземе, в состав сбора, используемого при отморожении, для уменьшения лактации. Настойка плодов незрелого грецкого ореха применяется при авитаминозе С и хронических заболеваниях кожи, кожура зеленых плодов входит в состав потогонного сбора.[4]

Совместимость вносимых компонентов с творогом определяли сенсорно по органолептическим показателям по 5-бальной шкале (таблица 6, рисунки 1, 2).

Таблица 2 Химического состава грецкого ореха (на 100 г ядер)

амины	
аминокислоты РР	МГ
α -каротин	МГ
аминокислоты А (РЭ)	Г
аминокислоты В1 (тиамин)	МГ
аминокислоты В2 (рибофлавин)	МГ

амин В5 (пантотеновая кислота)	МГ
амин В6 (пиридоксин)	МГ
амин В9 (фолиевая кислота)	МКГ
амин С	МГ
амин Е (ТЭ)	МГ
амин РР (Ниациновый эквивалент)	МГ
амин К (филлохинон)	МКГ

Таблица 3 Состав макроэлементов грецкого ореха

<u>к</u>роэлементы	
ьций	г
ний	МГ
рий	
ий	МГ
фор	МГ
р	г
а	МГ

Таблица 4 Состав микроэлементов грецкого ореха

<u>к</u>роэлементы	
езо	
к	МГ
	МКГ
ь	МКГ
оганец	МГ
ен	МКГ
р	МКГ
альт	МКГ

Таблица 5 Пищевая ценность грецкого ореха

орийность грецкого ореха	кКал
ки	гр
ры	гр
еводы	гр
девые волокна	гр
а	гр
хмал	гр
а	
ыщенные жирные кислоты	гр
ю- и дисахариды	гр

Технологический процесс получения творожного продукта отличается от традиционного, операциями подготовки компонентов и их внесением в готовый творог (рисунок 3).

Грецкий орех вносили в полученный творог на стадии замеса в количестве от 1 до 10 %. Для придания продукту сладкого вкуса вносили мед. Определены оптимальные дозировки наполнителей: грецких орехов - 5 %, меда – 10 %.

По результатам исследований разработаны рецептуры творожных продуктов.

Таблица 6 Бальная шкала оценки качества творога

Показатель	Баллы, бал	Характеристика показателя
Внешний вид	6	Однородная масса
	5	Масса неоднородная масса
	4	Неоднородная
	3	Форменная масса
Вкус	6	Сладкий кисломолочный, без посторонних привкусов
	5	Сладкий кисломолочный, без посторонних привкусов
	4	Сладкий кисломолочный, без посторонних привкусов
	3	Сладкий кисломолочный, без посторонних привкусов
Запах	6	Сладкий кисломолочный
	5	Сладкий, освежающий
	4	Сладкий
	3	Сладкий, не свойственным
Цвет	6	Сладкий
	5	Масса не равномерный
	4	Равномерный
	3	Свойственным цветом




Рисунок 1. Бальная оценка творожного продукта в зависимости от массовой доли грецкого ореха




Рисунок 2. Бальная оценка творожного продукта в зависимости от массовой доли меда

Приемка и подготовка сырья > Подогрев и сепарирование молока > Нормализация молока > Пастеризация и охлаждение смеси > Заквашивание и сквашивание смеси > Разрезание сгустка, отделение сыворотки, розлив сгустка > Приемка и подготовка сырья > Самопрессование и прессование сгустка > Измельчение орехов > Охлаждение творога > Смешивание компонентов > Фасование и упаковка > Доохлаждение до 2-6оС >Хранение и реализация

Рисунок 3. Технология получения творожного продукта

Производство творожного продукта позволяет расширить ассортимент молочной продукции функционального назначения.

Творожный продукт характеризовался мягкой мажущейся консистенцией, с наличием ощутимых частиц наполнителя; чистым, приятным, в меру кисло-сладким вкусом с ароматом и привкусом грецких орехов кремовым оттенком.

Литература

1. Твердохлеб Г. В., Сажинов Г. Ю., Раманаускас Р.И. Технология молока и молочных продуктов: учеб. пособие. М.: ДеЛипринт, 2006. 616 с.
2. <https://cyberleninka.ru/article/n/tvorozhnye-produkty-funktsionalnogo-naznacheniya>
3. <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-gretskogo-oreha-molochno-voskovoy-spelosti-dlya-razrabotki-funktsionalnyh-produktov-pitaniya>
4. <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-himicheskogo-sostava-gretskogo-oreha-molochno-voskovoy-spelosti-na-protsess-kislotonakopleniya-pri-proizvodstve>

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Талапбаева Гульнар Едиловна

қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Құрмаш Асқар Шалқарұлы

магистрант

Қызылорда қаласы

Резюме

В статье изучены методические аспекты координации социально – экономического развития регионов Республики Казахстан с комплексным развитием национальной экономики. Основаны основные показатели, отражающие состояние социально – экономического развития регионов, выявлены особые факторы, влияющие на социально – экономическое развитие регионов в условиях поступательного развития экономики и доказана необходимость их учета. Определены актуальные проблемы социально-экономического развития Кызылординской области на современном этапе, социально-экономико-экологические проблемы, в которых они ждут своего решения. В рамках перспективных среднесрочных программных решений правительства разработана Стратегия совершенствования социально - экономического развития регионов и определен комплекс мер по ее реализации.

Summary

The article examines the methodological aspects of coordination of socio-economic development of the regions of the Republic of Kazakhstan with the integrated development of the national economy. The basic indicators reflecting a condition of social and economic development of regions are based, the special factors influencing social and economic development of regions in the conditions of progressive development of economy are revealed and necessity of their account is proved. The actual problems of social and economic development of Kyzylorda region at the present stage, socio-economic and environmental problems in which they are waiting for their solution are identified. Within the framework of long - term medium-term policy decisions of the government, a Strategy for improving the socio-economic development of the regions has been developed and a set of measures for its implementation has been determined.

Қазіргі кезеңде негізгі шаруашылық қызметтің аймақтарда жүзеге асырылатынын ескерсек, оларға әлеуметтік-экономикалық мәселелерді өздігінен шешуге лайықты қаржылық дербестіктің берілуі маңызды болып табылады. Осымен байланысты бүгінгі таңда мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіліктерді ажырату, аймақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

мәселелері еліміз аймақтарының экономикалық өсуіне мүмкіндік беретін негізгі шарттар ретінде қарастырылуда.

Қазақстан жолының жаңа кезеңі – экономиканы нығайтудың, халықтың әл ауқатын арттырудың жаңа міндеттері [1].

Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің оңтайлы теңгерімін табу - өмірлік маңызды мәселе. Қызылорда облысы индустриялық-аграрлықөңір, республикадағы негізгі күріш өндіруші болып табылады (90%).

Бұл ретте, 2017 жылы Қызылорда облысының жалпы өңірлік өнімінің (бұдан әрі – ЖӨӨ) үлес салмағы 2,7% құрады.

Соңғы үш жылда аталған көрсеткіштің 0,8 пайыздық тармаққа төмендегені байқалады. Аталған көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы үшінші топқа кіреді, ол топ ЖІӨ жалпы көлемінде үлесі 5 пайыздан аспайтын өңірлерді біріктіреді.

Мұнай-газ секторы өңір экономикасының негізгі саласы болып табылады. Өнеркәсіп өндірісінің 82,7% астам мөлшері тау-кен өнеркәсібіне тиесілі, мұнда шикі мұнай мен табиғи газ өндіру үлесі басым (87,6%). Өнеркәсіп өндірісі құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі аз ғана, бар болғаны 12,6%.

2018 жылы 930,4 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімі өндірілді, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 6,9% кем. Өнеркәсіп өндірісі көлемінің төмендеу себебі соңғы жылдары кейбір мұнай кен орындарында кен шоғырларының 90% сулануы(қабаттық қысымның төмендеуі), қорлардың сарқылуы салдарынан мұнай өндіру көлемінің азаюы болып табылады.

Дегенмен, облыста өңдеу өнеркәсібін дамытудың зор әлеуеті бар.

Облыс аумағы көмірсутекті шикізат, түсті металдар (мыс, мырыш, қорғасын және алтын), қара металдар (темір, титан және ванадий), уран, кварц және құрылыс құмдары, әк тас қорларына бай.

Сонымен қатар, жоғары экспорттық әлеуеті бар мал шаруашылығын, оның ішінде бағытындағы мал шаруашылығын перспективалы дамыту, балық шаруашылығы және балық өңдеу бойынша күшті жақтары да бар.

Соңғы жылдары мемлекеттің агроөнеркәсіп кешенін тұрақты қолдауы, оның ішінде өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыруда, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндейтін жаңа өндірістер құруда елеулі нәтижелер беруде. 2017 жылы облыстың ЖӨӨ ауыл шаруашылығының үлес салмағы 3,8% құрады.

Бұл ретте қолданыстағы гидротехникалық құрылыстарды жақсарту бойынша шаралар қабылдау талап етіледі. Мәселен, жұмыс істеп тұрған Қызылорда су торабы өткен ғасырдың 50-ші жылдары салынған және қазіргі уақытта апатты жағдайда тұр. 2014 жылдан бастап су торабы арқылы автокөлік қозғалысына тыйым салынған. Су торабы бұзылған жағдайда шамамен 400 мың адам тұратын облыстың үш ауданы мен Қызылорда қаласы аумағында 250 мың гектар шабындықтар мен жайылымдар, сондай-ақ 110 мың гектар суармалы жерлерді сумен жабдықтау жүйесі бұзылады. Оған қоса, облыстың 38 елді мекенін су басу қаупі бар. Осыған байланысты Қызылорда су торабына реконструкциялау жүргізу қажет.

Өңір біршама көліктік әлеуетке ие. Өңірдің көліктік инфрақұрылымы жоғары деңгейде шоғырланумен ерекшеленеді: негізгі автомобиль, теміржол және су

жолдары бір-бірімен іргелес орналасып барлық аудан орталықтарынан және облыс орталығынан өтеді, осылайша 85% елді мекен (өңір халқының 93%) орналасқан көлік магистралін қалыптастыруда.

Соңғы жылдары тұрғын үй құрылысы озық қарқынмен жүргізілуде. Соңғы жылдың өзінде-ақ 700 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл жылу энергиясы көздеріне белгілі бір жүктеме алып келеді. Қолданыстағы Қызылорда жылу энергия орталығы 1964 жылы пайдалануға берілген, яғни 50 жылдан астам уақыт пайдаланылуда, соның салдарынан жабдықтардың тозуы (50%) орын алып отыр және қазіргі таңда 40%-дан аспайтын төмен ПЭК-ке ие. Осы себепті жақын арада облыс орталығының 700-ге жуық көп қабатты үйі жылумен жабдықталмай қалуы мүмкін. Қазіргі таңда қуатты көп тұтыну кезінде «ЖЭО» қызмет көрсету аймағындағы жылу тапшылығы 100 ГКал/сағатты құрайды, бұл өз кезегінде берілетін жылудың сыртқы ауаның температуралық кестесіне сәйкес келмеуіне әкеледі. Бұл мәселені қолданыстағы энергия көзін реконструкциялау және кеңейту арқылы ғана шешуге болады [2].

Үдемелі жаңғырту және әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылықты арттыру мақсатында 119 ұйымдастырушылық және іске асырылатын іс-шарадан тұратын Қызылорда облысынәлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019–2022 жылдарға арналған кешенді жоспары әзірленді.

Кешенді жоспарды іске асырудан мынадай нәтижелер күтілуде:

Жалпы өңірлік өнім

Облыстың ЖӨӨ 2023 жылға қарай номиналды мәнде 2062 млрд.теңгеге дейін ұлғаятын болады деп болжануда. Облыстың ЖӨӨ құрылымында 2023 жылы тау-кен өнеркәсібінің басым үлесі сақталатын болады. Сонымен бірге, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс үлесі ұлғаятын болады.

Өнеркәсіп

2022 жылдың қорытындысы бойынша ЖӨӨ-дегі өнеркәсіп үлесін 45,9%-ға дейін (2017 жылы – 36,3%) ұлғайтуға қол жеткізу жоспарлануда.

ЖӨӨ «Байкен-У» ЖШС өндірістік қуаттарын жаңғырту нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЖӨӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 9,7% (2017 жылы – 4,7%) құрайды.

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі 2,5 есеге, өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты 2,5 есеге ұлғаятын болады.

Кәсіпкерлік

ЖӨӨ құрылымындағы шағын және орта бизнес үлесі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 20% құрайды.

Көліктік және инженерлік инфрақұрылым

Жақсы және қанағаттанарлық күйдегі жолдардың деңгейі 2022 жылдың қорытындысы бойынша 72% жетеді;

Қызылорда облысының барлық 7 аудан орталығы газбен жабдықталатын болады.

Жалпы саны 91 мыңнан астам халқы бар 32 ауылдық елді мекенді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі шешіледі.

Қызылорда қаласында жұмыс істеп тұрған жылу электр станциясын жаңғырту сыртқы энергия көздерінен энергия тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді.

Магистральдық жылу желілерін реконструкциялау бойынша жұмыстарды жүргізу нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі 42%-дан 36,6%-ға дейін төмендейді.

Экология

Облыс бойынша ҚТҚ өңдеу және кәдеге жарату үлесі 2020 жылдың қорытындысы бойынша 16%-ға жетеді (2018 жылы – 3,19%).

Әлеуметтік қорғау

Арал өңірі халқының арасында экологиялық тәуелді аурулардың тізбесін айқындау үшін себеп-салдарлық байланысты белгілеу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу оларды реттеу бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жүктілік пен босану бойынша демалыс ұзақтығын арттыруды негіздеу үшін бала туу жасындағы әйелдердің денсаулық жағдайына талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Пилоттық жобалар шеңберінде Қызылорда облысының базасында аз қамтылған азаматтар әлеуметтік сүйемелдеуге мұқтаж болған жағдайда әкілетті органдар мен лауазымды адамдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылының егжей-тегжейлі регламенттері мен алгоритмдері әзірленетін болады. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету кезінде, өмірде қиын жағдайда жүрген адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтерді енгізу жөніндегі үлгі көмек көрсету мерзімдерімен әзірленетін болады, бұл өмір сүру сапасын арттыруға және жақсартуға мүмкіндік береді [3,4]. Осы іс-шаралар кешенін іске асыру өңірдің дамуына сапалы жаңа серпін береді, 10 000 жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау

Заманауи көпбейінді аурухана, аудандық емхана және перзентхана бөлімшесін салу білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, тиімділігі мен сапасын арттыруға, халықтың денсаулығын жақсартуға, бала туудың ұлғаюын және өлім-жітімнің төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте 2030 жылы орташа өмір сүру ұзақтығы 73,9 жылға артады.

Спорт

2022 жылдың қорытындысы бойынша дене шынықтыру және спортпен айналысатын азаматтарды қамту 32%-ға жетеді.

Су тасқынына қарсы іс-шаралар

Облыстың жалпы контингенті шамамен 265 мың адамды құрайтын 38 елді мекенін тасқын судан қорғау және су көлемін қауіпсіз өткізуді жақсарту қамтамасыз етіледі.

Тұрғын үй

2023 жылға қарай барлық қаржыландыру көздері есебінен кем дегенде 800 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарлануда [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы №728 қаулысы.

2. Қызылорда облысының 2017-2018 жылдардағы әлеуметтік – экономикалық даму қорытындылары. <https://syrboyi.kz/>
3. Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019–2022 жылдарға арналған кешенді жоспары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 06 маусымдағы №375 қаулысымен бекітілген.
4. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 10 тамыз 2014 жыл.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖЕР ШАРЫНДАҒЫ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Барменкулова Б.Б. ф.ғ.м., аға оқытушы

Қазақстандық инженерлік-технологиялық университеті, Алматы қаласы

Қазіргі таңда әлемді алаңдатып тұрған мәселе ол - климаттың өзгерісі. Соның бірі-жаһандық жылыну. Жаһандық жылыну – температураның өзгеру әсерінен немесе басқа да жағдайлардан болатын өзекті мәселелердің бірі. Жаһандық жылынудың ең басты себептеріне адам факторымен, қатар табиғи фактордың әсері мол. Бірақ табиғи фактордың болуына себеп адам факторы екенін ұмытпаған жөн. Қоршаған орта адам қолынсыз ештеңе істей алмайтыны белгілі. Бірақ бір жағынан қарасақ, табиғи фактор — адамның қатысуынан тысқары (антропогендік емес) немесе оның биологиялық мәнімен байланысты (мысалы, техногендік әсер де қосылады) әрекет ететін фактор.

Табиғи фактордың климат өзгерісіне әсері адам факторының тигізетін әсеріне қарағанда көп емес. Тіпті, жиі қоршаған орта климатқа әсерін тигізіп жатыр деп айта алмаймыз. Жоғарыда айтылғандай, табиғи фактордың климат өзгерісіне тигізетін әсерінің аргументтеріне биологиялық әсерлері көрсетілген. Техноген дегеніміз бұрынғы кезден қалып қойған қалдықтарды айтамыз. Сонымен қатар Жер планетасының өз-өздігінен айналатынын білеміз. Қазіргі тіршілікте жер планетасының өз-өздігінен айналуы баяулап келе жатыр деген қауіп бар. Бұдан біз адам факторының әсерін көре алмаймыз. Әрине, табиғи фактор жердің айналуына әсер етеді. Жаһандық жылынудың қоршаған ортаға оң әсеріне қарағанда теріс әсері жоғары екені атмосфераның ластануы, жыл сайын ауа температурасының көтерілуі полюстердегі мұздардың еруі, соның салдарынан мұхит суларының деңгейі көтеріліп, жағалау бойына жыпырлай орналасқан ірі қалалар, елді мекендер су астында қалады деген қауіп айтыла бастауынан-ақ білінеді. Жаһандық жылынуға әсер етуші антропогендік және табиғи фактор үлкен рөл атқарады. Антропогендік фактор әсерінен жылыну болып жатыр. Ауа-райының күнделікті өзгерісі адамдардың қолдан жасап отырған зиянды технологияларының атмосфераға әсерінен анықталады. Адамдардың алға жылжығаны сонша жаңа технологияларды өздеріне бағындырып жатыр. Бірақ онысымен қоймай өздеріне ең басты қажеттіліктерді өз қолымен құртып ластауда. Жаһандық жылыну, климаттың өзгеруі адам денсаулығына қатты әсер етеді. Қазірдің өзінде жасөспірім балалар күнін компьютер алдында өткізеді, онымен қоса даладағы көмірқышқыл газын жұтып

денсаулықтарында ақау бар. Статистикаға сүйенсек, Қазақстан бір мектептің өзінде 66% оқушының көру мүмкіндігі төмен (Gazeta.kz). Егер бұлай бола берсе экономикамызда, әлеуметімізде нашарлайды. Бірақ кейбір адамдар альтернативті энергия көздерін пайдаланады. Бұл адамдар өздерінің денсаулықтарын қамтамасыз ете алады. Мысалы қазіргі кезде Украина адамдар кіші мөлшерде альтернативті энергия қолданады. Жаһандық жылынуды, климат өзгерісін алдын алу үшін үлкен шаралар жасау қажет. Ауаға жіберілетін метан, көмрқышқыл газы, химиялық зиянды қосылыстар әсерінен озон қабатында тесік пайда болып, жылыну әсері білінуде. Соңғы 50 жылдағы жылыну процесінің көп бөлігі адамзаттың кесірінен орын алған, бірінші кезекте газдардың атмосфераға шығарылуынан туындаған көмірқышқыл газы (CO₂) мен метанның (CH₄) «көшетхана эффектісі» (Greenhouse effect). Адамзаттың әсерінен барлық проблема туындайды. Табиғи әсер вулканның атқылауы, су тасқыны, жанартаулардың атқылауы. Жаһандық жылынудың оң және теріс әсері бар. Жаһандық жылыну ең бірінші теріс құбылыс қуаңшылық артады. Аталмыш проблема біздің еліміз үшін өзекті. Қазақстан жерінің 66 пайыз бөлігіне құрғақшылық пен деградацияға ұшырау қаупі төніп тұр. Бұл су ресурстарының тапшылығына алып келуі де мүмкін. Қуаңшылықтың қайталануы бойынша Батыс Қазақстан облысы қазір 38 пайызды құрайтын болса, ол 2030 жылы 45 пайызға жоғарылайды. Ал жылы кезеңнің ұзақтығының артуының да оң әсері бар. Мәселен, бидай өнімінің сапасы артады.

Жанартаулық атқылаулардан қалған қалдықтар 2002 жылғы қазан айындағы Сицилияда ауаға зиянды газдардың таралуына себеп болып, климат өзгерісіне әсерін тигізген деген дәлелдемелер бар. Сонымен қатар Күннің қызу әсерінен қоршаған ортаның өздігінен өртенуін көреміз. Оған дәлел айтар болсақ Бурятия қаласында 52 гектар орманды жердің өздігінен өртенуі климат өзгерісіне әсер еткен. Тағы бір дәлел жер осінен айналу периодының азаюы туралы Янковский 2011 жылдың жазында күн 38,6 сағатқа келеді және Жер шары өздігінен айналуын 2013 жылдың 16 қаңтарында тоқтайды деген болжам болған. Мозамбикада Элин циклонынан кейін 2000 жылы су тасқыны болған. Сонымен қатар Тропикалық циклон кесірінен Индияда теңіз дауылы көрініс алған деген деректер бар.

Жоғарыда көрсетілген табиғи факторлардың тигізетін зияндылығы Климат өзгерісінің тұрақты болуына өз әсерін тигізеді. Мысал келтірер болсақ, Жанартаулардың атқылауы және Парниктік газдар, Фотосинтез процесінен өріс алатын өз-өздігінен өртенуі, Жер бетінің өз осінен айналуының бәсеңдеуі. Сонымен қатар табиғи фактор сиыр. Сиыр немесе қарапайым төрт-түлік өзінен Метан газын жібереді. Бұл газ адамның көмір жаққанына немесе мұнай және өндіріс қалдықтарын тастағанына қарағанда 2 есе ауаның ластануына зиянын тигізеді. Осы табиғи факторлар адамды аландатпай қоймайды. Бірақ, Адам - өмірдегі ең саналы болғанымен, Климат өзгерісіне табиғи факторлардың тигізетін көмектері болады. Бір қатары жаһандық жылынудың туындамауы үшін өз септіктерін тигізеді. Мысалға, ағаштар өздеріне CO₂, яғни парниктік газдарды сіңіреді.

Климаттың өзгеруі-табиғи ортада климат көрсеткіштерінің ұзақ уақыт

өзгеруі. Мысалы: жаһандық жылыну, мұздардың еруі, ауаның ластануы барлық жағдай климаттың өзгеруіне алып келеді. Бұл өз кезегінде климаттың ғаламдық жылынуына, Әлемдік мұхиттың орташа деңгейінің көтерілуіне, жер бетінің су астында қалуына және келеңсіз жағдайларға алып келеді.

Педагог, психолог-ғалым Ж.Аймауытұлы тәлім-тәрбие саласында адам тек қана белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ғана емес, ең алдымен – тұлға. Тұлға – қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі. Оның ұлттық тәлім – тәрбие ісін дұрыс, тиімді ұйымдастыру мен шешуде жеке тұлғаны қалыптастырудағы зор маңызы бар екенін айтады. Қазақ топырағында ХХ ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен ұлттық колоритке (нақыш) толы психологиялық көз қарастарымен барша жұртты тәнті еткен, қазақ жан тану ілімінің көш басшысы ретінде танылған Ж.Аймауытұлымен қатар, оқу тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологияға ерекше ден қойған М.Жұмабаевтің еңбектерінің мәні зор. Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген педагог М.Жұмабаевтің артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – ұрпақ тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осыған орай, педагог «түзу адам», «жетілген адам» туралы айта келіп, бұл оның шын келбетінен, жүріс-тұрысынан, нақты ісінен байқалады, бұл айтылғандар тұлғаның қандай мінезді екенін білуге мүмкіндік береді. Адам тұлға, кісі болу үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен шектелмей, жалпы адамзатты сүюі шарт. Таза жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға – сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу, дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады деп тұжырымдайды.

Өзін-өзі тану нәтижесінде тұлға өзін-өзі тәрбиелейді, өз бойындағы шығармашылық әлеуетін танып және аша білуге, өзінің психологиялық ерекшеліктерін жетілдіруге, эмоциялық көңіл күйін басқара алуға, жеке құндылықтарын бағалай білуге мүмкіндік жасайды. Әрине бұл үрдіс тұлғаның отбасындағы және ортада өзін-өзі тәрбиелеу ықпалдарының нәтижесінде іс жүзіне асады.

Тұлғаның адам болып қалыптасуы тәрбиеге байланысты болса, ал отбасы-сол тәрбиенің бастауы. Мәселен, «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», - деген қанатты сөз, отбасы, мектеп, қоғам үшеуінің дұрыс берген тәрбиесінің жемісі болмақты меңзейді.

Отбасында басты мәселелердің бірі – ұрпақтың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған ұрпақтың күн реті, міндеттері, қойылатын талаптары, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу – әрекет, бос уақытын ұйымдастыруы т.б. жатады. Баланың осы әрекеттерін дұрыс реттеуге тәрбиелеуде отбасының алар орны ерекше. Мәселен, халық даналығында «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», - деген сөз бар емес пе? Яғни, әке мен шешенің әрекеттері ұрпақ үшін үлгі өнегенің өзі болып табылады. Сондықтан, ата-аналар сөйлейтін сөзін, істейтін ісін, ұрпақ алдындағы міндетін, әйелі ерінің, ері әйелінің алдындағы талап-міндеттерін дұрыс орындауы тиіс.

«Әйел – үйдегі ырысың, ұл – айбарлы қылышың, қыз – түздегі өрісің, келін – кеңейген тынысың» деп келетін нақыл сөздерден түсінетініміз, отбасы мүшелері қызметінің маңызын айқындап, ерекшелеп жеткізіп тұр.

«Бала тәрбиесі – бесіктен» дейтін қазағымыз, отбасы барлық уақытта да өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбие мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ананың ойы, сөзі, ісі бір жерден түйіскен уақытта ғана оң нәтижеге жететініміз хақ. Ол не деген сөз, яғни ата-ана өзі істемеген нәрсені ұрпақтан күтудің еш қажеттілігі жоқ. Осы жерде Селли Фельдманның «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қанатты сөзі ата-анаға айтылған бір сыр секілді. Сондақтан ата-ана ұрпаққа бір істі жүктер алдында, өзі сол істің шебері болуға тиіс дегім келеді.

Отбасы қоғам мен үзілмес одақ болып табылады. Егер оған ғылыми-педагогикалық тұрғыдан келгенде, отбасының ұрпақ тәрбиелеудегі міндеттері:

- тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді;
- салт-дәстүрлердің жалғасуын қамтамасыз етеді;
- өз елінің патриотын, заңдарын құрметтейтін, болашақ отбасы құрушыларды дайындайды;
- ұрпақтың дұрыс мамандақ таңдауын да қамтамасыз етеді;
- ұрпаққа «балалық шағын» қамтамасыз етуі қажет;

Отбасы – дені сау, рухани – адамгершілігі жоғары, интеллектуалды тұрғыда дамыған және еңбек етуге дайын тұлға қалыптастыруға міндетті.

Отбасы тәрбиесінің құрамдық компоненттері:

- физикалық салауатты өмір салтын ұстанумен негізделеді және дұрыс күн ретін ұйымдастыру, спортпен шұғылдану, организмді шыңдау және т.б.
- рухани-адамгершілік – тұлға қалыптастырудағы қарым-қатынастың қайнар көзі. Мәңгілік құндылықтар ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау;
- интеллектуалдылық – ата-аналардың баланың білім алуына қызығушылық танытуы, қатысуы және қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, оның үнемі жаңаруына үлес қосуы;
- эстетикалық ұрпақтың таланты мен дарындылығын дамыту немесе жай ғана өмірдегі әсемдікті түсінуіне мүмкіндік жасау;
- еңбектену – болашақ өмірінің негізін жинақтау. Еңбек етіп үйренбеген адамға бір ғана жол бар, ол «жеңіл» өмірді іздейтін болады.

Отбасы – қоғамдық жүйенің бір бөлігі. Отбасындағы жақсы қарым -қатынас баланы жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге жетелейді, өмірдің қыр-сырын танытады, жауапкершілікке, адалдыққа, ойшылдыққа, әдептілікке баулиды. Тәрбиелі білім – қазына, тәрбиесіз білім – қасірет екендігі баршамызға мәлім. Сондықтан кез келген сатыда тәрбиелі білім беру – міндеттіміз. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық салт-дәстүр, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыта тәрбиелеуді ұстанамыз. Ұрпақ тәрбиесі бір күндік немесе бір уақытта аяқталатын әрекет емес, тәрбие отбасынан басталады, қоғаммен бірге қайнасады, өмір бойы жалғасады. Қоршаған орта ұрпақ тәрбиесі мен отбасы тәрбиесін педагогикалық басқарудағы тікелей іске асыратын маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Жас ұрпақты өмірге дайындауда жаңа сапалық

белгілер қалыптасып, дербестік дамыту, кәсіптік бағдар, білім алу және өздігінен білім алу, қабілеттерді анықтау және дамыту сияқты мәселелерге ерекше маңыз бере бастады. Қоғам және отбасының тәрбиелік қызметінің біртұтастығы мақсатты түрде жүргізген жүйелі жұмыстарының нәтижесі. Ал бұл нәтиже қазіргі заманғы білім беру мекемесіне қойылатын басты талаптардың бірі.

Белгілі педагог В.А. Сухомлинскийдің еңбектерінде «Отбасылық тәрбие» ұғымы кең қолданылады. Оның пікірінше тәрбиені орта немесе отбасылық деп қарастыруға болмайды, өйткені ұрпақ тұлғасы біртұтас және оны қалыптастыру процесі де біртұтас сипатталады. Міне, осындай біртұтас тәрбие процесінде қоғам жетекші рөл отқарады. Қоғам – отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңітеді және дамытады. Осы бағытта педагогикалық тәрбие жұмыстарын жүргізеді, қоғамдық және отбасы тәрбиесіне белсенді түрде көмек көрсетуін ұйымдастырады және бағыттады, олардың әрекеттерін үйлестіреді.

«Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты ісі. Отбасы өмірді кемеліне келтіреді, отбасы бақыт әкеледі, бірақ әрбір отбасы, ең алдымен мемлекеттік маңызы бар зор іс болып табылады» деп көрнекті педагог анықтама берген болатын. Яғни, отбасы – қоғамның маңызды буыны, кішігірім ұжым ретінде бала тәрбиесінде шешуші рөл атқарады.

Отбасы – адам тұрмысын ұйымдастырудың қайнар көзі, ол материалдық және рухани үдерістерімен сипатталады. Жас ұрпақтың әлеуметтеніп, тәлім – тәрбие алып, өсіп-өнетін негізгі институты. Тал шыбықтай жас ұрпаққа бесіктен бастап берілген тәлім-тәрбие, ұстаным-тәртіп қағидалары есейгенде оның мінез-құлқының, сана-сезімінің, ар-ождан намысының темірқазығына айналады.

Данышпан Абай былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстаздан, үшіншісі - құрбысынан». Сондықтан қаншылықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Ұрпақ – әр жаңұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Ата-ана, ұстаз, қоғам – үшеуі, тәрбиеге болар басты өлшем. Бір тұтасып, біріктірсе күштерін тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Адамның кім болмағы ата-ана, ұстаз, қоғамға ғана тәуелді емес, ол адамның өзіне байланысты. Бірақ адамның бірден жеке тұлға болып қалыптасуы мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиенің үш сатысы негізінде өсіп, жетіледі. Олар: ой саулығы, жан саулығы, тән саулығы. Жақсы қасиеттер кез-келген адамның жан дүниесінен табылады. Тек оны уақытымен анықтап, өрісін кеңейте білуі керек. Ұрпақ дүниеге келісімен өзін-өзі тануға икемсіз. Сондықтан ұрпақтың бойындағы қасиетті дұрыс қалыптастырып тәрбиелеу ата-ананың міндеті.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтеді. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштары-тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі.

Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады.

Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналарға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеу -деп, көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүддесінің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке-бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады.

Отбасындағы тіршіліктің дұрыс ұйымдастырылуы ұрпақтың еңбекқор болуы, әр нәрсеге жауапкершілік сезіммен қарауы, адамды құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Тұлғаның адамдармен қарым-қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай-ақ , отбасының ұрпақтың дамуы мен қалыптасуы процесіндегі рөлі де ерекше. Отбасында тұрмыстық белгілі жағдайлары жасалады, сезімдік күйлер орнығады.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аласың», – дегендей ұрпақ тәрбиесі сәби дүниеге келген күннен басталады. Ұрпақ өскен сайын, оның тәрбиесі де күшейе түседі. Ұрпақ жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Отбасы шын мәнінде тату-тәтті, өзара түсінікте болса, одан адамгершілік пен әділеттің көрінісі айқын сезіліп тұрады. Өз ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген ұрпақ өзге ата-аналарды да құрметтей біледі, үлкендер арасында өзін дұрыс ұстап, құрметпен қамқорлық таныта біледі. Ұрпақ негізгі өнегені алдымен отбасында ата-анасынан алады. Әркім өзінің ұрпағын жаман адам болсын демейді, оның тәрбиелі, білімді болғанын қалайды, әрі еңбексүйгіш, жақсы адам болса, еліне, халқына пайдасын тигізетіндей бір маман иесі, үлкен дәрежелі қызмет иесі болса екендеп тілейді.

Айталық, ата-ана өзінің алдына мына төмендегідей мақсат қойып, оның жүзеге асуына мән беретін болса, сөз жоқ, ұрпағының тәрбиелі, өнегелі, білімді болып өсуіне жол ашады:

1. Өз қателігін түсінуге мүмкіндік жасау;
2. Жақсы мінез, іс-әрекетіне назар аударып, көңіл-күйін көтеру;
3. Ата-ананың өзін-өзі ұстай білуі, бақылай білуі;
4. Дауыс көтеріп, жазалауға асықпай, оны түсінуге тырысуы;
- 5.Тілін түсініп, онымен сырлас, дос болуға тырысу және оның ойы мен пайымдауларына көңіл бөлу;
6. Өз баласын басқа балалармен салыстырмай, дұрыс тәрбие беріп, мінез-құлқын, іс-әрекетін, қателігін түсінуге мүмкіндік жасай білу;
7. Оның психо-физиологиялық даму дәрежесіне, адамгершілік, эстетикалық қалыптасуына, жан-жақты жетілуіне көңіл бөлу;
8. Оның шығармашылық қабілетін, ақыл-ойын, сезімталдығын бағалай білу;

9. Оның талап-тілегіне тежеу жасамай еркіндік беріп, дүниеге, өмірге деген көзқарасын бақылай білу.

Әрине, ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге қатысты кеңестер мол. Дегенмен, ата-аналар оларды тәрбие барысында жүйелі қолданбайды. Ұрпақ еркелігін көтере алмай, айғайласа, енді бірінің өз ұрпағына тыңғылықты көңіл бөлуге уақыты жетпейді. Тіптен, шектен тыс еркелетемін деп те ұрпақ мінезінің қалыптасуына да кері ықпал етеді.

Сондықтан, ұрпақ тәрбиесінде әрбір отбасы иесі, әрбір әке мен шеше өз еріктерін өздері меңгеріп, отбасы тәрбиесі деп аталатын, мемлекетіміз аса мән беріп отырған әлеуметтік саяси салаға сергек қарап, өз ұрпақтары алдындағы парызын өтеуде төмендегі шарттарды міндетті түрде орындауды ұсынамыз.

1. Отбасы тәрбиесінің мақсаттылығы.
2. Ата-ананың педагогикалық білімі.
3. Әке мен шешенің жақсы үлгі-өнеге көрсету мүмкіндігі.
4. Отбасындағы бірыңғай тәртіптің орны.
5. Отбасындағы қарапайым жағымды психологиялық ахуал.

Қай қоғамда өмір сүрмейік, ұрпақ – ол біздің болашағымыз, жақын күндеріміз. Сондықтан болашағымызды қазіргі сәттен жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сенімен басуға болады деп нық айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 2017. 16 сәуір
2. Тарихи тұлғалар. Алматы. Жазушы. 2000.
3. Б.И. Иманбекова. Тұлғаны тәрбиелеуде тәрбие субъектілерінің мүмкіндігін кіріктіру. Алматы. 2009
4. Б. Қ. Игенбаева. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуға арналған құрал. Алматы. Дәуір. 2000

Новое начинание в Каз ИТУ.

Сармурзина Галия Алтаевна

Докт. истор. наук, профессор,

КазИТУ

Аннотация

Данная статья посвящена новой инициативе, выдвинутой в Казахском Инженерно-Технологическом университете, выполняющая Программу

«Модернизация общественного сознания» и обращение, прежде всего к молодежи, от Антиторрупционной службы города Алматы – «Акселератор добра», о создании и выполнении Проекта, рассчитанного на год –«Школа Достойного Человека». Здесь рассказывается о целях, задачах и возможных результатах, выдвинутой инициативы.

Annotation

This article is on the establishment of Training Courses "School of Noble People" - the school of human nobility, honesty, creativity and patriotism. School - lectures, steeped in history and self-knowledge.

Ключевые слова: инициатива, антиторрупционное воспитание, достоинство, возможный эффект, «Индекс наивности», антиторрупционное законодательство, Антиторрупционная служба, антиторрупционная атмосфера.

Мы хотим познакомить Вас начатым в нашем **Казахском Инженерно-технологическом университете** интересным начинанием, **выполняя Программу « Модернизация общественного сознания»**, и инициативу, с которой вышла Антиторрупционная служба города Алматы – «Акселератор добра» – мы знакомим Вас с открывшейся **Школой Достойного Человека**. Вашему вниманию предоставляется **ознакомительный буклет, сайт нашего университета, и короткая презентация**.

Школа Достойного Человека — Школа погружения в историю, самопознание, саморазвитие и духовное самосовершенствование (**г. Алматы, Казахстан - Казахский Инженерно – Технологический университет**).

Наша школа открыта для всех, кто ищет ответы на вопросы – как сохранить по жизни человеческое достоинство, какие морально – нравственные нормы были в почете во все времена, как за их сохранение приходилось жертвовать собственным благополучием, если это шло против общечеловеческих ценностей; уметь сохранять и ценить в любой обстановке

человечность и внутреннюю порядочность, добиваясь денег, бизнеса и карьеры; заводя семью; развивая самопознание, саморазвитие и духовное самосовершенствование .

Миссия Клуба Достойного Человека

Популяризация Облика Достойного Человека

Пропаганда здорового образа жизни

Поддержка и развитие досижения общества Достойных людей

Противодействие коррупции

Духовное развитие студенчества

Формирование морально-этических норм у студентов

Бережное и уважительное отношение друг к другу

Социальная ответственность перед обществом за взятую на себя высокую ответственность по поддержке движения

Основа философии «Школы Достойного человека» — «Нет предела для совершенства»

Наш девиз: «Знающий других — умен, знающий себя — мудр.

Побеждающий других — силен, побеждающий себя — могущественен». (Восточная мудрость.)

Стратегические цели:

объединить достойных людей, занимающих активную жизненную позицию, антикоррупционное воспитание, быть по-настоящему, достойным человеком и гражданином;

образовательная деятельность, направленная на реализацию программ дополнительного образования по подготовке специалистов высокой квалификации, способных пополнить ряды квалифицированных специалистов, мыслящих креативно, настоящих патриотов своего Отечества, гармонично развитых личностей.

Наши задачи: делиться знаниями, навыками, умениями — всем тем, что может помочь участникам достичь нужных целей, оставаясь достойной, привлекательной личностью, открыть гармонию, иметь полную уважения к себе жизнь.

Мастера Клуба применяют погружение в историю, используют ретроспективный взгляд и методы сравнения, типологический и логический методы и т.д. а также общенаучные методы исследования, используя диалектический подход. При подаче материала слушателям широко используется мультимедийная техника, а также новейшие психологические приемы.

Все мы знаем, какой огромный урон приносит коррупция для общества и человека. Этот урон открыто виден на экономике, что прямо отражается на бюджете, а косвенно – на моральном и духовном состоянии общества.

Именно по этому – **первое, уже состоявшееся заседание Школы Достойного человека**, так и называлось «**Антикоррупция**».

«Как правило, совершивший коррупционное преступление – это государственный служащий в возрасте 21-49 лет, с высшим образованием, мужчина, ранее не совершавший преступления. Всего в год привлекается к уголовной ответственности за коррупцию 700-900 человек, это примерно 70-80% от всех лиц, совершивших данный вид правонарушения»[2.] .

Именно поэтому, речь идет о целой системе мер, включающей антикоррупционное воспитание, начиная с детских лет. Именно поэтому, Антикоррупционная служба города Алматы обращается, прежде всего, к молодежи.

На заседании №1 были показаны: презентация на 26 слайдов и короткие фильмы – «Борьба с коррупцией в Сингапуре», «Казнь в Китае», Информация об антикоррупционном законодательстве и реально действующей антикоррупционной атмосфере в Швеции, фильмы о борьбе с коррупцией в Казахстане

Всего, в этом году планируется 8 Заседаний – по 1 Заседанию Школы в месяц. План заседаний Школы определен и составлен в октябре 2019 года.

Второе заседание Школы Достойного Человека будет посвящено – понятию «Достоинство», «Честь» в древнем средневековом обществе Казахского ханства.

В 2015 году в Казахстане отмечалось 550-летие Казахского ханства. Споры и обсуждения этого события (его правомерности и необходимости) не утихали до самого последнего момента. Наиболее веским аргументом в спорах о научности подсчета года юбилейной даты - были возражения о том, что Казахском ханстве не было четко очерченных границ.

Конец этим спорам был положен группой исследователей **АНК МОН РК** под руководством **Атыгаева Нурлана**, бывшего тогда заместителем директора **Института истории и этнологии** и , которые доказали, что именно к этому времени у государства уже четко обозначились границы.

Да, это была кочевая цивилизация – наследница кочевых цивилизаций тюркского периода истории и последующего периода кочевых государств, возникавших при распаде Монгольской империи государств, и у нее была своя специфика - у Казахского ханства не было на границах стационарных охраняемых шлакбаумов, но был обычай – хоронить своих предков на границах своей территории. Эти могилы постоянно навещались, часто посещались конными дозорами, а в тревожное время – эти дозоры могли быть постоянными (**Из выступления Атыгаева Н. на заседании клуба «Мурагер» в КазНИТУ им.К.И.Сатпаева в 2015 году**).

Другой вопрос - о своевременности празднования юбилея – Казахстан пошел на этот шаг не только из желания очередной раз доказать миру, что его государство имеет свою долгую историю, привлечь инвестиции, провести в кулуарах предварительные договоренности о будущих совместных проектах, внести вклад в развитие одного из своих перспективных кластеров – **Туризма**, но сделал это, прежде всего, для своих граждан – многонационального народа Казахстана.

Во-первых, сплотить народ Казахстана вокруг идеи государственности.

Во-вторых, поддержать патриотический дух.

В-третьих, в тяжелое кризисное время – вселить надежду и уверенность в будущее.

При раскрытии этой темы заседания Школы Достойного человека следует отметить, что разработанный к празднованию комплекс мер носил широкий и всеобъемлющий характер, но в качестве , критики следует высказать правомерные вопросы студентов – почему так недоступны широкой общественности и за границей, и в пределах Казахстана – многосерийный фильм, буклеты и альбомы – ведь это не по-хозяйски (**из возражений студентов**).

Казахская народная культура – понятие « **Достойный человек**» применяет к достаточно широкому кругу лиц, влиявших на сохранение мира и благополучия родной земли, защиту ее интересов - у казахов это - батыры, ими могли быть и торе, и обязательно бии и жирау . Военизированный образ жизни диктовал необычайно важную роль мужчины в традиционном обществе («ханская» охота , войны, имитация военных действий в играх и коллективных охотах). (Просмотр 5 Презентаций). Рассказ о процедуре суда биев и их медиаторской роли в обществе.

Литература;

1. Назарбаев Н.А.Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"12 апреля 2017.-

http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
[2.] Ущерб от коррупции в Казахстане за 2017 год превысил 9 млрд тенге./
26.04.2018 /

[.https://lsm.kz/v-2017-godu-korrupcionery-nanesli-usherba-na-9-5-mlrd-tenge](https://lsm.kz/v-2017-godu-korrupcionery-nanesli-usherba-na-9-5-mlrd-tenge)

3. Антикоррупционное воспитание детей и подростков./<https://nsportal.ru/shkola/raznoe/library/2015/11/07/antikorrupcionnoe-vospitanie-detey-i-podrostkov>

4/Гацалов Р. Р. Антикоррупционное воспитание молодежи: проблемы формирования российской модели/<https://isfic.info/SPBU/konf03.htm>

4/«Индекс наивности».-*Материал подготовлен в рамках проекта Russian Media House при поддержке Шведского института.* Обновлено: 18/06/2019.
- <https://ru.sweden.se/ljudi/provesti-chertu-kak-v-shvecii-boryutsya-s-korrupciej/>

5.Коррупция: исламский взгляд .-26.12.2017/- 15:39:03 .-
<https://go.mail.ru/search?q=%D0%>

6.Об утверждении Положения о Национальном бюро по противодействию коррупции (Антикоррупционной службе) Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции.|Приказ Председателя Агенства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 13 октября 2016 года № 6.-
<http://adilet.zan.kz/rus/docs/G16GSA00006>

Жизнь и творчество Мыржакыпа Дулатова

**Отынбай Айдос
Студент 1 курса, ТМО КазИТУ**

Научный руководитель:
Докт. истор. наук, профессор
Сармурзина Г.А

Аннотация

В данной статье автор пытается кратко осветить жизненный путь Мыржакыпа Дулатова и выяснить, кто стоял у истоков его мировоззрения. Выяснить также – основную направленность его взглядов, в чем он видел свою жизненную задачу, как ее воплощал. При этом, автор нисколько не претендует на полноту освещения темы, его цели – скорее познавательные, чем стремление сделать научный вклад. Но даже из такой попытки, становится видно, что это был неординарный человек, так же, как и его окружение, работавший и заботящийся о будущем своего народа.

Annotation

In this article the author tries to give an analysis of the activity and creativity of the outstanding scientist - educator, writer and poet, one of the first of politicians from the national intelligentsia - Myrzhakyp Dulatov show his vision of his political destiny.

Ключевые слова: конституционно-демократическая пария, Каркаралинская петиция, религия, равноправие, суд биев, земельный вопрос, литературное творчество, репрессии, казахская интеллигенция.

Миржакып Дулатулы родился 25 ноября 1885 года в ауле №1 Сарыкопинской волости Тургайской области и уезда. Происхождением из рода Мадияр, входящего в состав племени Аргын Среднего жуза.), (каз. *Міржақып Дулатұлы*), псевдонимы «Мадияр», «Азамат», «Таймінер», «Түрік баласы» и «Арғын баласы» [1].

В своем кратком описании детства писал: «Происхожу из Средней Орды, рода Аргын, 2-х лет от роду лишился матери, 12 лет - отца. Когда мне исполнилось 8 лет, отец отдал меня на обучение аульному мулле, человеку крайне невежественному. Не помню, сколько времени учился у него, знаю только то, что кроме заучивания арабских молитв ничему не научился» [2.].

Отец Дулат умер, когда мальчику было 12 лет. Мыржакып окончил начальную школу в ауле. В 1901 году он поступает в Государственное русско-казахское училище, педагогический класс которого окончил в 1902 году, став сельским учителем. Преподавателем казахского языка в этом училище был Ахмет Байтурсынов, с которым в дальнейшем будет неразрывно связана литературная и политическая деятельность Мыржакыпа Дулатова[3.].

В 1904 году Миржакып работает в подпольных революционных кружках Омска, сближается с казахскими просветителями-демократами А.Букейхановым и А.Байтурсуновым.

В 1905 году участвует в демонстрациях в Каркаралинске, в том же году принял участие в съезде в г.Уральске пяти областей, где была образована «Казахская конституционно-демократическая партия», программа которой была напечатана в уральской газете «Пикир» («Мнение»). "[2].

В Каркаралы он вновь встретился с Ахметом Байтурсуновым и Алиханом Букейхановым и принимает участие в составлении Каркаралинской петиции, (Под руководством А.Букейханова, А.Байтурсунова, М.Дулатова, Ж.Акпаева, М.Тынышбаева и других летом в 1905 г., в Казахстане проводилась широкая петиционная кампания. В городах Каркаралы, Семипалатинск, Петропавловск, Уральск, Лепсинк и других от имени казахского народа принимались и направлялись в Петербург петиции с изложением в них тяжелого положения казахов и требованием решить его проблемы. Среди этих петиций по своей остроте и смелости особо отмечается [3.].*Каркаралинская петиция от 25 июня 1905 года*, за подписью

12767 казахов на имя председателя Совета Министров. В петиции после обстоятельного изложения крайне тяжелого положения народа выдвинуты были одиннадцать требований.. [4]

Выборная система -Вместо крестьянских начальников предлагалось ввести должность мировых посредников.Предлагалось обязательное участие казахов в высшем законодательном органе империи.

Религиозные вопросы -Предлагалось подчинить религиозные дела мусульман Оренбургскому духовному собранию. Казахи требовали запретить посещение казахских аулов православными миссионерами.

Казахи требовали наложить запрет на недостигших совершеннолетия казахов переход в другую религию.Казахи просили о назначении сборщиков для сбора религиозных налогов для стипендии ученикам из бедных семей.

Образование и казахский язык Предлагали обязательное преподавание в школах азов мусульманства, только затем обучение русской грамоте.Против обучению казахов христианству в школе.Перевод делопроизводства на казахский язык.Добиться того, чтобы начальники знали казахский язык.

Писари, рассыльные и стражники должны быть из числа местного населения.

Суд -Были против административной высылки степняков без суда и следствия. Предлагали подчинить суд биев не местным властям, а Министерству юстиции. Казахи предлагали изъять из ведения военных губернаторов и уездных начальников бракоразводные дела.

Земельный вопрос -Казахи в решении земельного вопроса требовали оставить в ведении хозяев зимние и летние стоянки.Вернуть отобранные у степняков за последних 20 лет земли.Допустить свободное пользование лесов, соляных и рыбных озер.

Казахи требовали свободные земли в районе казахских кочевий передавать только мусульманам-башкирам.[5.]

В 1909 г. в г. Уфе выходит сборник стихов Мыржакыпа «Пробудись, казах», в котором поэт с горечью говорит о бесправной судьбе казахского народа и призывает вывести его из невежества в ряды просвещенных народов.

За эту книгу поэт полтора года провел в тюрьме. В 1910 г. в г. Казани выходит роман М. Дулатова «Несчастливая Жамал», в 1913 г. — сборник стихов «Азамат» (г. Оренбург) и в 1915 г. — художественно-публицистический сборник «Терме» (г. Ташкент).

В этих книгах рассматриваются проблема равноправия женщин, значения просвещения и искусства. В 1917-1919 гг. М. Дулатов работает в редакции газеты «Казах», органе алашординской партии, а позднее в редакциях газет «Ак жол», «Енбекши казах», в Казахском государственном университете.

В апреле 1930 г. М. Дулатов был арестован, осужден на 10 лет. Не выдержав тягот лагерной жизни, скончался 5 октября 1935г. в Соловках. Посмертно реабилитирован

Наряду с политической лирикой М. Дулатов переводил на казахский язык произведения А.С.Пушкина, М.Ю.Лермонтова, Ф.Шиллера, Г.Тукая. Помимо того, им написано несколько исследовательских статей о творчестве Абая, Ч. Валиханова, А. Байтурсынова, а также статьи о происхождении казахов и киргизов.

Писатель и журналист М. Дулатов оставил ценные мысли по вопросам эстетического воспитания молодежи. Его литературное наследие и сегодня не потеряло своего воспитательного воздействия на всестороннее гражданское формирование молодежи.

Литература

[1.] Миржакип Дулатов .-<http://people.archive.ru/character/mirzhakip-dulatov>

[2.] Нурлан Салтаев 30.05.2015, 05:46 Миржакып Дулатов.-
<https://yvision.kz/authors?position=top>

[3] <http://school.ozin-ozu-tanu.kz/learn/show/id/80>.

[4.] Казахская интеллигенция начала XX века. Казахские депутаты в Государственной Думе.- <https://vikidalka.ru/1-11877.html>

[5.] Петиционное движение среди казахов.-
http://megamozg.kz/index.php?page=theory&theme=peticionnoe_dvizhenie_sredi_kazahov

[6.] Поэт, писатель, журналист. - <http://teacher.ozin-ozu-tanu.kz/portfolio/show/id/87>

Жыраулар поэзиясы – дарынды сөз жүйесі

А.Қ.Қалниязова
*Абай ат.Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Достық пр. 13, Алматы, Қазақстан.
«Филология» мамандығының докторанты
(e-mail aika_asirjan@mail.ru)*

Аңдатпа

Жыраулар поэзиясы – дарынды сөз жүйесі

Мақалада жыраулар поэзиясының көркемділігі, бейнелілігі, дарынды сөз жүйесі туралы айтылады. Халық мұңын, зарын жеткізу мақсатында немесе халық рухын, еңсесін көтеру мақсатында жыраулар әрдайым халық жанына жақын жырларын төге білді. Жыраулар поэзиясының құдіреті – көркем бейнелілігінде, ырғақтылығында, саздылығында. Жыр-толғауларынан қоғамның шынайы болмысын, тұрмысын көреміз. Айтушының толғауында келелі мәселелерді қарапайым тілмен жеткізсе, тыңдарман ден қойып тыңдауы екіталай, сондықтан толғауды үйлесімділікпен, көркем бейнелі тілмен жеткізе білді.

Кілт сөздер: жыраулар поэзиясы, толғау, ырғақ, үйлесімділік, көрнекі лебіз.

Abstract

Poetry of zhyrau - a gifted word system

The article tells about the beauty of the poetry of poetry, figurative, talented word system. In order to relieve the people's sorrow, or the spirit of the nation, the horses

have always been close to the people. The power of the poetry of poetry - in its artistic image, rhythm, clay. From the trickery we see the true nature of society. The speaker is unlikely to listen to the questions in the simplest way, so the audience is able to communicate in harmony, in a figurative way.

Keywords: poetry of Zhyrau, poetry, rhythm, harmony, visual response

Аннотация

Поэзия сказителей (жырауов) - последовательность таланта

В статье рассматривается системная последовательность таланта жырауов сказителей, о красочности и образности их творчества. Жырау всегда были едины с народом, главные цели творчества были направлены на поднятия боевого духа народа в трудные времена. Величие поэзии жырауов это в изяществе образов, в ритмичности, в мелодичности. В творчестве сказителей жырауов истинный облик быта общества того времени.

Ключевые слова: поэзия жырау, ритм, гармония, художественное слово

Қазақ халқының өнері мен мәдениетін бағалауда жыраулар поэзиясының алар орны ерекше. Жалпы поэзия бастауы халық ауыз әдебиеті үлгілерінен басталады. Сондықтан жыраулар поэзиясы – қазақ жазба әдебиетінің бастауы. Қазақ халқы XV ғасырда басталған түрлі қиын-қыстау кезеңдерді өткерсе де, жақсылықтан үміттерін үзбеді, ер азаматтардан, батырлардан, халықпен етене жақын, әрі өзін хан-сұлтандармен де тең ұстайтын жауынгер, өр рухты жыраулардан үлкен үміт күтті. Қазақ жерінде, ұлы сайын даламызда орын алған жағдайлар мен халық түсінігіндегі ұғымдарымыз, салт-санамыз, дәстүрлер көрінісі жыраулардың жыр-толғауларында кең орын алып, ауыздан-ауызға кең тарап, түпкілікті жоғалмауына сеп болды. Міне, осы кезеңнен бастап-ақ қазақ халқы талай жайттарды бастан кешірсе де, әдеби мұраларымызды сақтап, кейінгі ұрпаққа, бүгінгі күнге жеткізуі қазақ жазба әдебиетінің өркендеп, кеңге құлаш жайылуы деуге болады. «Халықтың музыкамен байланысты салт-санасын, идеологиясын зерттеген уақытта алдымен ескеріп өтетін нәрсеміз – сол музыканың өзінің шыққан ортасы. Әуелде музыканы қандай жағдай керек қылған, бұл қандай қызмет атқарған, әуелден осы күнгі болса, қоғам қажеті сияқты көңіл көтеру, сауық көтеру ісі болған ба? Болса, қоғам қажеті үшін жұмсалған ба? Осыны ашып айту қажет» [1. 279 б.], - деп көрнекті ғалым Қ.Жұбановтың музыканы зерттеуде кез келген мәселенің басын ашып алу қажеттігін айтады. Қазақ халқының өмірі, әрине ән, музыка, жыр, толғаумен тығыз байланысты. Музыканың барлығы көңіл көтеруден тұрмайтындығын сол кезең көрінісінен сөзсіз білеміз. Сондықтан жыраулар поэзиясының ерекшелігі шынайы өмір көрінісінде берілуінде жатыр. Жыраулар поэзиясының халық ойынан шығуы, халық жадынан кетпеуі, тамсанып жырлануы – сол қоғам көріністерін шынайы бере білуінде. Поэзия түп төркінін зерттеу барысында байқағанымыз, жыраулардың толғау айту алдында белгілі бір жағдайды, кезеңді өткергеннен кейін барып, жүрекке дәл тиетін прагматикасы күшті сөзін, жыр-толғауын айта білді. Сол қоғамдағы

тыңдаушы мен айтушы арасындағы тығыз байланыс жасалуынан көңілге қонымды, ұйқасымды, мағыналы жыр-толғау халықтан халыққа ауызша таралды.

Жалпы поэзия тіліне тоқталмас бұрын, өлең дегеніміз не? Соны анықтап алсақ, өлең – шағын көлемді поэзиялық шығарма. Ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен, шумағы мен бунағы белгілі бір тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі [2.248 б.]. Анықтамада көрсетілгендей өлең өзіне тән әдемі ырғақты, жалынды, рухты, тәрбиелі, мағынасы бар сөздер тізбегінен құралады. Өлең адамның эстетикалық талғамын, сезімін оятып қана қоймай, жазылған жанрына қарай айналасына түрлі әсер береді. Өлеңде сөз, сөз тіркесі, сөйлем түрінде берілгенімен, автордың айтпақ ойы өзіне тән құрылымы мен ой жүйесіне қарай өлшемді, көркем жеткізіледі. Қолданыс барысында әрбір сөз, сөз тіркесінен ішкі байланысын, жүйелі ойын, сөздің қуатты күшін көреміз. Әрбір өлең жолдарында көркем ойлы, ой сезімді, сезім түрлі күйде, тыңдаушы құлағына әсерлі болатынын білеміз. Ғалым Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде «...өлең сөйлемдерінің құрылысы қара сөздердің сөйлем құрылыстарынан басқаша. Өлең сөйлемдерінің буын, бунақтарын алсақ, белгілі бір тәртіпке бағынатынын көреміз» [3.151-б.] деп көрсетеді. Өлең, өлең құрылысының белгілі бір тәртіппен құрылатынын көреміз. Өлең біріншіден, ырғақты болса, өлең жолдарындағы сөз, сөз тіркесі, сөйлем құлаққа жағымды, көңілге қонымды және әуезділігі ерекше болады. Екіншіден, өлең жолдары ұйқасты болуы керек. Өлең ырғаққа негізделіп, ұйқастылығын жоймай, синтаксистік аяқталған бір немесе бірнеше ой ұшқынын білдіретін шумақ, шумақтағы буын, бунақтары орынды қолданылғанда ғана өлең болып табылады. Өлең тілі лексикалық жақтан қарастырсақ, әр сөздің дәлдігін, логикалық тұрғыдан ұғым мазмұнын ашады. Жыраулар поэзиясы сөз мағыналарын тура және ауыспалы мағынасында орынды қолдануымен ерекшеленеді. Яғни өлең жолдарында сөз, сөз-сөз тіркесі, сөз-сөйлемді дұрыс қолдану үшін жекелеген сөздердің мағынасын нақты біледі, орынды қолданады. «...көп елдердің тарихын алсақ, прозаның да, драманың да жұмысын көп ғасырлар бойы өлең – поэзия – атқарып келген. Көркем әдебиет дегенде тек поэзияны ғана атауға болатын дәуірді де көркем әдебиет бастан кешірді. Өйткені проза, драмалар одан анағұрлым кеш туды» [3], -деп ғалым Қажым Жұмалиев өлеңнің әлеуметтік рөліне тоқталады. Қазақ поэзия тілі – ертегі, аңыздар, жыр-дастандардан бастау алады. Ал жыр-толғауларды жыраулар халық мұңын, зарын жеткізу мақсатында немесе халық рухын, еңсесін көтеру мақсатында мұңлы, зарлы, екпінді жырларын төге білді. «Толғау» сөзінің түбірі «толға. Мұндағы «ға» жұрнақ таза түбірі «тол». Осы түбірден барып «толқын» сөзі жасалған. Түрікпендерде толқынды «толға» дейді. Бұл сөз әрі толқынның ырғағы мен байланысты болса, екінші жағынан сумен байланысты екенін көреміз» [1.284-бетте], - деп толғаудың шығу ерекшелігін атап өтеді. Жыраулар толғауы ырғақты, сазды, үйлесімді болып келгендіктен, тыңдаушы зейін қойып тыңдайды. Поэзияның құдіреті – ырғақтылығында, саздылығында. Қай толғауды алып қарасақ та, қоғамның шынайы болмысын, тұрмысын

көреміз. «Жырды қырғыздар осы күнге дейін «ыр» деп атайды. «Дола», қазақшалап айтқанда «толғау» деген сөз. Түріктер **жырламақ, толғамак**, дегенді «**доламақ**» дейді [1. 277 б.], - деп ғалым Қ.Жұбанов күй туралы зерттеуінде толғау сөзіне нақты анықтамасын береді Толғау - ішкі сезімнен жарып шыққан сөз түрі. Айтушының толғауында келелі мәселелерді қарапайым тілмен жеткізсе, тындарман ден қойып тыңдауы екіталай, сондықтан толғауды үйлесімді, сазды, көркем жеткізуге тырысқан. Сөйлеу тілі құлаққа қай кезде жағымды болатынын ғалым-зерттеуші А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» атап өтеді. Біріншісі, сөйлемдер дұрыс жасалғанда, өрнекті сөйлемдердің кестелері келісті жасалғанда; екінші, өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс келгенде деп жекелеп көрсетеді [3.179-б.].

Ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөйлеуді негіз түріне қарай айыру қажет болған орында жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау-толғау дейміз»[4.], - дей келе сөйлеуді, жырлауды, толғауды бөліп көрсетеді. Жалаң лебізді сөздерді қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қойлайлылығын айтады. Сонда ақын-жыраулардың жыр-толғауларын көрнекі лебізді дей отырып, оны тағы ғалымның айтуымен дарынды сөз деп атауымызға болады.

Мысалы, Қазтуған жыраудың мадақ жырын алсақ:

*Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,*

Сөйлесе қызыл тілдің шешені [5],- деп жырлауында айқын пафосты түрде жырлағанын көреміз. Сол сияқты

*Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас,
Ер қарауыл қарар деп,*

Алыстан қара шалар, - биік көк сеңгір, қарға ұшырмас, қара шалар секілді сөз тіркестері көрнекі лебізбен беріліп тұр.

Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар» атты толғауында [5]

*Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес...*

Бетегелі Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес, - деп ерлерге күш, рух беруде ешқашан өкінуге болмайтын атап өтеді. Осы жыр жолдарынан өлеңді сөйлемдерге, оның ішінде мәнді өлеңге жатқызамыз. Мәнді өлең ерекшелігі сөзі түсінікті, мағыналы, тыңдаушыға әсерлі болып тұр.

Шалкиіз жыраудың «Алаштан байтақ озбаса» [5] толғауында:

*Алаштан байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!*

Күлікке тастай болып тимесе,

Үстіме көбе сайлап кимен-ді, - деуінен естілгенде құлаққа жағымдылығын байқаймыз. Және мәнді сөйлемді, яғни мәні мол ажарлы өлең жолдарын көруге болады.

Сондай-ақ Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауында» [5] :

Аспанды бұлт құрсайды –

Күн жауарға ұқсайды,

Көлдерде қулар шулайды –

Көкшіліден ол айуан

Соққы жегенге ұқсайды, - деген жолдарынан синтаксистік бір ойды білдіріп тұр. Ой бірінен соң бірі жалғасын тауып, табиғаттың ерекше құбылысын әуезділікпен береді. Немесе:

Көп ішінде бір жалғыз

Көп мұңайып жылайды –

Күйбеңдескен көп жаман

Сөз тигенге ұқсайды! – деп нақты, мағыналы ойды екпінді түрде ұйқасымдылықпен береді. Жорға жүрісіндей өнді ырғақты, ырғақты жорғақты (өлеңнің жорғағын) байқауымызға болады. Жыраулардың жыр-толғауларындағы бір ойды білдіретін сөйлемдер – көркем, жинақы, ойлы-мағыналы болып кездеседі.

Шалкиіз жыраудың «Жақсының жақсылығы» [5] атты жырында:

Жақсының жақсылығы сол болар

Жаманмен бас қосып,

Сөйлемекке ар етер;

Жаманның жамандығы сол болар,

Сөйлесе дәйім бетін қара етер, -

Немесе:

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер, - деуінен тұтас бір ойды білдіретін көрнекі лебізді сөйлемді немесе дарынды сөз ерекшелігі байқалады. Заттанған сын есім өлең жолдарына мағына беріп, мағыналы сөйлем – өлеңді сөйлем болып көрініс беріп тұр. Жыраулардың жыр-толғауларындағы әр өлең жолы – өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс келгендіктен сөйлеу тілі құлаққа жағымды келеді.

Жыраулардың жырлары, толғаулары тілі, сөзі, сөз тіркесі, сөйлемді өлең жолдары көркем, лебізді, әуезді ғана емес, айтушы тарапынан берілген ой да көркем, бейнелі, лебізді, әуезді болып табылады. Жыраулардың әр толғауы тыңдаушыға мағыналы ой, ойлы-сезім, жігерлі куш, рух, шабыт береді. Сондықтан жыраулар поэзиясын, өлең құрылысын ішкері талдау барысында байқағанымыз:

- өлең құрылысы әуезділікке (сөз әуезділігіне және сөйлеу әуезділігіне) сай,
- ырғақты (сөз ырғағы және өлең ырғағы , буын ырғағы),
- айшықты өлеңге (кестелі өлең) сәйкес,
- шумағы ретті,

- тармағы бунақты,
- бунағы келісімді буынды болып келеді.

Жыраулардың айтары сонда ғана тыңдаушысына ұғынықты, естір құлаққа жыр-толғаулары ағынды, әсерлі болатынын байқаймыз. Жыраулар жыр-толғауларының ерекшелігі - өмір шындығын беруде, мағыналы, ойлы, эмоциялы-экспрессивті әсерлілік беруінде. Поэзия тілі, оның ішінде жыраулар поэзиясында ой да көркем, мағына да бейнелі болып келеді. Өмір шындығын асқан ойшылдықпен, ерекше сезімталдықпен жыраулар шебер бейнелеп көрсетеді.

Қазақ халқы дүниетаным көзқарасын көркем бейнелі тілмен беруімен жыраулар поэзиясы ерекшеленеді. Жыраулар поэзиясы көркем бейнелілігімен, көрнектілігімен, поэзия тіліндегі оралымдылығымен, түйдекті ойларымен, прагматикасы қуатты сөздерімен ерекшеленеді. Ғалым А.Байтұрсынұлы атап өткен көрнекі лебізді сөздер - дарынды сөз деп беруі өте орынды. Соған сай көрнекі лебізді сөздер – дарынды сөз иелері жыраулар болғанын, жыраулардың айтар ойы, сөзі дарынды сөз болғанын біле түсеміз. Жыраулар шығармаларындағы көркем ой - сезімді жеткізудің, айтылған сөз – көрнекі лебізді, көрнекі лебізбен берілген сөз - дарынды сөз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608б.
2. Қабдолов З.Сөз өнері. Алматы: Санат, 2002.- 360 б.
3. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, Мектеп баспасы, -244б
4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
5. Ай, заман-ай, заман-ай...(Бес ғасыр жырлайды). Алматы, 1991. -Т. 1. - 384 б.